

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК



"Бекітемін"
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

Минаева Н.Т.

0701000 – «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлаудың техникасы мен технологиясы»

мамандықтарына арналған
«Экономика және геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастырудың негіздері»
пәні бойынша
Базалық (тірек) конспектсі

Оқытушымен дайындады:
Турысбекова Г.У.
Әлеуметтік-экономикалық пәндердің ПЦК отырысында қаралды
« 4 » _____ 2015 ж.
№ 4 — хаттама
ПЦК төрағасы
Жумадилов Б.Ш. 
ҚОЛЫ

Семей қ.

Мазмұны.

Кіріспе	6
1 бөлім. Қазіргі нарықтық экономика: негіздері, қызмет ету принциптері мен құрылымы	6
1.1 Ел экономикасының қазіргі жағдайы	6
1.2 Нарықтық экономиканың негіздері. Нарық заңдары. Экономикалық реформаның негізгі бағыттары	9
2 бөлім. Өнеркәсіп пен сала экономикасының негіздері	12
2.1 Елдің өндіргіш күштерінің дамуындағы минералды шикізаттың ролі	12
2.2 Жер қойнауын пайдаланудың экономикалық және құқықтық негіздері. Геологиялық барлау саласының сипаттамасы	16
3 бөлім. Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорын және кәсіпкерлік	21
3.1 Кәсіпкерлік – нарықтық экономикадағы іс-әрекеттің негізгі түрі	21
3.2 Кәсіпорын – экономиканың негізгі буыны. Кәсіпорындардың формалары	25
3.3 Геологиялық кәсіпорындардың негізгі қорлары	28
3.4 Геологиялық кәсіпорындардың айналыс құралдары	35
3.5 Өнімнің және геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны	38
3.6 Нарықтық экономика жағдайындағы бағаның түзілуі	41
3.7 Геологиялық кәсіпорындардың пайдасы мен рентабельділігі	45
4 бөлім. Нарықтық экономика жағдайында геологиялық кәсіпорынды басқару	47
4.1 Менеджмент – өндіріс тиімділігінің факторы ретінде	47
4.2 Тауарлар нарығындағы кәсіпорынның әрекеті. Маркетинг	52
4.3 Геологиялық барлау жұмыстарындағы еңбек ресурстары	56
4.4 Еңбек өнімділігі – өндіріс тиімділігінің көрсеткіші	58
4.5 Еңбек төлемін ұйымдастыру – өндірісті басқарудың қызметі	61
4.6 Негізгі және қосалқы өндірісті ұйымдастыру - өндірісті басқарудың қызметі	64
4.7 Еңбекті мөлшерлеу – нарықтық экономикада өндірісті басқарудың қызметі ретінде	70
4.8 Еңбекті ғылыми ұйымдастыру – менеджменттің элементі ретінде	74
5 бөлім. Жоспарлау және жобалау – басқарудың қызметтері	80
5.1 Техникалық-экономикалық жоспарлау	80
5.2 Геологиялық барлау жұмыстарын жобалау және олардың өндірісіне кететін шығындардың сметасы	82
6 бөлім. Кәсіпорындардың қаржылары және несие	88
6.1 Қаржы және несие негіздері. Геологиялық кәсіпорындардың қаржылары, олардың мемлекетпен, банктермен қатынасы	88
7 бөлім. Геологиялық кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық әрекетін есепке алу және талдау	91
7.1 Кәсіпорындардың шаруашылық әрекетінің есебі мен статистикасы	91
7.2 Кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық әрекетін талдау	95
8 бөлім. Экономикалық өсім және геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі	98
8.1 Ғылыми-техникалық өрлеу – экономикалық өсімнің көзі ретінде	98
8.2 Күрделі қаржылардың және геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі	101
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	103

Кіріспе.

Бұл базалық (тірек) конспектісі геологиялық мамандықтар бойынша білім алатын, орта арнайы оқу орындарында білім алушыларға арналған «Экономика және геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастырудың негіздері» оқу пәнінің үлгілік бағдарламасына сәйкес жасалды. Мұнда минералды шикізат экономикасының, геологиялық барлау жұмыстары экономикасының, ұйымдастырудың, басқару мен жоспарлаудың негізгі мәселелері баяндалған. Менеджмент пен маркетингтің теориялық негіздері және геологиялық барлау өндірісіндегі олардың көрініс ерекшеліктері ашылған. Қазіргі жағдайларда еңбекті мөлшерлеудің, ұйымдастыру мен төлемнің мәселелерін қарастыру айтарлықтай орын алады. Геологиялық барлауға қатысты кәсіпкерліктің негіздері, қызметтері мен ерекшеліктері ашылған. Геологиялық барлау өндірісін ұйымдастыру мен жоспарлаудың теориялық негіздері мен әдістемелік принциптері баяндалған, соның ішінде геологиялық барлау жұмыстарын бизнес-жоспарлауға және жоабалуға ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі кәсіпорынды қаржыландыру мен несиелеу, есебі мен статистикасы мәселелеріне назар аударылған. Жер қойнауын пайдаланудың экономикалық және құқықтық негіздері, соның ішінде жер қойнаулары туралы Заңның, Қазақстан Республикасындағы Еңбек және Салық кодекстерінің негізгі қағидалары қарастырылған.

1 БӨЛІМ.

Қазіргі нарықтық экономика: негіздері, қызмет ету принциптері мен құрылымы.

Тақырып 1.1: Ел экономикасының қазіргі жағдайы.

Жоспар:

- 1. Индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары.*
- 2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.*

Басты тезистер.

1. Экономиканы диверсификациялауға бағытталған, Қазақстанның жедел экономикалық және әлеуметтік өрлеуінің бағдарламасы ретінде Индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары:

а) шикізатсыз секторларда ел экономикасының арнайы бағытқа салынуын қамтамасыз ететін, нарық сегменттеріндегі кластерлерді дамыту:

- туризм;
- мұнайгазды машина жасау;
- азық-түлік және тоқыма өнеркәсібі;
- көлік-логистикалық қызметтер;
- металлургия;
- құрылыс материалдарының өнеркәсібі;

б) шағын және орта бизнестің дамуы;

в) аграрлық мәселелерді шешу;

г) ХХІ ғасырдағы білім беру мен кәсіби дайындық.

2. Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына Қазақстанның ену стратегиясының негізгі басымдықтары:

а) **1-ші басымдық:** *Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға нәтижелі ықпалдасуы;*

б) **2-ші басымдық:** *Қазақстанның экономикасын бұдан ары модернизациялау және диверсификациялау;*

в) **3-ші басымдық:** *Халықтың «осал» топтарын қорғайтын, осы заманғы әлеуметтік саясат;*

г) **4-ші басымдық:** *қазіргі білім берудің дамуы, білікті кадрлардың үздіксіз артуы.*

3. Қазақстан азаматтарының тұрмысын арттыру – мемлекеттік саясаттың мақсаты:

- а) өндіруші секторды дамыту, экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету;
- б) жаңа ұшжылдық бюджет және оның негізгі қағидалары:
 - зейнетақы мөлшерінің артуы (2009 ж. 25% және 2012 ж. қарай 2,5 есе);
 - мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерінің артуы;
 - 2010 – 2011 жж. бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы мөлшерінің артуы;
 - бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақы мөлшерінің артуы;
- в) білім берудің сапалы қызметтерін көрсету:
 - 2010 ж. қарай білім берудің тиімді инфрақұрылымын құру;
 - кәсіптік-техникалық білім беруді ары қарай дамыту;
 - «Тілдердің үштік бірлігі» мәдени жобасын жүзеге асыру;
- г) Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын өзгерту – Қазақстан азаматтарына үшін тұрғын үйдің қол жетімділігі мен сапасын арттыру.

§2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

Өз жолдауында Ел басы, Қазақстандық жолдың жаңа кезеңі – бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру екендігін атап өтті. Бұл қазіргі дүние жүзінде әлеуметтік-экономикалық модернизацияның басты сауалы. Бұл - Қазақстанның алдағы он жылдықта дамуының басты бағыты.

- Қазақстандықтар – біртұтас, кемелденген және мықты халық. Алайда біз қауіп-қатерге толы қиын кезеңде өмір сүрудеміз. Біздің міндетіміз – бұндай сынаққа экономиканы дайындау, оның диверсификациясын жалғастыру, - деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Президент, Қазақстанға он бағыт бойынша міндеттер кешенін жүзеге асыру қажеттілігін, ерекше атап өтті.

Бірінші. Қазақстандықтардың жұмыспен қамтылуы. Бұл - оқытудың тиімді жүйесін жасау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, ауылды жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға көмек көрсету, еңбек ресурстарының жылдамдығын жоғарлату, Қазақстанның экономикалық белсенді орталықтарында жұмысқа басым орналастыру.

Екінші. Арзан пәтер үйлер. Қазақстанда жыл сайын жаңа тұрғын үйлердің 6 миллион шаршы метрі қабылданатын болады. Бірінші кезекте, жарты миллионға жуық жас отбасыларын пәтермен қамтамасыз ету мәселесін шешу аса маңызды. Бұл тапсырманы шешу үшін 1 миллион шаршы метрге дейінгі жалдамалы тұрғын үй алаңдарын пайдалануға алу қажет.

Үшінші. Аймақтық дамыту. Қуатты Қазақстан – бұл, ең алдымен, қуатты аймақтар. Экономикалық дамудың болашағы бар ареалдарында бірінші кезекте, жаңа зауыттар салыну керек, индустриялық жұмыс орындары, әлеуметтік инфрақұрылым жасалу керек. Жеке мәселе – кіші қалалардың дамуы.

- Жаңаөзендегі жан түршігерлік оқиға, бұдай моноқалалар әлеуметтік қауіп-қатерге ұшырауға жақын екендігін көрсетті. Мемлекет Жаңаөзенде төтенше жағдай режимін енгізуге, жағдайды тұрақтандыру үшін кешенді шаралар қолдануға мәжбүр болды. Қазір жағдай қалыпты арнаға түсті. Мәжіліс сайлауында басым көпшілікпен «Нұр Отан» партиясына дауыс беріп, мемлекет саясатын толығымен қолдайтындықтарын көрсетті. Мен Жаңаөзендегі төтенше жағдай режимін ұзартпау туралы шешім қабылдадым, - деді Президент.

Төртінші. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жоғарлату. Электронды үкімет, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын жоғарлату.

Бесінші. Кадрлық әлеуетті жақсарту. Басты міндет – Қазақстанды ХХІ ғасырда лайықты басқара алатын жаңа басқару элитасын құрайтын кеңсе қызметкерлерінің білікті саяси тобын даярлау.

Алтыншы. Сот және құқық қорғау жүйелерінің модернизациясы. Соттық корпусының құрылу ретін толығымен қайта қарау қажет. Басты мәселе – құқық қорғау және арнайы мекемелердің сапалы кадрлық жаңарту.

Жетінші. Қазақстанда адамдық капиталдың сапалы өсуі. Бұл, ең алдымен, білім беру және денсаулықты сақтау. Оқыту үрдісіне қазіргі әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогикалық құрамның сапасын жоғарлату, біліктілікті растаудың тәуелсіз жүйесін құру, жастарға білім алудың қол жетімділігін кеңейту қажет.

Сегізінші. Зейнеткерлік жүйені жетілдіру. Өкіметке Ұлттық Банкпен бірлесе отырып зейнеткерлік жүйені жетілдіру бойынша ұсыныстарды іске асыру қажет.

Тоғызыншы. Индустриялық-инновациялық жобалар. Индустриялық-инновациялық даму шегіндегі жобалардың әлеуметтік мәні абсолютті. Бұл бағдарлама экономиканы жетілдірудің басты бағыты болып қала бермек. Индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамытудың бірқатар жаңа жобалары анықталды, олардың ішінде Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілері, Атыру МӨЗ (Мұнайды өңдеу зауыты) мұнайды терең өңдеудің кешені, Қарағанды кен орындарындағы газ өңдеу зауыты, мемлекеттің орталық аймақтарын, астана мен басқа да аймақтарды газбен қамтамасыз ететін құбыр өткізу жүйесі.

Оныншы. Ауыл шаруашылығын дамыту. Делдалдарсыз бөлшек сауданы мемлекеттік қолдаудың механизмдері енгізілетін болады, бірыңғай дәнді-дақылдар холдингі жасалады, аграрлы өндіріске жеке инвестициялардың қауіп-қатерін төмендету үшін қарыздарға кепілдік беру мен сақтандырудың мемлекеттік жүйесі жасалатын болады.

- Әлеуметтік модернизация – бұл Жаңа Парламент пен Өкіметтің, Қазақстанның қалған барлық күштерінің – партиялар, қоғамдық бірлестіктер, шығармашылық және кәсіптік одақтар, бұқаралық ақпарат құралдары, еліміздің барлық патриоттары қызметінің басты мәселесі. Біз барлық күштерді Отан игілігі үшін біріктіруіміз керек. Барлық қазақстандықтарды барлық көрсетілген міндеттер бойынша жұмыстарға белсенді түрде қатысуға шақырамын! – деді Ел басы.

Тақырып 1.2: *Нарықтық экономиканың негіздері. Нарық заңдары. Экономикалық реформаның негізгі бағыттары.*

Жоспар:

1. *Экономиканың негізгі мәселелері және оны шешудің негізгі тәсілдері.*
2. *Қазіргі экономиканың жойылмас қарама-қайшылықтары және нарықтық экономика принциптері.*
3. *Қазақстандағы экономикалық реформаның негізгі бағыттары.*

Қазіргі экономика – бұл экономикалық тәуелсіздік құқығы және коммерциялық жетістіктің мүмкіндігі.

Қазіргі экономика – бұл өздерінің материалдық саулығын өз күшімен құруға дайын, әуелсіз және экономикалық дербестікке ұмтылатын адамдардың қауымдастығы. Дәл осындай адам болу ұмтылысынан өркениетті тиімді нарықтық экономикаға көшу басталады.

Қазіргі экономиканың іргелі мәселесі – *қазіргі нарықтық шаруашылық үрдістерді реттеудің тиімді механизмін іздеу (мемлекеттің ролі, оның араласу дәрежесі, өндірушілер мен тұтынушылар еркіндігінің дәрежесі).*

Соңғы уақытқа дейін экономикалық теорияда және тәжірибеде бұл мәселені шешудің қарама-қайшы тәсілдері өзара күресті.

Бірінші тәсіл «классикалық» деген атауға ие болды. Оның мәні – шаруашылық әрекеттің әр субъектісіне шексіз экономикалық еркіндік беру мүмкіндігі. Алайда тәжірибе «классикалық» тәсілдің мүмкін еместігін көрсетті, өйткені мұндай экономикалық ұйымға қайта өндірістің дағдарыстары мен әлеуметтік антагонизмдер объективті түрде тән.

Екінші қарама-қарсы «әлеуметтік» тәсіл – оның мәні шаруашылық әрекет субъектілерінің әрекеті қатаң директивті регламентацияға бағынатындығында жатыр (не өндіру, қашан, қанша, кім үшін, қандай ресурстардан, сату бағасы және т.с.с.). Бұл қатаң бақылауды, экономикадан тыс мәжбүрлеу құқығына ие, мемлекет жүзеге асырады. Әрине,

өндірісті директивті ұйымдастыру, өндірушілердің экономикалық дербестігінсіз мүмкін емес, нарықты жоққа шығарады.

Мемлекеттің экономикаға араласуы керектігі бұрыннан белгілі және түрлі экономикалық концепциялармен қабылданған. Бірақ тек «кеңестік экономикада» бұл араласу тантыққа әкеліп соқты. Барлық жерде директивті жоспарлылық «мемлекеттік социализмнің» экономикалық үлгісі ретінде анықтала бастады. Қоғамдық өндірістің бұл формасының ұзақ болмауын тәжірибе көрсетті.

Тек қазіргі постиндустриалды қоғамда бұл мәселені «*аралас жүйе*» шектерінде тиімді шешуге болады. «Аралас жүйенің» мәнісі мынада: оның аясында өндірушінің *абсолютті* экономикалық дербестігі *салыстырмалыға*, ал мемлекеттің *директивті араласуы бағдарлаушы* жанама ықпалға ауысады. Аралас жүйе жүгенделген нарық сақталатын, «*әлеуметтік-реттелетін нарықтық экономиканы*» құруға мүмкіндік береді.

§2 Қазіргі экономиканың жойылмас қарама-қайшылықтары және нарықтық экономика принциптері.

Қазіргі нарықтық экономикаға жойылмас **кемшіліктер** тән:

- а) жалпы қажеттіліктерді қанағаттандырудың күрделілігі (білім беру, ғылым, жұмысқа қабілетсіздерді қолдау, денсаулық сақтау, экология);
- б) кірістердің әділсіз дифференциациясы;
- в) монополизм (таңдау мүмкіндігінің жоқтығына әкеледі).

Тәжірибеде мұндай экономиканы тиімді реттеу, ең алдымен, нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуы арқылы ғана мүмкін.

«*Жеке пайда*» - нарықтық экономика құрылған жалпы негіз. Алайда жеке пайдаға қол жеткізу келесі міндетті шарттарды талап етеді:

1. әрбір шаруашылық субъектісі (соның ішінде қарапайым адам) таңдау мүмкіндігіне ие:
 - капиталды қолдану салалары;
 - бәсекенің формалары;
 - ұсыныс молдылығынан таңдау
2. нарықтық экономикада көбірек индивидтер өздерінің жеке пайдасына жететіндей, олардың көбі таңдау мүмкіндігіне ие болу керек;
3. әр индивид, ең алдымен өзінің соңғы таңдауын жасауға тиіс, нәтижеге жету үшін мүмкін пайда мен шығындарды сұрап және салыстырып, көптеген мүмкіндіктерді бағалайды.

Сондықтан пайдаға жетудің әр таңдауы **тиімді** жасалу керек.

Қазіргі нарықтық экономика ерекше әлеуметтік, экономикалық, саяси, нарықтық **принциптердің** тұтас жүйесін қалыптастырды:

1. адамның жеке бостандығының негізі, оның шығармашылық әлеуетін ашудың шарты *тұлғаның өзін-өзі экономикалық анықтауы*, яғни өмірін дербес жақсарту құқығы болып табылады;
2. *жылжитын және жылжымайтын мүліктің барлық түрлерінің меншік иесі болу құқығы*. Мұндай меншік иелерінің саны артқан сайын, қоғамдағы әлеуметтік жағдай соншалықты тұрақты болады. Алайда, нарықтық экономика жағдайындағы меншік бай тірліктің кепілі емес, өз меншігін коммерциялық пайдалану нәтижелерінің мүлкітік жауапкершілігі екенін білу керек. Меншіктің барлық формалары мен түрлерін қорғауды, қолдау мен тең құқылығын қоғам кепілдендіргенде, меншік иесі болу құқығы мүмкін болды;
3. шаруашылық әрекетті жүргізуде нарықтық экономика *субъектілерінің экономикалық құқытарының теңдігі* – маңызды принцип. Мұндай тепе-теңдік қана нарықтық өндірістің көпсекторлығын, ашықтығын және еркін бәсекесін қамтамасыз етуі мүмкін;
4. *тауар өндірушінің экономикалық еркіндігі*, яғни өндіріс көлеміне, өнім ассортиментіне, сату көлеміне, бағаны белгілеуге, серіктестер таңдауға және т.с.с. қатысты мәселелерді дербес шешу құқығы;
5. *бағаның еркін түзілуі*, көбінесе сұраныс пен ұсыныстың қатынасымен анықталады. Бағаларды әкімшілік тағайындау ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, қорғаныс,

қорғаныс құрылымдары, экология сияқты экономиканың нарықтық емес секторларында ғана рұқсат етіледі;

- б) *еңбек, тауарлар мен капиталдар нарығының болуы*. Әсіресе тиімді жұмыспен қамтылуды және қоғамның жұмыс күшін үздіксіз қайта дайындауды қамтамасыз ететін, еңбек нарығы маңызды;
7. келесі басты бағыттар бойынша нарықтық экономиканы *міндетті мемлекеттік реттеу*:
 - а) өндірісті тұрақтандыру (салықтық және инвестициялық саясат);
 - б) ҒТӨ қаржыландыру (ғылыми-мақсатты бағдарламалардың саясаты);
 - в) әлеуметтік маңызы бар салалар дотациясы (инвестициялық саясат);
 - г) түрлі аймақтардың экономикалық даму деңгейлерін теңестіру (аймақтық экономикалық саясат);
 - д) бәсекені мемлекеттік қолдау (демонополизация саясаты);
 - е) ақша жүйесін тұрақтандыру және сауықтыру (қаржы және антиинфляциялық саясат);
 - ж) қоғамның шамадан тыс мүліктік бөлінуін жеңу (яғни кіріс саясаты);
8. *әлеуметтік қорғау жүйесі* – бұл нарықтық экономиканың шарасыз жағымсыз әлеуметтік салдарын әлсіретудің басты құралы.

Әлеуметтік қорғау жүйесі үш негізгі бағыттан тұрады:

- а) кірістерді салықтық қайта бөлу арқылы кәсіпкерлердің кірістерін реттеу;
- б) еңбек төлемінің міндетті негізі ретінде ең төмен жалақыны заңмен бекіту арқылы жалдамалы қызметкерлердің жалақысын кепілдендіру;
- в) жалақыны индексациялау арқылы халықтың тіршілік деңгейін қорғау.

Қазіргі экономика – бұл оның үш негізі: *«сұраныс»*, *«ұсыныс»* және *«баға»* арасындағы үздіксіз әрекеттестік.

§3 Қазақстандағы экономикалық реформаның негізгі бағыттары.

Қазақстан қысқа мерзімде экономиканың түбегейлі реформасын жүзеге асырды, нарықтық реформаларды жүргізді және тиісті заңнаманы құрды. Бүгінгі таңда Қазақстанның шынайы түрле әрекет ететін нарықтық экономикасы бар, онда экономикалық өсімнің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін игеру болып табылады. Шикізат секторының кірістері негізінде Қазақстан тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге, қолайсыз сыртқы факторларға тәуелділікті азайту үшін Ұлттық қорды құрды (2009 жылға қарай онда шамамен 47 млрд. америка доллары шоғырланды). Қазақстан ашық сыртқы сауда саясатын біртіндеп жүргізеді, шетел инвесторлары бүгін Қазақстанның тұрақтылықты кепілдендіретін және өзара пайдалы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін, сенімді серіктес екендігін біледі.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасында экономиканы дифференциациялауға бағытталған, индустриалды-инновациялық стратегиясы қабылданды. Бұл болашақ бағдарламасы. Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың экономикалық әлеуетіне ие, басым салалары бар бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісі құрылатын болады. Бұл стратегияны жүзеге ашыру үшін, *туризм, мұнайгазды машина жасау, азық-түлік және тоқыма өнеркәсібі, көліктік-логистикалық қызметтер, металлургия және құрылыс материалдары* сияқты нарық сегменттерінде қазақстандық кластерлердің жүйесін дамыту басталды. Олар шикізатсыз салалардағы ел экономикасының ұзақ мерзімді мамандануын анықтайды.

Қазақстанда Әлеуметтік реформаларды тереңдету бағдарламаларын біртіндеп жүзеге асыруды жүргізеді, оның аясында зейнетақылардың, жәрдемақылардың, стипендиялардың, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысының мөлшері біртіндеп артып келеді, сонымен қатар ана мен баланы қолдау жетілдіріледі.

Елдегі аграрлық бизнесті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесі қалыптасқан. Жыл сайын ауылшаруашылық өндірісті дамытуға республикалық бюджеттен айтарлықтай ақша қаражаттары бөлінеді. ДСҰ алдағы ену отандық ауылшаруашылық өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне ерекше талаптар қояды. Бұдан ары аграрлық өндірісті индустриаландыру қажет. Білім беру мен кәсіби дайындық саласында болашақтың жоғары технологиялы және ғылыми өндірістеріне арналған кадрлық жиналу қалыптасады. Барлық деңгейлердегі

техникалық және кәсіптік білім дамиды, соның ішінде бүгінгі таңда қазақстандық жоо-ның басты міндеті дүниежүзілік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Қазақстан жоғары адамгершілік, этикалық стандарттар және рухани құндылықтар бағаланатын қоғамды құрады.

2 БӨЛІМ.

Өнеркәсіп пен сала экономикасының негіздері.

Тақырып 2.1: Елдің өндірістік күштерінің дамуындағы минералды шикізаттың рөлі.

Жоспар:

1. Табиғи ресурстар, минералды шикізат және пайдалы қазба кен орындары туралы түсінік.
2. Минералды шикізаттардың экономикалық топтары.
3. Пайдалы қазбаларға баға беру. Өндіріске және минералды шикізаттарға қойылатын талаптар.

§1. Табиғи ресурстар, минералды шикізат және пайдалы қазба кен орындары туралы түсінік.

Табиғи ресурстар деп өндірісте қолдануға жарамды заттардың табиғи күштерін атайды, олардың ішінде «сарқылмайтын» және «таусылатын» түрлерін ажыратады. Пайдалы қазбалар – табиғи ресурстардың аса маңызды бөлігі; бұл жер бедеріндегі табиғи минералды заттар, олар өндірістік күштердің айтарлықтай дамуында өндірістік қолдануға жарамды. Жер қойнауларынан алынғандар, олар минералды шикізаттарды білдіреді.

Пайдалы қазба кен орындары – бұл саны, сапасы және орналасу жағдайлары бойынша өндірістің барлық талаптарына жауап беретін және тауөндіру кәсіпорнының - кеніш, карьер, шахтаның минералды-шикізат базасы ретінде қызмет ете алатын жер белеріндегі минералды заттардың кеңістікте өздігінен жинақталуы.

Берілген мемлекет территорияларының жер қойнауларында табылған сол немесе басқа пайдалы қазбалардың қорлары оның белгілі-бір кезеңге минералды қорын білдіреді. Анықталған минералды қорлардың жиынтығы елдің минералды-шикізат базасын білдіреді.

Минералды шикізат – әр елдің маңызды байлық көзі; одан алынатын өнімдер адамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Минералды шикізат қара, түсті және бағалы металдарды қорыту үшін отын ретінде, құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығы мен т.с.с. арналған химикаттарды, тыңайтқыштарды жасау үшін қолданылуы мүмкін. Шикізат өңдеуші өнеркәсіптің барлық салаларын өндіру құралдарының негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Ол қандай да бір өнеркәсіптік кәсіпорынның дайын тауарлы өніміне немесе жартылай өнімдерге айнала отырып, еңбек заты ретінде өндірістік үрдістерге қатысады.

§2. Минералды шикізаттардың экономикалық топтары.

Өнеркәсіптің түрлі салаларында тұтынылатын шикізаттың түрлері сан алуан. Бастапқы жаралуы бойынша оларды екі негізгі топқа бөледі:

1. өнеркәсіпте өндірілетін және шығарылатын шикізат, яғни ауыр индустрия салалары тұтынатын өнеркәсіптік шикізат;
2. ауыл шаруашылығында шығарылатын және өндірілетін шикізат, яғни негізінен жеңіл және азық-түлік өнеркәсібінің салалары тұтынатын ауылшаруашылық шикізат.

Өндірістік міндеті бойынша өнеркәсіптік шикізат негізгі шикізатқа және қосалқы материалдарға бөлінеді. *Негізгі шикізат* (негізгі материалдар) дайын өнімнің материалдық негізі болып табылады (мысалы, қорғасын қорытуға арналған қорғасын кені, вольфрам және молибден концентраттарын өндіруге арналған вольфрамомолибден кені және т.с.с.). *Қосалқы материалдар* дайын өнімнің материалдық негізін ешқашан құрамайтындығымен негізгі шикізаттан ерекшеленеді. Олар өндірістік үрдіске түрліше қатысады: белгілі бір қасиеттер

бере отырып, негізгі шикізатқа қосылады (мысалы, флюстер, қоспалауыштар және т.с.с.), немесе еңбек құралдарының жұмысын қамтамасыз етеді (мысалы, отын, майлайтын майлар және басқалары), немесе өндіріс жағдайларын құрады (мысалы, өндірістік ғимараттарды жылыту мен жарықтандыруға арналған материалдар мен энергия).

Негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың басты айырмашылығы олардың материалдық құрамында емес, олардың дайын өнім өндірісіне қатысу сипатынан тұрады. Мысалы, мұнай отын ретінде қосалқы материал болып табылады, ал бензин өндірісінде ол шикізатқа айналады. Өнеркәсіптің қазіргі техникалық дамуында кейбір негізгі және қосалқы материалдардың арасындағы айырмашылық жойылады, әсіресе химиялық өндірістерде. Қосалқы материалдар өнеркәсіптің көптеген салалары үшін үлкен маңызға ие. Осылайша, түсті металлургияның бірқатар өндірістерінде (алюминийлі, никельді) қосалқы материалдарға кететін шығындар негізгі шикізатқа кететін шығындарға тең немесе артық.

Өнеркәсіптік шикізат табиғи жаратылысқа ие немесе жасанды жолмен алынады. Минералды шикізат, су, ауа және т.с.с. табиғи жаратылысқа ие. Жасанды шикізатқа минералды және органикалық шикізаттан алынатын, химиялық өнеркәсіптің түрлі өнімдері, мысалы, пластикалық массалар, синтетикалық отын және т.б. жатады. Өнеркәсіптік шикізаттың негізгі түрі минералды шикізат болып табылады. Ол қара және түсті металлургия өндірісінің, яғни машина жасау, электротехникалық өндірістің және ауыр өнеркәсіптің өзге салаларының негізі болып табылады.

Минералды шикізатқа көмірлерді, мұнайды, табиғи газдарды, тұздарды, кенді және кенсіз шикізатты жатқызады. Минералды шикізаттың айрықша белгісі оны жер қойнауларынан шығару болып табылады. Экономикалық категория ретіндегі минералды шикізаттың айрықша ерекшелігі, басқа түрлерге қарағанда, шығарылған минералды шикізаттың орны толмайды. Жер оның байлықтарын пайдалану шамасына қарай әлсіреуі мүмкін, алайда оның құнарлығы прогрессивті агротехника кезінде қалпына келтіріледі; ормандар кесілуі және қайте қалпына келтірілуі мүмкін. Жер қойнауларынан алынған минералды шикізаттың шоғырлары қалпына келтірілмейді. Бұл тұрғыда олар белгілі бір уақыт аралығынан кейін табиғи жолмен қалпына келетін, жағалау-теңіз және кейбір арналық шашылымдар, сонымен қатар жерасты сулары өзгеше.

Пайдалы қазбалар – бұл өндіргіш күшпер дамуының қазіргі деңгейінде өнеркәсіптік пайдалануға жарамды, жер қыртысындағы табиғи материалдық заттар. Олар жер қойнауларынан алынады, минералды шикізатты құрайды. Осылайша, *минералды шикізат* деп, халықшаруашылық маңызға ие, жер қойнауларынан өндірілген пайдалы қазбалар, ал *минералды ресурстар* деп, белгілі бір күнге елдің қарамағындағы, пайдал қазбалардың анықталған және барланған, сонымен қатар бағаланған болжамды ресурстары есептеледі.

Пайдалы қазбалардың арасында келесі негізгі топтарды ажыратады:

1. металды, олардан түрлі металдар алады;
2. металсыз, дайын минералды агрегат (тас тұс, гипс, тас құрылыс материалдары) ретінде немесе өнеркәсіпте қолданылатын белгілі бір минералдар немесе қоспалар өндірілетін, шикізат ретінде (флюорит, апатит, слюда) ретінде қолданылады;
3. каустобиолиттер (көмірлер, мұнай, жанғыш газдар, жанғыш тақтатастар).

Химиялық құрамына қарай қарапайым (монометалды) және әдетте бір немесе екі металл өнеркәсіптік маңызға ие, салыстырмалы қарапайым құрамды кендерді, құрамында өнеркәсіптік тәсілмен алынатын металдар және сирек элементтердің бірқатары бар, күрделі (полиметалл) кендерді ажыратады. Қарапайымдарға көптеген темір және марганец кендерін, кейбір мыс кендерін, көптеген алтын және қалайы кендерін жатқызады. Полиметалл кендердің тобына, құрамында көбінесе мыс, алтын, күміс, вольфраммолибден кендері, мыс-цинк кендері, мыс-никель кендері және т.б. енетін, қорғасын-цинк кендерінің көпшілігін жатқызады.

Металлургиялық өнеркәсіпте шикізатты бастапқы және екінші қатарлы деп бөлу үлкен маңызға ие. Бастапқыға жер қойнауынан алынатын металл шикізатты жатқызады, екінші қатарлы амортизациялық сынықтардан (тозған машиналардағы, жабдықтардағы, тұрмыс заттарындағы және т.б. қара және түсті металдар) және іріктелген металдан (қара және түсті металлургия қалдықтары, прокат, машина жасау және металл өңдеу қалдықтары) түзіледі.

Халық шаруашылығының барлық салаларының, ең алдымен ауыр өнеркәсіптің дамуының жоғары қарқыны, күшті техникалық өрлеу қолданысқа жаңа минералдар мен олардың қоспаларын енгізеді. Қазіргі уақытта Д.И.Менделеевтің Элементтердің периодты жүйесіндегі барлық дерлік элементтер қолданылады, минералды шикізаттың номенклатурасы 200 атауға дейін көбейді. Бұл жағдайда минералды шикізаттың есебін, жоспарлануы мен бөлінуін дұрыс ұйымдастыру үшін, негізгі белгі – салалық өнеркәсіптік тұтыну бойынша пайдалы қазбаларды топтау қажет:

1. отын-энергетикалық шикізат – мұнай, газ, көмір, уран кені;
2. қара, қоспалаушы және қатты қорытпалы металдардың кендері – темір, хром, титан, марганец, ванадий, кобальт, никель, вольфрам, молибден, ниобий, цирконий, тантал;
3. түсті металдардың кендері – мыс, қорғасын, цинк, алюминий, сынап, қалайы, висмут, литий, бериллий;
4. бағалы металдардың кендері – алтын, күміс, платиноидтар;
5. химиялық және агрономиялық шикізат – калий тұздары, фосфориттер, апатиттер, пириттер, бор, күкірт, қорытпалы шпат;
6. техникалық шикізат – алмастар, пьезокварц, асбест, графит, оптикалық флюорит, исланд шпаты, мусковит, флогопит;
7. флюстер мен отқа беріктер – кальцит (экгас), доломит, еріткіш шпат, магнезит, кварц және кварцит, отқа берік саздар;
8. керіш шикізаты;
9. су.

Пайдалы қазбалардың аталған топтары бойынша геологиялық тапсырмаларды бекітеді.

§3. Пайдалы қазбаларға баға беру. Өндіріске және минералды шикізаттарға қойылатын талаптар.

Өнеркәсіпті минералды шикізатпен қамтамасыз ету пайдалы қазбалардың қорларын дұрыс экономикалық бағалауды, олардың барлау мен игеру кезегін анықтауды талап етеді. Жер қойнауларында жатқан қорларды өнеркәсіптік игеруге жарамды және жарамсыз деп бөлу мүмкін емес. Жер қойнауында халық шаруашылығы үшін пайдасыз болуы мүмкін қазбалар жоқ. Барлығы пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу техниканың, технологиясының деңгейіне тәуелді. Техника өрлеуінің нәтижесінде, құрамында түсті металдар бар, минералдардың айтарлықтай бөлігі өнеркәсіптік еместер қатарынан өнеркәсіптілер қатарына көшті. Техниканың өрлеуі, өндірістің өсуі және шикізатқа деген қажеттіліктің тиісті өсуі өнеркәсіптік пайдалануға кедей кендерді және күрделі (кешенді) құрамды кендерді енгізеді. Қазіргі уақытта бұл кендер түсті және әсіресе сирек металдардың көптеген салаларының шикізаттық балансында басым болып келеді.

Уақыттың әр нақты сәтінде жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың шоғырлары пайдалы бола бастайды және халықшаруашылық мақсат талаптарын қанағаттандыру шартында өнеркәсіптік маңызға ие болады. Соның ішінде, кенді пайдалы қазбалар өнеркәсіптің таулы-өндіруші және өңдеуші салаларының талаптарына жауап беру керек. Бұл талаптар, ең алдымен, пайдалы қазбалардың кеңістікте оқшауланған мөлшері мен оның сапасына қатысты.

Пайдалы қазбаның мөлшері өндіруші және өңдеуші кәсіпорындардың ауқымын, яғни нақты көзді игеру есебінен бұл пайдалы қазбаға деген халық шаруашылығының қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін анықтайды. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ауқымымен бірге олардың құрылысына жұмсалатын күрделі қаржылар анықталады. Пайдалы қазбаның сапасы ең алдымен құрамындағы пайдалы компоненттердің мөлшерімен, сонымен қатар оның минералды және химиялық құрамдарымен, физикалық қасиеттерімен, зиянды қоспалардың болуымен, бітімдік және өзге ерекшеліктерімен сипатталады, олар бірлесіп, пайдалы қазбаның технологиялық қасиеттерін және оның өнеркәсіптік пайдаланудың мүмкіндігін анықтайды. Пайдалы қазбаның технологиялық қасиеттеріне тау-кен өнімінің шығымы және оның өндірісіне кеткен шығындар тәуелді.

Сандық және сапалық қасиеттерден басқа, пайдалы қазба, өндірудің таулы-технологиялық мүмкіндіктерін анықтайтын, жер қойнауларында орналасуының геологиялық жағдайларымен сипатталады. Геологиялық жағдайларға пайдалы қазба шоғырларының морфологиялық

ерекшеліктері (мөлшері, формалары және түрлі бағыттар бойынша формаларының тұрақтылығы), пайдалы қазба денелерінің құрылысы (шоғырлардың үзілу дәрежесі және олардың бітімдік ерекшеліктері), шоғырлардың жатыс элементтері (жер бетінен орналасу тереңдігі, еңістік бұрышы), пайдалы қазбаның гидрогеологиялық жағдайлары және сыйыстырушы жыныстардың инженерлік-геологиялық қасиеттері жатады. Жерқойнауларында пайдалы қазба орналасуының геологиялық жағдайлары пайдалы қазбаларды аршу, пайдалану тәсілдерін және өндіру жүйелерін, сонымен қатар оны жер қойнауынан шығарудың игеру шығындарын анықтайды.

Пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік маңызын анықтағанда олардың жатыс ауданының табиғи және экономикалық жағдайлары үлкен маңызға ие: жергілікті жердің климаты мен бедері, ауданның игерілуі, көлік және энергетикалық жағдайлар, су ресурстары, ауданда басқа пайдалы қазбалар мен материалдардың болуы, тұтынушылардан алыстығы және т.с.с. Бұл факторлар пайдалы қазбаны игерудің техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне және оны игеру мерзімдеріне маңызды ықпалын тигізеді. Жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың шоғырларын жоғарыда аталған талаптарға қаншалықты сай келуіне қарай, олардың өнеркәсіптік бағалығы мен игеру кезегі анықталады. Жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың шоғырлары өнеркәсіптік маңызға ие бола бастаған жағдайда, оларды кенорындар деп атайды.

Пайдалы қазба кенорны – бұл саны, сапасы және жатыс жағдайлары бойынша өнеркәсіптік қазіргі талаптарына сай келетін және тау-кен өндіруші кәсіпорынның – кеніштің, карьердің, шахтаның минералды-шикізат базасы қызметін атқаруы мүмкін, жер қыртысындағы минералды заттардың кеңістікте ерекше шоғырлануы.

Берілген елдің территориясында анықталған қандай да бір пайдалы қазбаның қорлары белгілі бір мерзімдегі оның минералды ресурстарын білдіреді. Анықталған минералды ресурстардың жиынтығы елдің минералды-шикізат базасын құрайды.

Тақырып 2.2: Жер қойнауын пайдаланудың экономикалық және құқықтық негіздері.

Геологиялық барлау саласының сипаттамасы.

Жоспар:

- 1. Елдің нарықтық шаруашылығы жүйесінде геологиялық барлау саласының ролі мен мәні.*
- 2. ҚР жер қойнаулары және жер қойнауын пайдалану туралы Жарлықтың негізгі қағидалары.*
- 3. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу.*

§1. Елдің нарықтық шаруашылығы жүйесінде геологиялық барлау саласының ролі мен мәні.

Қазақстан жоғары минералды-шикізат әлеуеті бар елдердің қатарына кіреді. Қазақстанның минералды-шикізат ресурстары – оның басты байлықтарының бірі. Олардың бағалығы қалған табиғи ресурстардың құндылығынан асады. Осының арқасында шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларына көшудің күрделі кезеңінде ел экономикасының минералды-шикізаттық бейімделуі қалыптасты.

Сонымен қатар келешектің негізгі стратегиялық міндеті өзекті болып қалып отыр, ол негізінен шикізат ресурстарын өңдеуге негізделетін, экономикалық өсімді сақтаудан, тұрақты даму мен ұлттық экономиканың өзге салаларының алғышарттарын құрудан тұрады.

ҚР экономикасы үшін, жүз жылдам астам тарихы бар, мұнай-газ саласы ерекше маңызға ие. Елдің дәлелденген геологиялық қорлары мұнай мен газ конденсатының 21 млрд. баррелін (2,9 млрд. т) құрайды (дүниежүзілік қорлардың шамамен 2%) және газдың 1,8 трлн. м³ құрайды. Ел территориясында 200 астам мұнай мен газ кенорны ашылды, олардың негізгі қорлары негізінен Батыс Қазақстанның 14 ірі кенорнында шоғырланған.

Әрине, Қазақстанның мұнай-газ саласы елдің экономикалық дамуын бұдан ары да айтарлықтай дәрежеде анықтайды. Тиісті экономикалық саясатта жедел қарқынмен мұнай-газ, энергетикалық, көлік, машина жасау, химия және мұнай химиясы, жеңіл өнеркәсіп, телекоммуникация, көлік тасымалдары, автокөлік жолдарын салу, құрылыс материалдарының өнеркәсібі дами бастайды.

Кезеңдер мен сатылар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу тәртібінің Ережесіне сәйкес (қатты пайдалы қазбалар) мақсаттарға қарай жер қойнауын геологиялық зерттеу үрдісі 3 кезең мен 5 сатыға бөлінеді.

I кезең Жалпы геологиялық міндеттегі жұмыстар.

1 саты Жер қойнауын аймақтық геологиялық зерттеу.

II кезең Кенорындарды іздеу және бағалау.

2 саты Іздеу жұмыстары.

3 саты Кенорындарды бағалау.

III кезең Кенорындарды барлау мен игеру.

4 саты Кенорындарды барлау.

5 саты Игере барлау.

I кезеңнің мәні минералды шикізаттың барлық түрлерінің орналасу заңдылықтарын анықтап және қорларды болжамды бағалап, аймақ территориясының геологиялық құрылысын кешенді зерттеуге келіп саяды.

II және III кезеңдердегі жұмыстар ҚР минералды-шикізат базасын ұдайы өндіруге бағытталған.

Нарықтық экономика жағдайында жер қойнауын геологиялық зерттеуді басқару геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыруға бағытталу керек. Мәселелердің шешілуіне ҚР экономикасындағы мемлекеттік және нарықтық секторлардың болуы ықпал етеді.

Мемлекеттік сектор жер қойнауын аймақтық зерттеу, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен бағалау, нақты жер қойнауын пайдаланушыларға арналған құқықтық және ақпараттық базаны құру мәселелерін шешеді.

Белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекеттік есепке алуға және мемлекеттік реестрге енгізуге мыналар жатады:

- жер қойнауларын геологиялық зерттеу бойынша барлық жұмыстар;
- пайдалы қазбаларды өндіруге берілетін жер қойнауларының бөлікшелері;
- жер қойнауын пайдалануға берілетін лицензиялар.

Нарықтық сектор бар лицензияларға сәйкес нақты объектілерде геологиялық барлау жұмыстарымен және пайдалы қазбаларды өндірумен айналысады. Геологиялық қызметтің нарықтық секторы серіктестіктерден, акционерлік қоғамдардан және жеке кәсіпкерлерден тұрады.

Мемлекеттік қажеттіліктерге арналған жер қойнауын зерттеумен байланысты барлық жұмыстары, соның ішінде мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес ПҚК геологиялық картаға түсіруді, іздеу мен бағалауды, жер қойнаулары туралы ақпаратты жинау мен сақтауды қаржыландыру ҚР мемлекеттік бюджетінің қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану маңызды экономикалық әрекет болып табылады және ҚР құқықтық нормативтік құжаттарымен, соның ішінде ҚР жер қойнаулары және жер қойнауын пайдалану туралы Жарлықпен және Салық кодексімен реттеледі.

«ҚР жер қойнаулары және жер қойнауын пайдалану туралы» Жарлықтың негізгі қағидалары.

5 бап. Жер қойнауларына меншік құқығы,
Пайдалы қазбалар және Минералды шикізат.

1. ҚР Конституциясына сәйкес, соның ішінде Пайдалы қазбалар, мемлекет меншігінде.
2. Егер Келісімшартпен өзгесі көзделмесе, Минералды шикізат Жер қойнауын пайдаланушыға меншік құқығының негізінде тиісті.

7 бап. ҚР Үкіметінің құзыреті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. мемлекеттік меншік объектісі ретінде Жер қойнауларының мемлекеттік қорын басқаруды ұйымдастырады;
2. Жер қойнауларын пайдалану және оларды қорғау ережелерін белгілейді;

3. Минералды шикізаттың стратегиялық және дефициттік түрлеріне деген мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған Жер қойнауларының бөлікшелерін анықтайды;
4. жалпы таралған пайдалы қазбалардың тізімін анықтайды;
5. Жер қойнауын пайдаланушыларға арналған салықтар мен арнайы төлемдерді төлеу тәртібінің ерекшеліктерін анықтайды;
6. Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау мен Келісімшарттар жасасу тәртібін анықтайды;
7. жер қойнауын пайдалану Құқығына және өзге өкілеттіктерге Лицензиялар беруді жүзеге асырады.

10 бап. Жер қойнауын пайдалану Құқығының түрлері.

Жер қойнауын пайдалану Құқығы келесі операциялар үшін беріледі:

1. Жер қойнауларын мемлекеттік геологиялық зерттеу.
2. Пайдалы қазба кенорындарын барлау.
3. Пайдалы қазбаларды шығару.
4. Шығарумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және игеру.

Жер қойнауын пайдалану Құқығы:

- тұрақты және уақытша;
- адаланатын немесе адаланбайтын;
- өтеулі немесе өтеусіз болуы мүмкін.

11 бап. Жер қойнауын пайдалану Құқығының субъектілері.

Олар жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

13 бап. Жер қойнауын пайдалану Құқығын беру.

1. Шығарумен байланысты емес, Барлау, Жерасты құрылыстарын тұрғызу және игеру құқығы, Лицензия мен Келісімшарттың негізінде жүргізіледі.
2. Коммерциялық мақсатта Жалпы таралған Пайдалы қазбаларды шығарудың бұл құқығы Лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

21 бап. Лицензия берудің тәсілдері.

Барлау немесе Шығару құқығына берілетін Лицензия, әдетте, инвестициялық бағдарламалардың конкурсы негізінде беріледі. Лицензияларды келіссөздердің негізінде беруге рұқсат етіледі.

Лицензиялар былай бөлінеді:

- Барлау лицензиясы;
- Шығару лицензиясы;
- шығаруға байланыссыз, жерасты құрылыстарын салу және / немесе игеру лицензиясы.

25 бап. Барлау және / немесе Шығару Лицензиясын алу құқығына инвестициялық бағдарламаларын жүргізу шарттары.

1. Инвестициялық бағдарламалардың конкурсы ашық және жабық болуы мүмкін. Ашық конкурсты жүргізу шарттары жариялану керек, ал жабық конкурстың шарттары оны өткізу күніне дейін 90 күн бұрын барлық ықтимал қатысушыларға хабарлану керек.
2. Конкурсты өткізу туралы хабарлама мыналардан тұру керек:
 - а) оны өткізу уақыты мен орны, мәлімдемелер беру мерзімі;
 - б) конкурстың негізгі шарттары;
 - в) жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды өткізу үшін көзделетін, жер қойнауылары бөлікшелерінің орналасуы мен сипаттамасы туралы нұсқаулар;
 - г) нұсқаулар:
 - бюджетке төленетін бастапқы төлемдер туралы (жалға алу төлемі, бонустар, роялти және т.б.);
 - геологиялық ақпарат пакетінің құны туралы;
 - конкурса қатысу құқығының жарнасы туралы.

28 бап. Лицензия алу құқығы (конкурстық ұсыныс).

I. Өтініш білдіруші белгілі мерзімде Барлау немесе Шығару Лицензиясын алу құқығына конкурстық ұсынысты құрады.

II. Конкурстық ұсыныс мыналардан тұру керек:

- 1) соңғы 5 жылдағы өтініш білдірушінің бұрынғы әрекеті туралы ақпарат; өтініш білдірушінің қаржылық мүмкіндіктері туралы банк анықтамасы;
- 2) жұмыстардың бағдарламасынан және оларды жүзеге асыру шығындарын қосқанда, Барлауды жүргізу жағдайлары туралы өтініш білдірушінің ниеттері;
- 3) жерлерді рекультивациялау мен қалпына келтіруді қосқанда, қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты өтініш білдірушінің ниеттері;
- 4) Барлауды қаржыландыру көздері (меншікті немесе заем қаржылары);
- 5) инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру үшін талап етілетін кезең;
- 6) шығарылуы көзделген пайдалы қазбалардың мөлшері кіретін, жергілікті жерлерді өңдеу планы;
- 7) Шығаруды бастаудың күтілетін мерзімі;
- 8) ҚР көзделетін ақша түсімдері және Келісімшартты территорияның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға жұмсалатын күрделі қаржылар.

30 бап. Конкурс қорытындыларын шығару.

Конкурстың жеңімпазы келесі критерийлердің жиынтығы негізінде анықталады:

1. Барлауды жүргізудің басталу мерзімі мен қарқындылығы;
2. Шығаруды бастау мен оның экономикалық және техникалық ықтимал деңгейіне, сонымен қатар пайдалы қазбаларды алудың максималды коэффициентіне жету мерзімі;
3. бюджетке бастапқы және одан кейінгі төлемдердің көзделетін мөлшері;
4. Келісімшартты территорияның инфрақұрылымын дамытуға күрделі қаржы жұмсау және жобаны қаржыландыру мерзімдері мен шарттары, инвестициялардың мөлшері;
5. Жер қойнаулары мен қоршаған табиғи ортаны, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша талаптарды сақтау.

34 бап. Лицензияның әрекет ету мерзімі.

Барлау Лицензиясы Лицензияның әрекет ету мерзімін екі рет ұзарту құқығы бар, әр кезеңнің ұзақтығы 2 жылға дейін, 6 жыл мерзімге беріледі.

Шығару Лицензиясы 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

38-41 бап. Лицензияны тоқтату, қайтарып алу немесе жарамсыз деп қабылдау.

1. Лицензиялық орган келесі жағдайларда 6 айға дейінгі мерзімге Лицензияның әрекетін тоқтатуға құқылы:

- а) лицензиат Лицензия шарттарын бұзып немесе онда көзделмеген әрекетті жүргізгенде;
- б) жер қойнауы мен қоршаған табиғи ортаны қорғау заңнамасын жүйелі немесе өрескел бұзғанда.

2. Лицензиат анықталған бұзылуларды жоюдан бас тартқан жағдайда лицензия қайтарылып алуы мүмкін, бұл келісімшартты бұзуға (егер ол жасалса), лицензиаттан шығындарды өтеуге алып келеді.

68 бап. Пайдалы қазбалардың реквизициясы.

Соғыс, апат және т.с.с. жағдайында ҚР Үкіметі құнын заттай өтеуді немесе шетелдік Жер қойнауын пайдаланушыға СКВ; ұлттық Жер қойнауын пайдаланушыға Ұлттық валютада төлеуді кепілдендіре отырып, Жер қойнауын пайдаланушыға тиісті пайдалы қазбалардың барлығын немесе бір бөлігін реквизициялауға құқылы.

§3 Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу.

Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен жасалған, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының аясында жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізгенде жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Салық Кодексімен бекітілген, барлық салықтарды және бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдерді төлейді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың *арнайы төлемдері мен салықтары* мыналардан тұрады:

1. жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері:

а) *жазылу бонусы*;

б) *коммерциялық анықтау бонусы*;

в) *тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем*;

2. пайдалы қазбаларды шығару салығы;

3. үстеме пайда салығы.

Жазылу бонусы келісімшартты территорияда жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жер қойнауын пайдаланушының бірлік белгіленген төлемі болып табылады.

Жазылу бонусының бастапқы мөлшері жер қойнауын пайдалануға жасалған әр келісімшарт үшін келесі мөлшерде жеке белгіленеді:

- 1) пайдалы қазбалардың белгіленген қорлары жоқ территорияға геологиялық барлау жүргізудің келісімшарттары үшін;
- 2) пайдалы қазбаларды шығарудың келісімшарттары үшін;
- 3) техногенді минералды түзілімдерді өңдеудің келісімшарттары үшін;
- 4) қарқынды суларды лықсытуға, сонымен қатар барлаумен және (немесе) шығарумен байланыссыз, жерасты құрылыстарын тұрғызуға және (немесе) игеруге арналған жер қойнауларын барлаудың келісімшарттары үшін.

Коммерциялық анықтау бонусы келісімшартты территорияда пайдалы қазбаларды әрбір коммерциялық анықтау үшін, соның ішінде бастапқыда белгіленген алынатын қорлардың артуына алып келетін, кенорындарды қосымша барлаудың барысында анықтау үшін, жер қойнауын пайдаланушы төлейді.

Коммерциялық анықтау бонусын есептеуге арналған салық базасы пайдалы қазбаның алынатын қорларының салық базасының 0,1% мөлшерлемесі бойынша құны болып табылады.

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жер қойнауын пайдаланудың келісімшарты жасалғанға дейін тиісті келісімшарт территориясын геологиялық зерттеу мен жабдықтауға мемлекеттен кеткен шығындардың орнын толтыру бойынша жер қойнауын пайдаланушының белгіленген төлемі болып табылады.

Пайдалы қазбаларды қазып шығару салығы ҚР территориясында қазып шығарылатын минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік батпақтардың әр түрі бойынша жер қойнауын пайдаланушы жеке төлейді. Салық шығарылатын минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік батпақтардың барлық түрлері бойынша ақшалай немесе натуралдық формада төленеді. Техногенді минералды түзілімдерден шығаруды қоса алғанда, салық пайдалы қазбаларды шығару кезінде төленеді.

Үстеме пайда салығы (жалпы таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік батпақтарды өндіруге, сонымен қатар барлаумен және шығарумен байланыссыз жерасты құрылыстарын тұрғызуға және игеруге жасалған келісімшарттарды қоспағанда) жер қойнауын пайдаланушылар төлейді. Бұл салық салық кодексімен анықталған шегерімдердің сомасының 25% асатын, жер қойнауын пайдаланушының таза пайдасының бір бөлігін құрайды.

3 БӨЛІМ.

Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорын және кәсіпкерлік.

Тақырып 3.1: Кәсіпкерлік – нарықтық экономикадағы әрекеттің негізгі түрі.

Жоспар:

1. Кәсіпкерлікке тән белгілер мен формалар.

2. Кәсіпкерлік қызметтің ішкі және сыртқы жағдайлары.

3. Қазіргі геологиялық кәсіпорындар – кәсіптік қызметтің субъектісі ретінде.

§1. Кәсіпкерлікке тән белгілер мен формалар.

Дүниежүзілік тәжірибе экономикалық дамудың үдеуі және халықтың жұмыспен қамтылу мәселесінің шешілуі кәсіпкерлік әрекеттің (бизнестің) дамуымен тығыз байланысты екенін көрсетті. ҚР Азаматтық кодексінде кәсіпкерлік былай сипатталады: «*мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан немесе заңмен белгіленген тәртіппен осы сапада тіркелген тұлғаларға қызметтер көрсетуден жүйелі түрде пайда алуға бағытталған, дербес, тәуекелмен жүзеге асырылатын әрекет кәсіпкерлік деп аталады*».

Кәсіпкерлік – бұл нарықтық экономиканың қозғаушы күші. Кәсіпкерлік әрекет еңбек сияқты факторға жақын. Нарық тарихында, бұл әрекет әр жеке фирма және жалпы нарықтық экономика үшін ие болатын ерекше ролі мен маңызы бойынша оны *өндірістің ерекше факторы* ретінде ажыратады. Нарықтық экономиканы «еркін кәсіпкерлік экономикасы» ретінде қысқаша анықтауы кездейсоқ емес.

Кәсіпкерлік **құбылыс** ретінде, кәсіпкерлердің өз ісін ұйымдастырумен, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндірумен және қосымша пайда (кәсіпкерлік кіріс) түрінде тиімді нәтижеге жетумен байланысты, (экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, тұлғалық және т.б.) қатынастардың бүкіл жиынтығын бейнелейді. Экономикалық құбылыс ретінде, ол нарықтық экономиканың экономикалық заңдарының (сұраныс пен ұсыныс, бәсеке, құн және т.б.) әрекеті және тауарлы өндіріс пен айналыстың барлық элементтері негізінде, кәсіпкерлердің ҚР өзге шаруашылық субъектілерімен қатынасының тауарлық сипатын бейнелейді.

Кәсіпкерлік **үрдіс** ретінде тұтынушылар үшін құнды болып табылатын жаңа тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жасауға, тұрақты түрде өсетін қажеттіліктерді қанағаттандыруға, өндіріс факторларын тұрақты араластыруға, ең үздік нәтижелерге жету үшін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Бұл үрдіс үздіксіз, тұрақты түрде жаңаратын болып табылады, өйткені кәсіпкерлер қанағаттандыратын қажеттіліктер қайта-қайта өзгереді.

Осы заманғы және шетел әдебиеттерінде «кәсіпкер» түсінігі қоғамдық өндірістің жермен, капиталмен, еңбекпен салыстырғанда) **ерекше факторы** ретінде сипатталады.

Минералды-шикізат базасын меңгерудің қазіргі концепциясы нарықтық экономиканың принциптері мен критерийлеріне және жер қойнауын пайдалану саласында кәсіпкерлік әрекетті реттейтін, қолданыстағы заң актілеріне негізделген.

Осыдан, таулы-геологиялық кәсіпорындардағы кәсіпкерлік жаңа шығармашылық идеяларды іздеуден, оларды талдаудан және нарық қажеттіліктері мен экономикалық пайда тұрғысынан бағалаудан; идеяларды жүзеге асыру бойынша мақсаттарды қалыптастырудан, жер қойнауын пайдаланушылардың оларды кәсіпкерлік пайда әкелетін нақты нәтижеге (өнім, тауар, технология, ақпарат және т.с.с.) айналдыруынан тұрады.

Кәсіпкерлік әрекеттің мәні кәсіпкер орындайтын **қызметтер** арқылы ашылады:

1. пайда алу мақсатында тауарлар мен қызметтер өндірісінің біртұтас үрдісіне өндіріс факторларын біріктіру бастамасы;
2. өндірістік ұйымдастыру, кәсіпорынның әрекет стратегиясы мен тактикасын анықтау, оны әрекетінің сәттілігіне жауапкершілік;
3. коммерциялық негізде новацияларды: жаңа өнімдерді, жаңа технологияларды, істі ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу;
4. бизнестің мақсатына жетудің тәуекелі.

Аталған қызметтерді нәтижелі атқару үшін, адам белгілі бір қабілеттерге ие болу керек. Олардың қатарына міндетті түрде бастамашылдық, дербес ойлау және шешім қабылдау қабілеті, мақсатқа жетудегі табандылық, істі ұйымдастыру және ұжымды артынан ерту іскерлігі кіру керек.

Осы заманғы кәсіпкер экономикалық үрдістердің мәнісін жақсы түсіну керек, өзгертін жағдайға бейімделу керек, яғни жылдам реакцияға ие болу керек, әдеттен тыс шешімдер қабылдай алу керек, экономикалық белсенділікке ие болу керек.

§2. Кәсіпкерлік қызметтің ішкі және сыртқы жағдайлары.

Қазақстан Республикасы бай табиғи ресурстарға ие, бірақ бұл дүниежүзілік нарықтағы бәсекеге қабілеттілік үшін жеткіліксіз. Ұлттық өндіріс шығындары дүниежүзіліктен төмен болу үшін, ең алдымен, табиғатты үнемді пайдалану қажет. Ол үшін бүкіл өндіріс циклын (қазып шығарудан соңғы өнімді алғанға дейін) жаңа, озық технологиялармен және олардың тиісті техникалық негізінде ұйымдастыру қажет. Екіншіден, инновацияларды құру мен пайдалануда зияткерлік әлеуетті (ғалымдарды, кәсіпкерлерді, жоғары білікті мамандарды) кеңірек тарту қажет.

Мұның барлығы ерекше өндіргіш күштің – кәсіпкерлердің болуын және оның іс-әрекетте жүзеге асырылуын талап етеді.

Елде, жиынтығында өркениетті табысты кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, белгілі бір сыртқы және ішкі факторлар болғанда, яғни егер белгілі бір кәсіпкерлік орта қалыптасса, кәсіпкерлік дамуы мүмкін. нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, кәсіпкерлік әрекетпен айналысуға еңбекке жарамды азаматтарға экономикалық еркіндік беретін, елде қалыптасқан қолайлы әлеуметтік-экономикалық, саяси, азаматтық-құқықтық жағдайды **кәсіпкерлік орта** деп түсіну қажет.

Кәсіпкерлерге қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда, кәсіпкерлік жобалар мен келісімдерді жүзеге асыруда және пайда (кіріс) алуда табысқа жетуге мүмкіндік беретін, түрлі (объективті және субъективті) факторлардың шоғырланған жиынтығы болып табылатын, кәсіпкерлік ортаны құрайтын белгілі бір жағдайларда кәсіпкерлер қызмет етеді. Интегралданған күрделі жүйе ретінде кәсіпкерлік орта негізінен кәсіпкерлердің өздеріне тәуелсіз **сыртқы** және тікелей кәсіпкерлер қалыптастыратын **ішкі** болып бөлінеді.

Сыртқы кәсіпкерлік ортаның жағдайы жалпы елдегі және жеке аймақтардағы кәсіпкерліктің дамуына басты ықпалын тигізеді. Кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына тікелей немесе жанама ықпал ететін, сыртқы факторлар мен жағдайлардың жиынтығы **сыртқы кәсіпкерлік орта** деп аталады. Сыртқы орта кәсіпкерлерге қатысты объективті орта болып табылады және олардың ниеттерінен тәуелсіз әрекет етеді. Табыстарға жету үшін, кәсіпкерлер өз әрекетінде бизнестің соңғы нәтижелеріне ықпалын болжайтындай, барлық сыртқы факторлар мен жағдайларды жақсы білу керек.

Сыртқы кәсіпкерлік орта келесі жүйе бөліктерінен тұрады:

- Елдегі және аймақтардағы экономикалық жағдай.
- Қоғам мен мемлекет дамуының тұрақтылығымен сипатталатын саяси жағдай.
- Кәсіпкерлердің және нарықтық экономиканың өзге субъектілерінің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқын белгілейтін құқықтық орта.
- Мемлекеттік реттеу және кәсіпкерлікті қолдау.
- Халықтың (тұтынушылардың) төлемдік сұранысының деңгейімен, жұмыссыздық деңгейімен байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдай.
- Халықтың білім деңгейіне негізделген, кәсіпкерлік бизнестің белгілі бір түрлерімен айналысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мәдени орта.
- Ғылыми-техникалық, технологиялық орта.
- Іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін дамытуға қажетті, табиғи өндіріс факторларының айтарлықтай мөлшерде болуы.
- Кәсіпкерлік ұйымдардың қызмет ету үрдісіне ықпал ететін, климаттық (ауа-райы) жағдайлармен байланысты физикалық орта.
- Табиғи катаклизмдер көрінісінің болмауы.
- Коммерциялық операцияларды, іскерлік байланыстарды және т.с.с. жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, ұйымдардың жеткілікті санының болуын дәлелдейтін институционалды-ұйымдастырушылық орта.

Кәсіпкерлік табыс көптеген факторларға тәуелді, олардың ішінде кәсіпкерлік ұйымның қызмет етуінің ішкі жағдайларының белгілі бір жиынтығы ретіндегі **ішкі кәсіпкерлік орта** маңызды болып табылады. Ол кәсіпкердің өзіне, оның құзыреттілігіне, ерік күшіне,

мақсаттылығына, ниет деңгейіне, бизнесті ұйымдастыру мен жүргізудегі іскерліктері мен дағдыларына тікелей тәуелді. Ішкі кәсіпкерлік ортаға келесі факторларды жатқызу керек:

- меншікті капиталдың қажетті көлемінің болуы;
- фирманың ұйымдастырушылық-құқықтық формасын дұрыс таңдау;
- іс-әрекет пәнін таңдау;
- серіктестер командасын іріктеу;
- нарықты білу және маркетингтік зерттеулерді білікті жүргізу;
- кадрларды іріктеу және қызметкерлер құрамын басқару;
- мотивтелген материалдық ынталандыру;
- кәсіпкерлік құпияны сақтау механизмі және т.б.

Сәтті кәсіпкерлік әрекет үшін негізделген бизнес-жоспарды құру, мүмкін тәуекелдердің салдарын болжау және есептеу, жаңа технологияларды енгізу, іс-әрекетті диверсификациялау, фирма дамуының негізделген стратегиясын құру және енгізу ерекше маңызға ие.

Кәсіпкерлік әрекеттің бағытын, капиталды жұмсау объектісін және нақты нәтижелер алуды есепке алып, кәсіпкерліктің келесі түрлері ажыратылады.

Біріншіден, **өндірістік кәсіпкерлік**. Бұл нақты тауарлар өндірісінің, жұмыстарды жүзеге асырудың және тұтынушыларға сату үшін қызметтер көрсетудің үрдісі. Өндірістік кәсіпкерлік материалдық өндіріс саласында жүзеге асырылатындықтан, ол шаруашылық әрекет саласына қарай *өнеркәсіптік, құрылыс, ауылшаруашылық* және т.б. болып жіктеледі.

Өндірістік кәсіпкерлік халықшаруашылық көзқарас тұрғысынан анықтаушы болып табылады, өйткені бұл ұйымдарда (фирмаларда, компанияларда, кәсіпорындарда) өндірістік-техникалық міндеттегі өнімді (тауарларды) және халыққа, фирмаларға, жалпы мемлекетке қажетті, жаппай тұтыну тауарларын өндіру жүзеге асырылады.

Геологиялық және өнеркәсіптік кәсіпорындардың ортақ қырларына қарамастан, геологияда және халық шаруашылығының қалған салаларында жұмысты жүргізу жағдайларының арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Геологиялық кәсіпорын, кез келген өнеркәсіптік кәсіпорынға қарағанда, үлкен аудандарда жұмыс жасайды, ал геологиялық объектілер бір-бірінен алыс орналасқан, жұмыстардың өндірісін олардың бірінен екіншісіне жеткізу керек. Өндірістік үрдістің әдістемесінде, технологиясы мен экономикасындағы өзгерістерді алдын ала анықтай отырып, геологиялық, табиғи, сонымен қатар ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлар тұрақты түрде өзгереді.

Өндірістік факторларды есепке ала отырып және өндіріс сипатына сәйкес геологиялық кәсіпорындар көп еңбекті қажет ететіндер қатарына жатады, оларда жоғары білікті еңбек қолданылады, ал оның нәтижелері көбінесе жер қойнауларының жағдайы туралы ғылыми ақпарат болып табылады.

Салыстырмалы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан, кәсіпкерлік әрекеттің басқа түрі **коммерциялық-сауда кәсіпкерлігі** болып табылады. Бұл іс-әрекет мобильді. Қажеттілікке жылдам бейімделеді, өйткені нақты тұтынушылармен тікелей байланысты. Сауда кәсіпкерлігінің дамуы үшін кем дегенде екі негізгі шарт қажет деп есептеледі: сатылатын тауарларға деген салыстырмалы тұрақты сұраныс (сондықтан нарықты жақсы білу міндетті) және өндірушілерден тауарларды сатып алу бағасының төмендігі, бұл саудагерлерге саудасаттық шығындарының орнын толтыруға және қажетті пайда алуға мүмкіндік береді. Сауда кәсіпкерлігі әсіресе сауданы ұзақ пайдаланудың өнеркәсіптік тауарларымен ұйымдастырғанда, тәуекелдің салыстырмалы жоғары деңгейімен байланысты.

Коммерциялық кәсіпкерліктің әрекет ету аясы қызметін тауар биржалары мен сауда ұйымдары атқарады. Тауар биржасы – стандарттар бойынша сатылатын, жаппай тауар алмастырушыларының (көмір, металл, мұнай және т.с.с.) жүйелі қызмет ететін нарығының аса дамыған формасы.

Тауар биржалары келесі негізгі функцияларды атқарады:

- сауда келісімдерін жасасу бойынша делдалдық қызметтерді көрсету;
- тауарлы сауданы реттеу, сауда операцияларын реттеу және сауда дауларын шешу;

- бағалар, өндірістің жағдайы және бағаларға ықпал ететін өзге факторлар туралы мәліметтерді жинау және жариялау.

Операциялардың сипаты бойынша тауар биржалары ақиқат тауар брижаларына және тек фьючерлік келісімдер (келісімшарттар) жүзеге асырылатын фьючерлік биржаларға бөлінеді.

Геологиядағы коммерциялық кәсіпкерліктің негізгі мазмұнын тауарлар мен қызметтерді сату – сатып алу немесе қайта сату бойынша операциялар мен келісімдер құрайды. Коммерциялық кәсіпкерліктің жалпы схемасы белгілі бір мөлшерде өндірістік-кәсіпкерлік әрекеттің схемасына ұқсас. Алайда оған қарағанда мұнда кейін тұтынушыға сатылатын тауар материалдық ресурстардың орнына сатып алынады.

Кәсіпкерліктің үшінші түрі **қаржы-несиелік**. Бұл кәсіпкерлік әрекеттің мамандандырылған аймағы, оның ерекшелігі сату – сатып алу пәні бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар және т.б.), валюталық құндылықтар және ұлттық ақша болатындығында. Геологияда қаржылық-несиелік кәсіпкерлікті ұйымдастыру үшін ұйымдардың мамандандырылған жүйесі түзіледі: коммерциялық банктер, қаржылық-несиелік компаниялар (фирмалар), қор, валюта биржалары және өзге мамандандырылған ұйымдар.

Консультативтік кәсіпкерлік экономика және басқару саласында геологиялық кәсіпорындардың мәселелерін диагностикалауға (анықтауға); шешімдерді, жобаларды құруға және оларды жүзеге асыруға бағытталған, түрлі қызметтерді көрсету формасындағы зияткерлік өнім болып табылады. Кәсіби және мамандандырылған консультативтік (консалтингтік) фирмалар басқарудың барлық мәселелері бойынша немесе жеке қызметтер немесе міндеттер бойынша (өндірістік жоспарлау, қаржылық менеджмент, сапаны, өнімділікті, маркетингі, арнайы – заңды, медициналық, аудиторлық және т.б. қызметтерді басқару) қызметтер көрсетеді. Еңбекті, өндірісті және басқаруды ғылыми ұйымдастыру бойынша меншікті бөлімшелерін құрудың орнына, көптеген компаниялар консультативтік ұйымдардың қызметіне жүгінеді, (нақты міндетті және белгілі бір мерзімге шешу үшін) оларды қатыстырады, өйткені мұны нәтижелі және экономикалық тиімді деп есептейді.

3. Қазіргі геологиялық кәсіпорындар – кәсіптік қызметтің субъектісі ретінде.

ҚР экономикасының жүйесінде мамандандырылған ғылыми-өндірістік сала – геологиялық қызмет әрекет етеді, оның негізін жерқойнауларын геологиялық зерттеумен айналысатын кәсіпорындар құрайды. Геологияда кәсіпорындардың келесі ұйымдастырушылық-құқықтық формалары таралымға ие болды: серіктестіктер мен кооперативтер, жеке фирмалар, акционерлік геологиялық қоғамдар мен ассоциациялар, мемлекеттік унитарлы геологиялық кәсіпорындар мен қазыналық кәсіпорындар.

Нарық негізінде мемлекеттік бюджет есебінен геологиялық барлау жұмыстарының жалпы көлемінің 20% жуығы қаржыланады. Қалған жұмыстар (негізінен ПҚК барлау) минералды-шикізат базасын іске қосуға бөлінгендердің есебінен тау-кен өндіру кәсіпорындарымен төленеді. Геологиялық кәсіпорынды басқарудың өз ерекшелігі болады, өйткені геологиялық барлау жұмыстары келесі аса маңызды ерекшеліктермен байланысты:

- ГБЖ *ықтималдық сипаты* – ГБЖ нәтижелері қарама-қайшы да және болжанатын көрсеткіштерді асып кетуі де мүмкін. Бұнда шығындар мен нәтижелердің қатты байланысы болмайды, ал бұл ГБЖ ғылыми-зерттеу жағынан сипаттайды, бұл ГБЖ болуы мүмкін кері нәтижелерді жоспарлау үрдісінің қажеттілігін тудырады;
- ГБЖ-ның кешенді, көп әдісті сипаты – ол соңғы нәтижеге қол жеткізу үшін терең мамандыру мен кең кооперацияны қажет етеді. Геологиялық тапсырмаларды орындау негізгі және көмекші жұмыстардың көптүрлілігін шамалайды.
- *Қоршаған ортаны қорғау мәселесі* айтарлықтай дәрежеде геологиялық болып табылады, өйткені өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстың пайдалы қазбаларын өндірудің үлкен масштабтары геологиялық ортаға айтарлықтай техногенді жүктемені қарастырады. Сондықтан геологтардың табиғатты қорғау бойынша шараларды жасау және жүзеге асыруға қатысуы аса маңызды болып табылады, әсіресе минералды шикізаттарды іздеу, барлау және өндіру кезінде.

- *Геологиялық кәсіпорындарды басқаруда және ГБЖ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі қиыншылықтар* – олар ГБЖ шашыраңқылығы және үлкен қозғалмалылығымен, төмен дамыған инфрақұрылымды игерілмеген аймақтардағы жұмыстармен, өндірістік үрдістің геологиялық, табиғи және техникалық жағдайлардың тұрақты өзгерушілігімен байланысты.

Осылайша, геологиялық кәсіпорын кәсіпкерлік қызметтің дербес субъектісі болып табылады және қазіргі қоғамның экономикалық өмірінде ерекше рөл атқарады.

Тақырып 3.2: *Кәсіпорын – экономиканың негізгі буыны.* *Кәсіпорындардың формалары.*

Жоспар:

1. *Қазіргі кәсіпорынның экономикалық мәні.*
2. *Кәсіпорындардың маңызды белгілері бойынша жіктелуі.*
3. *Ірі және кіші кәсіпорындар және олардың ерекшеліктері.*

Кез келген елдің экономикасы тауарлар мен қызметтердің көптеген түрлерін жасап шығаратын шаруашылық субъектілерінің зор санының іс-әрекеті болып табылады.

Егер әр нақты кәсіпорын өндіретін өнімнің көптүрлілігінен ажырасақ, олардың барлығына тән жалпы белгілерді айшықтауға болады.

Ең алдымен, *әр кәсіпорын – бұл өндірістің белгілі бір құралдарының жиынтығы* екенін байқауға болады (осылайша, шойынды өндіру үшін, домна пештері, балқытылатын кен, көмір және т.б. қажет).

Өнімнің белгілі бір түрін өндіретін әр кәсіпорын үшін өндіріс құралдарының жиынтығы өзінің ерекшелігіне, технологиясына, яғни өнімді дайындау тәсіліне ие.

К.Маркс айтқандай, еңбектің тірі жалыны қамтымаған өндіріс құралдары өздігінен – заттардың жансыз үйіндісі ғана. Олардың жандандыру, әрекетке келтіру үшін, еңбек қажет, жаңа өнімді жасау үшін өндіріс құралдарын пайдаланатын жұмысшылар қажет. Сондықтан кәсіпорынның міндетті және маңызды белгісі ортақ еңбек үрдісімен біріккен жұмысшылардың жиынтығы болып табылады.

Еңбек үрдісінде жұмысшылардың арасында түрлі қатынастар туындайды, олар **«өндірістік қатынастар»** деп аталады. Олар мыналардан тұрады:

- берілген кәсіпорынның аясында еңбек бөлінісі мен өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне негізделген, ұйымдастырушылық қатынастар (жұмыстарды жүргізудің бірізділігі, оларды реттеу, кәсіпорынның түрлі бөліктері мен буындарының өзара әрекеттесуі);
- өндіріс құралдарына меншік қатынастарын негізделген және соларға қатысты байланыстар (бұл – бөлу, басқару, кейде – тұтыну қатынастары);
- шаруашылық әрекеттің өзге, сыртқы субъектілерімен әр кәсіпорын орнататын байланыстар.

Аталған белгілер бір-бірінен ажырамайды. Олардың жиынтығы мен бірлігі шаруашылық жүйенің ерекше, жеке буыны ретінде кәсіпорынға анықтық пен тұтастық береді.

Яғни, **кәсіпорын** – *бұл қоғам үшін пайдалы игіліктерді өндіруге арналған, оқшауланған техникалық-экономикалық және әлеуметтік кешен.*

Нарықтық экономика, қоғамдық өндірістің тауарлық сипаты жағдайында кәсіпорындар «тауар өндірушілер» ретінде болады. Олар өндіретін өнім «тауар» болады, яғни тауарлы формаға ие болады.

Іс-әрекеттің нарықтық принциптері – тиімділік, үнемділік және қолайлылық – кәсіпорын деңгейінде өздерінің бастапқы сатысына ие болады. *Бәсеке* – бұл нарықтық дамудың қозғалтқышы, – кәсіпорында өзінің басты субъектісіне ие болады.

Кәсіпорындардың өндірістік әрекетінің мақсаты екіжақты сипатқа ие. Кәсіпорын әрекетінің тікелей мақсаты мен итермелеуші мотиві өнімді сату арқылы пайда болып

табылады, алайда тек сұранысқа ие өнімді өндіру жолымен пайда алуға болады, сондықтан кәсіпорынның өзге мақсаты – тұтынушылық сұранысты толық қанағаттандыру.

§2. Кәсіпорындардың маңызды белгілері бойынша жіктелуі.

Қазіргі уақытта кәсіпорындарды бірқатар белгілер бойынша жіктейді. Ең алдымен, кәсіпорындарды әрекет салалары бойынша жіктейді. Бұл тұрғыда *материалдық өндіріс* және оның ірі бөлімшелері (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс, құрылыс) саласында әрекет ететін кәсіпорындарды ажыратады. *Геологиялық кәсіпорындар* материалдық өндіріс саласында қызмет етеді. *Материалдық емес өндірісті* басқа топ құрайды, оның айрықша белгісі ерекшек өнімдерді – «қызметтерді» жасау болып табылады. Осы салада әрекет ететін кәсіпорындар іс-әрекетінің міндеттері сипаты бойынша түрлі қызметтерді жасау болып табылады (тұрмыстық техниканы жөндеуден әлеуметтік маңызы бар қызметтерге дейін – денсаулық сақтау, ағарту, мәдениет).

Кәсіпорындардың үлкен тобы *делдалдық әрекетпен* айналысады. Делдал-кәсіпорындардың міндеті – өндірушілер мен тұтынулар, сатушылар мен сатып алушылар арасындағы өзара тиімді келісімшарттар жасасу (тауар, қор биржалары).

Өндірілетін өнім түрлерінің саны бойынша кәсіпорындарды мамандандырылған, яғни тауарлардың шектеулі санын шығаратын, және тауарларды өндіретін *көпсалалы* кәсіпорындарды ажыратады.

Өз кезегінде, кәсіпорындардың *мамандану деңгейі* түрліше. Бұл тұрғыда тұтынуға дайын өнім (мысалы, азық-түлік өнеркәсібінде - әр түрлі бұйымдар) өндірілгенде, заттық мамандану орын алуы мүмкін. *Толық* мамандану өндіріс құралдарын өндіретін салаларда дамиды (мысалы, машина жасаудың түрлі салаларында қолданылатын ішпектер өндірісі). *Технологиялық* мамандану технологиялық үрдістің белгілі бір сатысын орындауға кәсіпорынның шоғырлануын сипаттайды.

Көлеміне қарай (іс-әрекеттің ауқымына қарай) кәсіпорындар «ірі», «орта» және «шағын» болып бөлінеді. Көбінесе кәсіпорынның көлемі онда қамтылған жұмысшылардың санымен анықталады. Көлемі бойынша кәсіпорындарды бөлу тәсілі әр елде түрліше болуы мүмкін және өндіріс салалары бойынша өзгереді.

Геологиялық кәсіпорын көлемі бойынша ірі, орта және шағын болып бөлінеді. Өте шағындар қатарына 20 дейін, шағынға – 100 дейін, ортаға – 500 дейін, іріге – 500 артық адам санымен қамтылған кәсіпорындар жатады.

Ғылыми-техникалық өндіріс жағдайында кәсіпорын қызметкерлерінің саны кәсіпорынның көлемін анықтау басты фактор болудан қалады. Бірінші орынға кәсіпорынның өндірістік қуаты және негізгі капиталдың мөлшері сияқты көрсеткіштер шығады.

Геологиялық және өнеркәсіптік кәсіпорындардың ортақ белгілеріне қарамастан, геологияда және халық шаруашылығының қалған салаларында жұмыстар өндірісінің жағдайлары арасында принципіалды айырмашылықтар бар. кез келген өнеркәсіптік кәсіпорынмен салыстырғанда геологиялық кәсіпорын ауқымды аудандарда жұмыс жасайды, ал геологиялық объектілер бір-бірінен алшақ орналасқан, жұмыстар өндірісі олардың бірінен екіншісіне көшіріледі. Өндірістік үрдістің әдістемесінде, технологиясы мен экономикасында өзгерістерді алдын ала анықтай отырып, геологиялық, табиғи, сонымен қатар ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлар тұрақты түрде өзгереді.

Өндіріс сипатына қарай және өндірістік факторларды есепке алып, геологиялық кәсіпорындар көп еңбек жұмсауды қажет ететін болып бөлінеді, оларда жоғары білікті еңбек қолданылады, ал оның нәтижелері жер қойнауларының жағдайы туралы ғылыми ақпарат болып табылады.

§3. Ірі және ұсақ кәсіпорындар, олардың ерекшеліктері.

Нарықтық экономикада ірі кәсіпорындардың үлесі орташа есеппен 20% құрайды, ал ұсақ кәсіпорындардың үлесіне 80%-ға жуығы тиесілі. Алайда, ірі кәсіпорындар 80% жуық ВВП өндіреді. Бұл келесі себептерден болады:

- өндірістің үлкен көлемдері ірі кәсіпорындарға кәсіпорын ішінде еңбекті бөлудің артықшылығын толығымен пайдалануға мүмкіндік береді;

- арнайы маниналар мен жабдықтарды қолдану кезінде еңбек өнімділігі үлкен дәрежеде жоғарлайды;

- қорларды үлкен көлемде алу көтерме шегерімге құқық береді.

Барлық осы артықшылықтар экономикалық теорияда «масштаб әсері» атауына ие болды.

Қазіргі нарықтық экономикада кіші бизнес кеңінен дами бастады, ол келесі артықшылықтарға ие:

- кіші бизнес өзгеретін жағдайларға жеңіл дағдыланады;

- ол аз қаржы салуды талап етеді және олардың жылдам өтелуін қамтамасыз етеді;

- кіші бизнестің дамуы жұмыс күші мен капиталдың қозғалысын жеңілдетеді;

- кіші бизнесті дамыту халықтың жұмыс бастылығын қамтамасыз етудің аса маңызды факторы болып табылады.

Тақырып 3.3: Геологиялық кәсіпорындардың негізгі қорлары.

Жоспар:

1. *Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде негізгі қорлардың маңызы.*

2. *Негізгі қорлардың жіктелуі мен құрылымы.*

3. *Негізгі қорлардың (тізімге алу және құжаттандыру) есепке алу және бағалау.*

4. *Негізгі қорлардың тозуы.*

5. *Негізгі қорлардың амортизациясы.*

6. *Негізгі өндірістік қорларды пайдаланудың көрсеткіштері.*

7. *Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі.*

1. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде негізгі қорлардың маңызы.

Дайын өнімді шығаратын (немесе белгілі бір тапсырмалар орындайтын) кәсіпорындардың өндіріс құралдарының құрамына екі әр түрлі бөлім енеді: біріншісі *еңбек заттарынан* (шикізат, материалдар және т.б.) тұрады, екіншісі *еңбек құралдарынан* (машиналар, жабдықтар, ғимараттар және т.б.) тұрады, олардың көмегімен адам дайын өнімге айналдыра отырып, еңбек заттарына ықпал етеді. Өндірістік үрдіс еңбек құралдары мен еңбек заттары түрліше қатысатын, олардың тұрақты айналымын білдіреді. Еңбек заттары бір өндірістік циклдың барысында толық тұтынылады, өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін оны жаңа еңбек заттарымен тұрақты толтыру талап етіледі. Еңбек құралдары олардың әрбіреуінен кейін өзінің материалдық формасын сақтай отырып, көптеген өндірістік циклдарды қамтамасыз етеді. Өндірістік үрдістегі рөлге сәйкес, дайын өнімнің түзілуінде, сонымен қатар өзінің құнын дайын өнімге көшіруде еңбек құралдары *негізгі қорлардың* формасына, ал еңбек заттары *айналыс құралдарының* формасына ие болады; жиынтығында олар кәсіпорындардың *өндірістік қорларын* қалыптастырады. Өндірістік қорлардың жалпы көлемінде негізгі қорлар үлкен рөлге ие. Осылайша, өнеркәсіпте олар шамамен 80%, ал өндіруші салаларда 85-95% құрайды.

Негізгі қорлар – бұл көптеген өндірістік циклдарға қатысатын, еңбек құралдары, өздерінің натуралдық формасын сақтайды, олардың құны дайын өнімге (орындалған жұмысқа) біртіндеп, жарым-жартылай, тозуына қарай көшіріледі.

Негізгі қорлар *өндірістік және өндірістік емес* болып бөлінеді. Негізгі қорларға өндірістік үрдіске тікелей қатысатын немесе оны жүзеге асыру үшін жағдай жасайтын еңбек құралдары жатады. Өндірістік емес негізгі қорлар – бұл әлеуметтік міндеттегі ұзақ маңызды объектілер. Олар өндірістік үрдіске қатыспағанмен, қоғамдық өндірістегі олардың ролі зор, өйткені олар жұмысшылардың тұрмыстық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, еңбек өнімділігіне жанама ықпал етеді.

2. Негізгі қорлардың жіктелуі мен құрылымы.

Заттық-натуралдық құрамы, өндірістегі міндеті мен қызметі бойынша, геологиялық барлаудың негізгі өндірістік қорлары (НӨҚ) келесі топтарға бөлінеді:

1. өндірістік үрдістің жүруі және материалдық құндылықтарды сақтау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін, өндірістік-техникалық, қызметтік, өндірістік емес және т.б. *ғимараттар*;
2. техникалық қызметтерді орындайтын, *құрылыстар* – инженерлік-құрылыс объектілері (су айдындары, бөгеттер, көпірлер, ұңғымалар, жолдар және т.с.с.);
3. *ауыстыратын құрылғылар* – энергияны жеткізу, сонымен қатар сұйық, газтәрізді және сусымалы заттардың орнын ауыстыру жүргізілетін, дербес объектілер;
4. жылу және электр энергиясын өндіретін және бұл энергияны механикалыққа айналдыратын *күш беретін машиналар мен жабдықтар* (турбиналар, бу қазандықтары, бу машиналары және т.б.);
5. еңбек затына тікелей ықпал етуге арналған *жұмыс машиналары мен жабдықтар* (бұрғылау қондырғылары, түрлі станоктар, машиналар, сораптар, желдеткіштер және т.с.с.);
6. технологиялық үрдістерді өлшеуге, бақылау мен реттеуге арналған *өлшеу және реттеу аспаптары мен құрылғылары, зертханалық жабдықтар*;
7. *есептеу техникасы*;
8. адамдар мен жүктерді тасымалдауға арналған *көлік құралдары*;
9. еңбек заттарын өңдеуге арналған *инструменттер* (кескіштер, бұрғылар және т.б.);
10. *өндірістік және шаруашылық жабдықтар*;
11. өзге негізгі қорлар.

Негізгі қорлардың *өндірістік құрылымы* кәсіпорын бойынша олардың жалпы құнындағы әр топтың үлесімен сипатталады.

Ел территориясының шектеріндегі геологиялық барлау жұмыстарының сан алуандығына, олардың өнеркәсіптік орталықтардан алшақтығына байланысты, жұмыстарды жүргізуде көлік үлкен роль ойнайды. Геологиялық барлаудың негізгі өндірістік қорларының жалпы сомасында көлік құралдарының үлесі 12% артық, өнеркәсіпке қарағанда шамамен 3 есе артық. Сонымен қатар түрлі геологиялық кәсіпорындардың өндірістік құрылымы бірдей емес, өйткені геологиялық тапсырманың мазмұнына, геологиялық барлау жұмыстарының құрамына, технологияға және қолданылатын техникаға, табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді.

3. Негізгі қорларды есепке алу және бағалау (тізімге алу және құжаттау).

Негізгі қорларды натуралдық көрсеткіштермен және ақшалай көріністе есептейді және жоспарлайды. Заттай есепке алу негізгі қорлардың техникалық құрамын, яғни жабдықтардың әр түрлерінің қатынастарын анықтау үшін, негізгі қорлардың технологиялық және жастық құрылымын анықтау, өндірістік аудандарды және жабдықтардың санын есептеу, жабдықтар балансын құру, негізгі қорлардың тозу дәрежесін анықтау және олардың ұдайы өндірісін жоспарлау үшін қажет. Заттай есепке алуды негізгі қорларды жыл сайын тізімге алудың және мерзімді төлқұжаттаудың негізінде жүргізеді. Жабдықтардың төлқұжаттарында мыналар көрсетіледі: қолданысқа енгізілген жылы, габариттер, жүргізілетін жөнделулер, тозу дәрежесі, пайдалану көрсеткіштері және жабдықтардың техникалық сипаттамасының өзге мәліметтері. Негізгі қорлардың құрамында және күйінде болатын барлық өзгерістер төлқұжаттарда көрсетіледі. Ақшалай көріністегі негізгі қорларды бағалау олардың жалпы құнын анықтау, олардың динамикасын есептеу, кеңейтілген ұдайы өндірісті жоспарлау, тозуды анықтау, амортизацияны есептеу, өнімнің (жұмыстардың) өзіндік құнын есептеу, кәсіпорынның рентабельділігін есептеу үшін қажет. Негізгі қорлардың өндірістік үрдіске ұзақ қатысуына, олардың біртіндеп тозуына, сонымен қатар өндіріс жағдайларының өзгеруіне байланысты негізгі қорларды ақшалай бағалаудың бірнеше түрі бар:

1. толық бастапқы құн;
2. тозған құн (тозу құны);
3. қалдық құн, яғни тозуды шегергендегі бастапқы құн;
4. қалпына келтірілген құн;
5. жою құны;

Толық бастапқы құн негізгі қорларды сатып алу (жеткізу мен ортану шығындарын есепке алғанда) немесе құрылыс бағалары бойынша нақты құн болып табылады.

$$Қт = Б + Шж + Шқ, \text{ мұнда}$$

Сп – толық бастапқы құн;

Б – негізгі қорлардың бағасы;

Шж, Шқ – сәйкесінше жеткізу мен құрастыру шығындары.

Толық бастапқы құн бойынша бағалауды негізгі қорларды құрудың өндірістік шығындарының көлемін анықтау үшін қолданылады. Бастапқы құн бойынша кәсіпорындардың негізгі қорларының баланстық құнына жаңадан енгізілетін еңбек құралдары енгізіледі. Бастапқы құн бөлінген амортизациялық сомаларды анықтау үшін қызмет етеді, сондықтан ол негізгі қорлардың ықмет етуінің бүкіл уақытында бухгалтерлік есепте өзгеріссіз қалады.

Тозған құн өндіріс жағдайларында негізгі қорларды игеру үрдісінде дайын өнімнің өзіндік құнына көшірілген, негізгі қорлардың бастапқы құнының бөлігі болып табылады.

$Қтозу = Қт * Тж * Тн / 100$, мұнда

Қт – негізгі қорлардың толық бастапқы құны;

Тж – жылдық тозу дәрежесі (амортизация мөлшері) %;

Тн – негізгі қорларды игерудің нақты мерзімі (жылдар).

Қалдық (тозуды шегергендегі бастапқы) құн бойынша бағалау негізгі қорлардың тозу дәрежесін байқауға және еңбек өніміне әлі көшірілмеген, құнның бөлігін анықтауға мүмкіндік береді. Ол негізгі қорлардың тозу шамасының толық бастапқы құнынан аз.

$Ққалд = Қт - Қтозу$

Қалпына келтіру құны – бұл негізгі қорлар сомасының динамикасын сипаттайтын, (берілген жылдың) жаңа өндірістік жағдайларында негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің құны. Осы құн бойынша негізгі қорларды бағалау – уақыт пен қаражаттың айтарлықтай шығындарын талап ететін, өте күрделі, көп еңбекті қажет ететін үрдісі, сондықтан мұндай бағалау мерзімді түрде жүзеге асырылады.

Негізгі қорларды жою құны негізгі қорларды игерудің толық мерзімі аяқталған соң қалатын, құнды қалдықтардың өзіндік құнын құрайды.

§4. Негізгі қорлардың тозуы.

Өндіріс үрдісінде негізгі қорлар *материалдық (физикалық) тозуға* ұшырайды. Негізгі қорлардың тозғыштығының экономикалық мәні өзінің тұтынушылық құнынан және сонымен бірге нөдірілетін өнімге (жұмысқа) біртіндеп көшірілетін құнынан біртіндеп айырылуынан тұрады. Материалдық тозу негізгі қорларды пайдаланудың нәтижесінде де, олардың әрекетсіздігі кезеңінде де орын алады. Әрекетсіз негізгі қорлар, әсіресе тиісті күтім болмағанда, табиғи үрдістерге ұшырап (металл бөлшектердің коррозиясы, ағаш бөліктерінің бүрсиюі және шіруі, негізгі қорлар жасалған металдардағы ішкі үрдістер), тозады және, осының салдарынан, материалдық тозудың бұл түрі қоғамға тек шығындар әкеледі. Әрекет ететін негізгі қорлардың материалдық тозуы негізгі қорлардың сапасына, жүктеменің деңгейіне, технологиялық үрдістің ерекшеліктеріне және сыртқы жағдайлардың ықпалынан негізгі қорларды қорғау дәрежесіне, соның ішінде агрессивті орталарға, күтім сапасына (тазарту, майлау, бояу, жөнделулердің жүйелілігі мен сапасы), жұмысшылардың біліктілігіне және олардың негізгі қорларға қатынасына тәуелді.

Материалдық (физикалық) тозу $Кф. м$, %, мынадай формула бойынша анықталады:

$$Кф. м = T_n 100 : T_a ,$$

мұнда $T_φ$ – негізгі қорларды игерудің нақты мерзімі, жылдар;

T_a – белгіленген норма бойынша қызмет мерзімі (амортизациялық кезең), жылдар.

Тәжірибеде материалдық (физикалық) тозу заттай объектінің техникалық жағдайын зерттеу жолымен анықталады. Негізгі қорлар толық тозғаннан кейін сынықтар қалады, олар қолданылуы мүмкін (мысалы, қайта қорыту үшін); қалған сынықтар жою құны бойынша бағаланады. Материалдық (физикалық) тозуды натуралдық формада қалпына келтіру үшін,

күрделі жөндеуді немесе негізгі қорларды толық ауыстыруды қолданады. Бұл тозудың орнын толтыру құн формасында амортизациялық бөлінген сомалар есебінен жүргізіледі.

Негізгі қорлар да *моральдық тозуға* жатады. Олар техникалық сипаттамасы мен экономикалық тиімділігі бойынша артта қалады. Моральдық тозудың екі формасын ажыратады. Бірінші формасы жаңа машиналарды енгізумен, техниканы, технологияны жетілдірумен бірге негізгі қорларды дайындау құнының төмендеуі керектігінен тұрады. Моральдық тозудың бұл формасы өндірісті арзандату салдарынан негізгі қорлар құнының азаюынан көренеді, бұл инфляция болмағанда ғана байқалуы мүмкін.

Бірінші формадағы моральдық тозу мына формула бойынша анықталады:

$$K_{mm}^I = 1 - C_k : C_b,$$

мұнда C_k , C_b - негізгі қорлардың қалпына келтіру және бастапқы құны.

Моральдық тозудың екінші формасы жаңа, прогрессивті және тиімді машиналарды немесе жабдықтарды енгізудің нәтижесінде негізгі қорлардың техникалық артта қалуын білдіреді. Техникалық өрлеуі жылдамырақ жүрген сайын, моральдық тозудың салдарынан негізгі қорлардың қызмет мерзімі соншалықты қысқарады. Сонымен қатар әлі физикалық жарамды еңбек құралдары экономикалық тиімсіз болып қалады.

Екінші формадағы моральдық тозудың көрсеткіші мына формула бойынша анықталады:

$$K_{mm}^{II} = \Phi_o^M : \Phi_o^K - 1,$$

мұнда Φ_o^M , Φ_o^K – модернизацияланған және қолданыстағы негізгі қорлардың қор қайтарымының көрсеткіштері.

Моральдық тозу мәселесі өндірісті жетілдіру арқылы шешіледі, соның ішінде, ескіруге дейін пайдалы әсерінің қайтарымын жеделдету үшін, қолданыстағы негізгі қорларды максималды жүктемемен пайдалану қажет. Жаңа объектілерді салу мерзімдерін қысқарту, машиналарға, жабдықтарға, өзге негізгі қорларға қатысты ұзақ қоймалық және құрастыру операцияларын болдырмау керек.

§5 Негізгі қорлардың амортизациясы.

Негізгі қорлардың қызмет ету мерзімінің барысында олардың пайдаланылуына және тұтыну құнын жоғалтуына қарай олардың құнын дайын өнімге (орындалған жұмысқа) көшіру жүзеге асырылады. Негізгі қорлар тозуының ақшалай өтемі, негізгі қорлардың тозу дәрежесіне сәйкес келетін, *амортизациялық бөлінген сомалар* болып табылады. Бұл бөлінген сомалардың құрамына өнімнің (жұмыстардың) өзіндік құны кіреді, өйткені олар, негізгі қорларда заттанған және өндірілетін өнімге (орындалған жұмысқа) көшірілген, еңбектің шынайы шығындарын құн формасында бейнелейді. Амортизациялық сомалар әрекеттегі кәсіпорындардың негізгі қорларының құнына қарай, олардың игеруде, жөндеуде немесе жұмыссыз тұрғанына тәуелсіз бөлінеді.

Амортизация негізгі қорлардың физикалық және моральдық тозуының ақшалай көрінісі болып табылады. Амортизация қатардан шыққанда негізгі қорларды толық ауыстыру мақсатында жүзеге асырылады. Амортизациялық бөлінген сомалар негізгі қорлардың құнына, оларды игеру уақытына, модернизацияға кеткен шығындарға тәуелді.

Амортизацияның жылдық сомасының, пайызбен берілген, негізгі қорлардың құнына қатынасы *амортизация нормасы* деп аталады. Пайызбен бөлінген амортизация нормасы еңбек құралдары жыл сайын өзінің баланстық құнының қандай үлесін өндірілетін өнімге көшіретінін көрсетеді. Белгіленген нормалар бойынша амортизациялық бөлінген сомалар дайын өнімнің құнына кіреді. Амортизация нормасын есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$Na = [(Қб - Қж) / (Та * Қб)] * 100\%,$$

мұнда $Қб$ – негізгі қорлардың бастапқы құны, а.б.;

$Қж$ – негізгі қорларды жою құны, а.б.;

$Та$ – негізгі қорлардың нормативтік мерзімі (амортизациялық кезең), жыл.

Амортизация нормаларының деңгейі негізгі қорлардың тозған бөлігін қалпына келтіру үшін қажетті, ресурстардың көлемін анықтайды. Амортизация нормаларының көмегімен

негізгі қорлардың айналым жылдамдығы реттеледі, оларды ұдайы өндіру үрдісі қарқындалады. Амортизация нормалары және оларды негізгі қорлардың топтары бойынша дифференциация арқылы кәсіпорындағы техникалық және өндірістік саясат жүзеге асырылады.

Негізгі қорларды толық қалпына келтірудің амортизациялық есептеулерінің сомасы мына формула бойынша анықталады:

$$A = \text{ҚБ} * \text{На} / 100\%,$$

мұнда ҚБ – негізгі қорлардың бастапқы (орташа жылдық) құны, а.б.

амортизациялық есептеулердің шамасы үш әдіспен анықталады: біркелкі, біркелкі жеделдетілген және жедел. Амортизациялық есептеулердің шамасын анықтаудың *біркелкі әдісі* негізгі қорлардың біркелкі физикалық және моральдық тозуына бағдарланған. Мұндай мүмкіндік физикалық тозуға қатысты айтарлықтай заңды болып табылады. Алайда моральдық тозудың жайы мұндай емес. Ғылым, өндіріс техникасы, технологиясы біркелкі дамымайды. Негізгі қорлардың моральдық тозуы көп жағдайда амортизация нормаларында көзделгендей біркелкі емес, жедел қарқынмен жүреді. Сондықтан кәсіпкер негізгі қорлардың жедел моральдық тозуы туындағанда, оларды ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, амортизациялық бөлінген сомалары болу керек. Негізгі қорлардың жедел амортизациясының әдісін қолданып, бұл мәселені шешуге болады, алғашқы үш жылда өнімнің құнынан олардың бастапқы құнының шамамен 2/3 көшіруге мүмкіндік беретін, артық нормалар қолданылады. Осыдан қалған құн қабылданған амортизациялық кезеңнің шектерінде қызмет етудің қалған жылдарының әрбіреуі бойынша амортизацияның бірдей (тұрақты) нормалары бойынша көшіріледі.

Қазіргі уақытта *біркелкі емес амортизация* кең таралған, онда жабдықтар құнының үлкен бөлігі игерудің алғашқы жылдарында өндіріс шығындарынан тұрады. мысалы, бірінші жылы – 50%, екінші жылы – 30%, үшінші жылы – 20%. Бұл кәсіпорынға инфляция жағдайында кеткен шығындарды жылдам өтеуге және оларды жабдықтар паркін бұдан ары жаңартуға бағыттауға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар амортизациялық есептеулердің сомасын дербес қолданады, оны кәсіпорынның ғылыми-техникалық, өндірістік дамытуға, негізгі қорларды ұдайы өндіруге және жетілдіруге бағыттайды.

§6. Негізгі өндірістік қорларды пайдаланудың көрсеткіштері.

Өндірістік үрдістердің техникалық жабдықталуы геологиялық сала қызметкерлері еңбегінің қор жарактануының көрсеткішімен сипатталады.

Еңбектің қор жарақтануы Q_e а.б./адам – бұл негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнының қызметкерлердің орташа тізімдік санына қатынасы:

$$Q_e = Q_{\text{нег}} : T_o,$$

мұнда $Q_{\text{нег}}$ – негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, а.б.;

T_o – қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам.

Кәсіпорындардың және өнеркәсіп салаларының негізгі өндірістік қорларын пайдалану деңгейін анықтайтын ортақ көрсеткіш *қор қайтарым* болып табылады, ол негізгі өндірістік қорлардың 1 а.б. тиісті өнімді шығаруға (орындалған геологиялық жұмыстардың көлеміне) сәйкес келеді:

$$K_q = B : Q_{\text{нег}},$$

K_q – қор қайтарым, т / а.б.,

B – өнімді (орындалған геологиялық барлау жұмыстарын) шығарудың жылдық көлемі, т; а.б.

Өндірілген өнімнің (орындалған жұмыстардың) көлемі натуралдық, шартты-натуралдық және құн бірліктерімен берілуі мүмкін.

Негізгі өндірістік қорлардың қызмет ету тиімділігінің екінші жалпылаушы көрсеткіші *қойсыйымдылық* болып табылады, ол қолданылған негізгі өндірістік қорлардың орташа

жылдық құнының құндық немесе натуралдық көріністегі өнімнің (жұмыстардың) жылдық көлеміне қатынасы:

$$Қсый = Қнег : III.$$

Негізгі өндірістік қорларды пайдаланудың тиімділігі туралы тек қорқайтарым немесе қорсыйымдылық деңгейі бойынша тұжырымдауға болмайды. Геологиялық барлауда қорқайтарымның төмендеуіне еңбек өнімділігінің өсуі, материалдарды, энергияны үнемдеу, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлаудың тиімдірек әдістерін қолдану және т.с.с. есебінен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу шығындарының қысқаруы ұласуы мүмкін. Сондықтан қолданыстағы өндірістік қорларды пайдаланудың экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде *рентабельділік деңгейі* болуы керек:

$$P = П100 : Қө,$$

мұнда P – өндірістік қорларға қатысты рентабельділік деңгейі, %;

$П$ – жылдық пайда сомасы, а.б.;

$Қө$ – өндірістік қорлардың (негізгі өндірістік қорлардың және мөлшерленетін айналым құралдарының) орташа жылдық құны, а.б.

Жалпы кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларын пайдалануды сипаттайтын, аталған көрсеткіштерден басқа, машиналар мен жабдықтардың пайдаланылуын бағалау үшін, басқа жеке көрсеткіштерді де пайдаланады. Оларға мыналар жатады:

Жабдықтар паркін қолдану коэффициентін $K_{қол}$ жұмыстағы жабдықтар (машиналар) бірлігінің санын кәсіпорынның (ұйымның) қарамағындағы, осы түрдегі жабдықтардың (машиналардың) жалпы санына бөлу арқылы анықтайды.

Экстенсивті жүктеме коэффициенті $K_{экс}$, жабдықтардың (машиналарды) уақыт ішінде қолдануды сипаттайды, жыл ішіндегі сағатпен алынған нақты атқарылған машиналық уақыттың сағатпен алынған машинаның (жабдықтың) күнтізбелік, режимдік немесе жоспарлы уақыт қорына қатынасына тең:

$$K_{экс} = T_n : T_k \text{ (р. жос.)},$$

мұнда T_n және T_k (р. жос.) – жыл ішіндегі нақты, күнтізбелік (режимдік және жоспарлы) уақыт, сағ.

Интенсивті жүктеме коэффициенті $K_{инт}$ жабдықты қуаты бойынша пайдалануды сипаттайды; уақыт бірлігінде шығарылған өнімнің (жұмыстың) нақты санын III_n , сол уақыт бірлігінде берілген қорлар көмегімен жүргізуге болатын, өнімнің (жұмыстың) максималды (немесе нормативтік) шығарылымы $III_n.t$:

$$K_{инт} = III_n : III_n.t$$

Жабдықтың жалпы (интегралдық) жүктемесінің коэффициенті $K_{жал}$, оның уақыт ішінде және қуаты бойынша пайдаланылуын сипаттайды, жабдықты экстенсивті және интенсивті пайдалану коэффициенттерімен анықталады:

$$K_{жал} = K_{экс} K_{инт}.$$

§7 Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі.

Негізгі қорларды қарапайым және кеңейтіп ұдайы өндірудің түрлі формалары бар. *Қарапайым ұдайы өндірістің формалары* – ескірген еңбек құралын ауыстыру және күрделі жөндеу. Кәсіпорындар жөндеу қорын құруға құқылы. Жөндеу қорына бөлінетін қаражаттардың дайын сомасын дербес бекітілген нормативтер бойынша кәсіпорын анықтайды. Бұл қор негізгі қорларды жөндеудің барлық түрлерін қаржыландыру үшін қолданылады. Жөндеу қоры құрылмауы да мүмкін. Онда жөндеу шығындары тікелей өнімнің өзіндік құнына енеді, ал өндірістік емес қорлар бойынша пайда есебінен өтеледі. Жөндеу қоры жөндеу шығындарын айтарлықтай біркелкі өтеуге мүмкіндік береді.

Негізгі қорларды *кеңейтіп ұдайы өндірудің* формаларына жаңа құрылыс, әрекеттегі кәсіпорындарды кеңейту, оларды қайта құру және техникалық қайта жарақтау, жабдықтарды жаңарту жатады. Бұл формалардың әрбіреуі белгілі бір міндеттерді шешеді, артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Жаңа құрылыстың есебінен негізгі қорларының барлық элементтері техникалық өрлеудің осы заманғы талаптарына сай келетін жаңа кәсіпорындар қолданысқа енгізіледі, ел территориясы бойынша өндіргіш күштерді дұрыс орналастыру мәселесі

шешіледі. Алайда нарықтық экономикаға өту кезеңінде, өндіріс төмендеген кезде және көптеген кәсіпорындар қаражаттың жетіспеуінен әрекет етуін тоқтатқанда, әрекеттегі кәсіпорындарды қайта құру мен техникалық қайта жарақтауға көңіл бөлінеді. Қайта құру кезінде күрделі қаржылардың негізгі бөлігі ескі өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды пайдаланып, қорлардың белсенді бөлігін жетілдіруге бағытталады. Жабдықтарға кететін шығындарды арттыру күрделі қаржылардың сол көлемінде өндірістің жоғары өсіміне ие болуға және осының негізінде еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Негізгі қорларды кеңейтіп ұдайы өндірудің формасы жабдықтарды жаңарту да болып табылады, бұл екінші формадағы моральдық тозуды толық немесе ішінара жою, жетілген конструкциялы ұқсас жабдықтардың техникалық-экономикалық сипаттамаларын арттыру мақсатында оны жаңарту болып табылады.

Жабдықтарды жаңарту бірнеше бағытта жүруі мүмкін:

- режимдік сипаттамалары мен техникалық мүмкіндіктерін арттыратын, әрекеттегі машиналардың конструкцияларын жетілдіру;
- жабдықтардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін станоктар мен механизмдерді механизациялау және автоматтандыру;
- жабдықтарды бағдарламалық басқаруға көшіру.

Егер жаңартуды жүргізудің нәтижесінде жылдық өндіріс көлемі артса, еңбек өнімділігі артып, өнімнің өзіндік құны төмендесе, жабдықтарды жаңарту экономикалық тұрғыда өте тиімді. Сонымен қатар өндіріс рентабельділігінің артуы қажет. Егер жаңартуға кеткен шығындардың нәтижесінде өндірістік қорлардың артуына қарағанда, пайданың салыстырмалы өсімі артық болса, соңғысына қол жеткізуге болады.

Тақырып 3.4: Геологиялық кәсіпорындардың айналым құралдары.

Жоспар:

1. Өндірістік айналым қорлары мен айналдыру қорлары.
2. Айналым құралдарын қалыптастырудың көздері.
3. Айналым құралдарын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері.

§1. Өндірістік айналым қорлары мен айналдыру қорлары.

Үздіксіз өндіріс үрдісін қамтамасыз ету үшін, негізгі өндірістік қорлармен қатар еңбек заттары, материалдық ресурстар қажет. Айналым қорлары – өндіріс үрдісінің міндетті элементі, өнімнің өзіндік құнының негізгі бөлігі. Өнімнің бірлігіне кеткен шикізаттың, материалдардың, отын мен энергияның шығыны аз болған сайын, оларды алу мен өндіруге кететін еңбек үнемді шығындалады, өнім арзанырақ болады.

Айналым құралдары өндірістік айналым қорларынан және айналыс қорларынан тұрады. **Өндірістік айналым қорларына** еңбек үрдісінің заттық элементтері жатады, олар негізгі өндірістік қорларға қарағанда, әр өндірістік циклде шығындалады, олардың құны еңбек өніміне тұтас және бірден көшіріледі, өзінің натуралдық формасының түрін өзгертеді.

Кәсіпорындардың өндірістік айналым қорлары үш бөліктен тұрады:

1. өндірістік қорлар;
2. аяқталмаған өндіріс;
3. болашақ кезеңдердің шығындары.

Өндірістік қорлар – бұл өндірістік үрдісте пайдалануға дайындалған еңбек заттары; олар шикізаттан, негізгі және қосалқы материалдардан, отыннан, жанар майдан, сатып алынатын жартылай фабрикаттардан және жинақтаушы бұйымдардан, ыдыстан және ыдыс материалдарынан, негізгі қорларды ағымдағы жөндеуге арналған қосымша бөлшектерден тұрады. *Геологиялық кәсіпорынның өндірістік қорларының топтары:*

1. материалдар, отын және қосалқы бөлшектер;
2. аз құнды және жылдам тозатын заттар, арнайы киім, арнайы аяқ-киім және төсек-орын жабдықтары;
3. кезекті жабдық, керек-жарақтар мен айналдырма құбырлар;
4. өнеркәсіптік және азық-түлік тауарлары.

Аяқталмаған өндіріс – бұл өндірістік үрдіске түскен еңбек заттары: өңдеу немесе құрастыру үрдісіндегі материалдар, бөлшектер, тораптар мен бұйымдар. Бұл геологиялық тапсырманың жеке орындалмаған бөліктері, бұрғылау мұнараларын тұрғызу, бұрғылау жабдықтарын құрастыру және бөлшектеу бойынша аяқталмаған жұмыстар.

Болашақ кезеңдердің шығындары – бұл осы кезеңде (квартал, жыл) жүргізілетін, бірақ болашақ кезеңнің өніміне жататын немесе алдағы жылдардың геологиялық барлау жұмыстарының құнына енгізілетін, өндірістің жаңа әдістерін дайындау мен игеруге кететін шығындардан тұратын, айналым қорларының заттық емес элементтері.

Қозғалысындағы өндірістік айналым қорлары айналым саласына қызмет көрсететін **айналым қорларынан** да тұрады. Олар қоймалардағы дайын өнімнен, атқарылған геологиялық барлау жұмыстарынан, ақша қаражаттарынан және өнімді тұтынушылармен есептесудегі қаражаттардан, соның ішінде, дебиторлық берешектен тұрады. Айналыстың айналым қорларын түзуге арналған, кәсіпорынның ақша қаражаттарының жиынтығы *кәсіпорынның айналым құралдары* құрайды.

Айналым қорларының жеке элементтерінің немесе олардың құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынас (%) *айналым қорларының құрылымы* деп аталады.

§2. Айналым құралдарын қалыптастырудың көздері.

Қалыптастыру көздері бойынша айналым құралдары *меншікті және заемды* болып бөлінеді.

Меншікті айналым құралдары – бұл үнемі кәсіпорынның қарамағында болатын және меншікті ресурстардың есебінен қалыптасатын құралдар (пайда және т.б.). Меншікті айналым құралдары келесі көздерден түзіледі:

- бастапқы капитал қаржылары;
- тауар өнімдерін өткізуден түскен ақшалай түсім;
- іске аспай қалған мүліктерді сату және жалға беруден түскен қаржы;
- басқа кәсіпорындар қызметінде үлестік қатысудан түскен қаржы;
- банктік тайыз бойынша табыс;
- акциялар бойынша табыс (дивиденттер);
- мүліктерді өтеусіз сыйға алу;

Қозғалыс үрдісінде меншікті айналым құралдары меншіктің бір бөлігі болып табылатын, еңбек төлеміне авансталған, бірақ уақытша бос (жалақы бойынша төлемнің бір жолдылығына байланысты) құралдармен алмастырылуы мүмкін. Бұл құралдар *меншіктіге теңестірілген немесе тұрақты пассивті* деп аталады.

Заемдік айналым құралдары – банк несиелері, несиелік берешек (коммерциялық несие) және өзге пассивтер.

§3. Айналым құралдарын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері.

Геологиялық кәсіпорынның айналым құралдарын пайдаланудың тиімділігі *айналым құралдарының қайтарымдылығымен* – қарастырылатын кезеңдегі (ай, квартал, жыл) айналым құралдарының айналу санын; бір айналыс жүзеге асырылатын күндер саны; қайтарымдылықты жеделдету нәтижесінде айналыстан шыққан қаражаттардың сомасын білдіретін көрсеткішпен сипатталады.

Белгілі бір кезеңде (жыл, квартал, ай) айналым құралдарының айналымдарының саны немесе *құралдардың қайтарымдылық коэффициенті* $K_{қай}$ мына формула бойынша анықталады

$$K_{қай} = Q_{ж} : Q_o ,$$

мұндай $Q_{ж}$ – геологиялық барлау жұмыстарының көлемі, тг;

Q_o – берілген кезеңдегі айналым құралдарының орташа сомасы, тг.

Қайтарымдылық коэффициенті айналым құралдарының әр бірлігінің көмегімен ақшалай көріністегі геологиялық барлау жұмыстарының қандай көлемі орындалғанын көрсетеді.

Орындалған геологиялық барлау жұмыстарының 1тг. тиісті айналым құралдарының мөлшері қайтарымдылық коэффициентіне кері көрсеткішті білдіреді және *айналым құралдарын бекіту коэффициенті* деп аталады.

$$1 / K_{об} = Q_c : Q_p .$$

Бір айналыстың орташа ұзақтығы K (күндер) мына формула бойынша анықталады:

$$K = T : K_{қай}$$

мұнда T – берілген кезеңнің ұзақтығы, күндер.

Айналым құралдары бойынша есептеулер үшін кезеңнің ұзақтығын әдетте ай үшін 30 күн, квартал үшін 90, жыл үшін 360 күн деп қабылдайды.

Кәсіпорынның айналым құралдары *айналысқа* түсіп, үнемі қозғалыста болады. Айналыс саласынан олар өндіріс саласына көшеді, содан соң өндіріс саласынан қайтадан айналыс саласына және т.с.с. көшеді.

Айналым құралдары толық айналатын, яғни өндіріс кезеңі мен айналыс кезеңінен өтетін уақыт *айналым құралдарының айналыс кезеңі* деп аталады. Бұл көрсеткіш кәсіпорындағы немесе саладағы қаражаттар қозғалысының орташа жылдамдығын сипаттайды.

Айналым құралдарының қайтарымдылығын үдету қазіргі жағдайдағы кәсіпорындардың бастапқы міндеті болып табылады және оған келесі жолдармен қол жеткізуге болады.

Өндірістік қорларды құру сатысында – қордың экономикалық негізделген нормаларын енгізу; шикізатты, жартылай фабрикаттарды, құраушы бұйымдарды және т.б. тұтынушыларға жеткізушілерді жақындату; тура ұзақ байланыстарды кең пайдалану; материалдық-техникалық қамтамасыз етудің қоймалық жүйесін, сонымен қатар материалдар мен жабдықтарды көтерме сауда жүйесін кеңейту; қоймалардағы тиеу-түсіру жұмыстарын кешенді механизациялау және автоматтандыру.

Аяқталмаған өндіріс сатысында – ғылыми-техникалық өрлеуді үдету (прогрессивті, әсіресе қалдықсыз және аз қалдықты техника мен технологияны енгізу).

Айналыс сатысында – тауар тұтынушыларды оны өндірушілерге жақындату; есептеу жүйелерін жетілдіру; тікелей байланыстар бойынша тапсырыстарды орындау салдарынан сатылған өнімнің көлемін арттыру.

Тақырып 3.5: Өнімнің және геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны.

Жоспар:

1. *Өзіндік құн – маңызды экономикалық категория ретінде.*
2. *Өзіндік құнның құрылымы мен шығындардың жіктелуі.*
3. *Геологиялық кәсіпорынның негізгі және қосымша шығындарының құрамы.*
4. *Өзіндік құнды төмендетудің негізгі бағыттары.*

Өзіндік құн – маңызды экономикалық категория ретінде.

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны жеке геологиялық ұйымдардың және жалпы саланың минералды шикізаттың кенорындарын іздеу мен барлауға шығындаған шығындарының ақшалай көрінісі болып табылады.

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құнына кіретін шығындарға өндірістік жұмысшылардың, ұйымның жетекшілері мен мамандарының жалақысы және оның есептемелері, далалық үлес, материалдар мен электр энергиясының құны, негізгі құралдардың амортизациясы, аз құнды және жылдам тозатын заттардың тозуы, меншікті қосалқы-көмекші өндірістердің қызметтері және сырттай қызметтер, өндірістік көлік шығындары, сонымен қатар өндірісті басқару мен қызмет көрсету шығындары (қосымша шығындар).

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны геологиялық барлау үрдісінің жеке сатылары – геологиялық түсірім мен геофизикалық жұмыстар, іздеулер, алдын ала және түбегейлі барлау, тау бұрымы шектерінде барлау бойынша шығындардан қалыптасады. Әр сатыны орындау шығындары, өз кезегінде, жұмыстардың жеке түрлерінің өзіндік құнынан құралады: барлау бұрғылауы, тау-кен қазбаларын жүргізу және т.б.

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны – геологиялық ұйымдардың іс-әрекетінің түрлі қырларын сипаттайтын, маңызды жалпылаушы көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіште жұмыстар ауданының географиялық орналасуы, зерттелетін объектінің табиғи жағдайлары, пайдалы қазба кенорындар іздеу мен барлаудың әдістемесі, іздеу жұмыстарын жобалау, жоспарлау және ұйымдастыру деңгейі, еңбек өнімділігінің деңгейі және оның техникалық жарақтану дәрежесі, кадрлардың біліктілігі, технологиялық үрдістердің игерілуі, материалдарды шығындаудағы үнемдеу режимі және т.с.с. көрініс табады.

§2. Өзіндік құнның құрылымы мен шығындардың жіктелуі.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге кететін барлық шығындарды бірқатар белгілер бойынша топтайды.

Өндірістік міндеті бойынша шығындарды *негізгі* және *қосымша* деп бөледі. Негізгі шығындар геологиялық барлау жұмыстарының өндіріс үрдісімен тікелей байланысты. Оларға материалдарға, технологиялық отын мен энергияға кететін шығындар, қызметкерлер құрамының (жұмысшылардың, жетекшілер мен мамандардың) жалақысы, далалық үлес,

амортизациялық сомалар, аз құнды және жылдам тозатын заттардың тозуы, қосалқы-көмекші өндірістердің қызметтері және сырттай қызметтер, өндірістік көлік жатады. Қосымша шығындар геологиялық барлау жұмыстарының өндірісін басқарумен, ұйымдастырумен және қызмет көрсетумен байланысты.

Есептеу тәсілі бойынша тікелей және жанама шығындарды ажыратады. Тікелей шығындарға мөлшерін жұмыстың әр түрі үшін тікелей анықтауға болатын шығындар жатады, мысалы, негізгі жұмысшылардың жалақысы, материалдар, энергия және т.с.с. Жұмыстардың нақты түріне тікелей жатқызылуы мүмкін емес шығындар жанама деп есептеледі; олар жұмыстардың әртүрлерінің арасында шартты түрде, жанама жолмен бөлінеді. Жанама шығындарға мысал қосалқы-көмекші өндірістердің қызметтері, қосымша шығындар бола алады.

Құрамы бойынша барлық шығындар *қарапайым және кешенді (күрделі)* болып бөлінеді. Берілген кәсіпорында бұдан ары түрлі баптарға таратуға болмайтын біртекті шығындар қарапайым деп аталады. Оларға негізгі және қосымша жалақыны, жалақының есептеулерін, амортизацияны, сырттан алынатын материалдарды, отынды, электрэнергиясын, түрлі ақша шығындарын жатқызады. Кешенді шығындар – бұл бірнеше элементтен тұратын, бірақ бір баптың өзіндік құнында бейнеленетін шығындар. Олар қарапайым элементтерге бөлінуі мүмкін, мысалы, қосымша шығындар, сонымен қатар электрэнергиясы және берілген кәсіпорында шығарылатын сығылған ауа.

Экономикалық мазмұны бойынша өндіріс шығындары *жанды және заттай еңбек* шығындарына бөлінеді. Жанды еңбек шығындарына өндірістің барлық қызметкерлерінің жалақысын және оның есептеулерін жатқызады. Заттай (өткен) еңбектің шығындары материалдарға, отынға, энергияға, аз құнды және жылдам тозатын мүлікке, арнайы киім мен өзге материалдық құндылықтарға кететін шығындардан, сонымен қатар негізгі қорлардың амортизациясынан құралады.

Шығындардың берілген түрінің өндіріс көлемімен байланысына қарай айнымалы және шартты-тұрақты шығындарды ажыратады. Айнымалы шығындар геологиялық барлау жұмыстары көлемінің өсуіне тура пропорционал өседі (мысалы, материалдар, өндірістік жұмысшылардың жалақысы және т.с.с.), шартты-тұрақтылар – геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне тәуелсіз өзгереді (жарықтандыру, жылу, ғимараттар мен құрылыстардың амортизациясы, басқару қызметкерлерінің жалақысы).

3. Геологиялық кәсіпорынның негізгі және қосымша шығындарының құрамы.

Геологиялық кәсіпорынның негізгі шығындарының құрамы.

- Жетекшілердің, мамандар мен жұмысшылардың (геологиялық барлау жұмыстарының өндірісінде тікелей қамтылған) *негізгі жалақысы* еңбек төлемдерінің нормаларына, жетекшілер мен мамандардың лауазымдық еңбекақы мөлшеріне, барлық үстеме төлемдер есепке алынған тарифтік мөлшерлемелерге қарай есептеледі;
- *Қосымша жалақы;*
- *Әлеуметтік сақтандыру есептеулері* (кәсіпорынның әлеуметтік салығы);
- *Материалдар, электрэнергиясы, сығылған ауа мен су;*
- *Негізгі қорлардың амортизациясы* жабдықтардың тиісті топтары үшін амортизацияның белгіленген нормаларына және оның орташа жылдық құнына қарай анықталады;
- *Аз құнды және жылдам тозатын заттардың және* кезекті жабдықтардың (бұрғылау және айналдырма құбырларды қосқанда) *тозуы* оларды сатып алу құнына және қызмет мерзіміне қарай анықталады;
- *Қосалқы-көмекші өндірістердің қызметтері* және сырттай қызметтер механикалық шеберханалардың, зертханалардың және өзге меншікті қосалқы-көмекші өндірістердің және сыртқы ұйымдардың жұмыстары мен қызметтерін жоспарлайды;
- *Көлік шығындарын* геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде, сонымен қатар жұмыс орнына және кері жүктер мен қызметкерлер құрамын тасымалдауда қолданылатын, меншікті және жалдамалы көліктің барлық түрлері көрсететін қызметтердің құны ретінде анықтайды.

Геологиялық кәсіпорынның қосымша шығындарының құрамы.

Негізгі шығындардың сомасына жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық қажеттіліктерге геологиялық өндірістік ұйымның шығындарын есепке алатын, қосымша шығындар есептеледі.

Геологиялық ұйымдардың жалпы өндірістік шығындарының құрамына еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына, арнайы киімнің тозуына қаржылық емес сипаттағы шығындар, кәсіпорынның жоғары және орта оқу орындарына іссапарға жіберілген студенттерді оқытуға кететін шығындарды қосқанда, қызметкерлерді дайындау мен біліктілігін арттыру шығындары, студенттердің өндірістік тәжірибесі мен дала қызметкерлерін қоғамдық тамақтандыру шығындары кіреді.

Жалпы шаруашылық шығындар кәсіпорындардың әкімшілік-шаруашылық және қызмет көрсетуші қызметкерлерінің жалақысының барлық түрінен, өндірістік ғимараттарды ұстау шығындарынан, әкімшіліктегі қызметкерлердің кеңселік және пошта-телеграф шығындарынан, диспетчерлік қызметті ұстау шығындарынан, сонымен қатар жаңа техниканы жасағаны және енгізгені үшін қызметкерлерге сыйақы тағайындауға бөлінген сомалардан тұрады.

Сонымен қатар, қосымша шығындарды *ерекше есептеулер* түрінде, өндірістік-шаруашылық әрекетке экономикалық талдау жүргізуге, жобалық-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге бөлінген сомалар түрінде болады. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, жаңа техниканы игеру шығындары қосымша шығындарда жеке жолға бөлінген.

Қосымша шығындардың нормалары және оларды жеке баптар бойынша бөлу геологиялық ұйымдардың орналасуының географиялық-экономикалық жағдайларына және орындалатын жұмыстардың түрлеріне тәуелді. Мемлекеттік унитарлы геологиялық кәсіпорындар үшін олар 25-35% шектерінде және т.с.с.

Жоспарлы қор жиналымдары.

Геологиялық барлау өндірісінде оның айрықша ерекшеліктерінің салдарынан пайданы қалыптастыру ерекше сипатқа ие. Геологиялық барлау жұмыстары айтарлықтай уақыт кезеңінде жүзеге асырылады, сонымен қатар олар оңды ғана емес, теріс нәтижеге де ие болуы мүмкін. Геологиялық барлау жұмыстарының қол жеткен нәтижелеріне тәуелсіз, геологиялық кәсіпорын пайда алу керек, сондықтан өндіріс (геологиялық тапсырманы орындау) шығындарының сметасын құрғанда негізгі және қосымша шығындардан басқа, ерекше жоспарлы қор жиналымдарын қалыптастыру қажет, олар пайда ролін атқарады және геологиялық өндірістік ұйымға қажетті орташа рентабельділікті қамтамасыз етеді.

Олар негізгі және қосымша шығындар сомасының 14-тен 20% дейінін құрайды. Сметада жоспарлы қор жиналымдарының болуы геологиялық өндірістік ұйымға салықтар мен алымдарды төлеу қаражатына ие болуға, банк несиесінің пайыздарын төлеуге, экономикалық ынталандыру қорларына қаражат бөлуге және т.с.с. мүмкіндік береді.

§4Өзіндік құнды төмендетудің негізгі бағыттары.

Көп еңбекті қажет етуімен ерекшеленетін геологиялық барлау жұмыстарында өзіндік құнды төмендетудің басты бағыты *еңбек өнімділігін арттыру* болып табылады. Геологиялық барлау қызметкерлерінің өнімділігі артқан сайын, геологиялық барлау жұмыстарының өндіріс қарқындары соншалықты жылдамырақ және геологиялық тапсырмаларды орындау мерзімдері соншалықты қысқа.

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құнын азайтудың бір көзі жаңа, прогрессивті алмастырғыштарды енгізу, материалдарды пайдалану коэффициентін арттыру есебінен *материалдық шығындарды үнемдеу* болып табылады.

Геологиялық барлау жұмыстарын арзандатудың көзі далалық жұмыстар орнына және кері қарай геологиялық ұйымдардың *қызметкерлері мен жүктерді тасымалдау шығындарын қысқарту* болып табылады. Көлік шығындары геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік

құнында жалақыдан кейін екінші орын алады және өндірістің бүкіл шығындарының шамамен 15-16% құрайды. Көлік шығындарын азайту үшін, материалдық құндылықтардың жақын маңдағы жеткізушілерін табу, көліктің арзан түрлерін таңдау және оларды толығырақ пайдалану, жүк тасымалдаудың бағыт-жолдарын және жүк ағымдарының схемаларын дұрыс жоспарлау, жүктелмеген көліктің жүрісін қысқарту, тиімсіз тасымалдарды, сонымен қатар жүгі бар және жүксіз көліктің тұруын жою және т.с.с. қажет.

Геологиялық ұйымдардағы өндіріс шығындарын азайтуға *технологиялық жабдықтардың жұмыс уақытын арттыру*, артық жабдықтарды сату және әрекеттегі станоктар мен механизмдерді максималды жүктеу арқылы қол жеткізіледі.

Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құнын төмендетудің маңызды көзі *өндірістік басқару мен қызмет көрсету шығындарын қысқарту* болып табылады. Геологиялық барлаудағы бұл шығындар айтарлықтай үлкен: олар салалық өзіндік құнның шамамен 15% құрайды, ал кейбір геологиялық ұйымдардың өзіндік құнында олардың үлесі бұдан артық. Қосымша шығындарды қысқартуға геологиялық барлау қызметінің өндірістік құрылымын жетілдіру, жоғарыдан төмен қарай басқару органдарын жеңілдету мен жетілдіру, басқару қызметкерлерінің еңбегін механизациялау мен ұйымдастырылуын жақсарту жолымен қол жеткізіледі.

Өзіндік құнды төмендету үшін *брак шығындарын жою, технологиялық тәртіпті бекіту* және геологиялық барлау жұмыстары мен геологиялық тапсырмалардың орындалу сапасына қатаң бақылау орнату үлкен маңыз ие. Геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құнын төмендетуге геологиялық ұйымдардағы түрлі өндірістік емес шығындарды, мысалы, айыппұлдарды, өсімдерді және т.б. жою жоғары ықпалын тигізуі мүмкін.

Өзіндік құнның төмендеуін жоспарлаған кезде барлық маңызды факторлар мен көздер есепке алыну керек. Ол үшін ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың бағдарламасын құрастырады, онда әр фактордың ықпалына экономикалық негіздеме беріледі және оның жеке көздері бойынша өзіндік құнның төмендеуі есептеледі.

Тақырып 3.6: Нарықтық экономика жағдайында бағаның түзілуі.

Жоспар:

1. Нарықтық экономика жағдайындағы баға және бағаны қалыптастырушы факторлар.
2. Нарық жағдайында бағаны қалыптастыруда мемлекеттің рөлі.
3. Нарықтық экономикада бағалардың түрлері.
4. Бағаларды орнату бойынша кәсіпорындардың міндеттері (бағаны орнатудың кезеңдері мен әдістері).

Нарықтық экономика жағдайында баға үлкен маңызға ие. Баға өндірістің құрылымы мен көлемін, тауарлардың таралуын, қоғам өмірінің деңгейін анықтайды.

Баға және баға саясаты кәсіпорын үшін – бұл фирманың нарықтық әрекетінің маңызды («тауардан» кейін екінші) элементі. Сондықтан да баға саясатын құрған кезде нарықта тиімді әрі ұзақ әрекет етуге ниеттенген, кез келген кәсіпорынның басшылығы тарапынан аса зор көңіл бөлінеді, өйткені кез келген жалған (ақылға салынбаған) қадам дереу сатылымдар динамикасы мен рентабельділікте көрініс табады.

Тауар бағасын орнату әрқашан көптеген *баға түзуші факторларды* есепке алу қажеттілігімен байланысты, соның ішінде:

1. сұраныс пен ұсыныс;
2. тауардың өзіндік құны (немесе тауардың құндық бағасы);
3. бәсекелестердің бағасы (және оны өзгерту мүмкіндігі);
4. бағаның мүмкін өзгерісіне сатып алушылардың ықтимал реакциясы;
5. баға саясатына мемлекет тарапынан тікелей және жанама ықпал.

1. Сұраныс пен ұсыныс – бұл маңызды баға түзуші факторлар.

Сұраныс – бұл тұтынушының белгілі уақытта және нақты жерде тауарды (қызметті) сатып алудың қаржылық мүмкіндігі. Сұраныстың жалпы шамасы тауарға деген сұраныс пен келесі (бағалық және бағадан тыс) факторлардың арасындағы өзара байланысты көрсетеді: тауардың

бағасы, алмастырғыш-тауарлардың бағалары, сатып алушылардың кірісі, сатып алушылардың бұл тауарға деген қажеттілігі, сатып алушылардың бұл тауарға деген маусымдық қажеттілігі, сатып алушылардың саны. Осы факторлардың бірі өзгерген жағдайдың өзінде осы тауарға деген сұраныстың көлемі де өзгереді.

Ұсыныс та нарықтық бағаны орнатуда маңызды орын алады, бұл сатушылар белгілі уақытта және белгілі жерде сатып алушыларға ұсынуы мүмкін және ұсынуға ниетті тауарлардың саны. Ұсыныстың жалпы шамасы тауарлар (қызметтер) ұсынысы мен келесі (бағалық және бағадан тыс) факторлардың арасындағы өзара байланысты көрсетеді: бұл тауардың ұсыныс бағасы, бәсекелес тауарлардың бағалары, берілген тауарды өндіру технологиясының деңгейі, қолданылатын ресурстардың құны, салық саласындағы мемлекеттің саясаты, сатушылардың жалпы саны.

Тауарлар мен қызметтердің еркін нарығы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігіне, яғни сатып алушы мен сатушы арасында сату – сатып алу мәмілесін жасасу келісімін білдіретін, тауардың тепе-тең нарықтық бағасын орнатуға ұмтылады.

2. Тауардың өзіндік құны – бұл тауарлар мен қызметтерді өндіру мен жүзеге асыруға қажетті шығындардың ақшалай көрінісі (берілген сұрақтың толық түсініктемесі «*Өнімнің және геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құны*» тақырыбында берілген).

3. Бәсекелестердің бағалары – бұл тауардың бағаларын өзгерту арқылы бәсекелес күрестің түрі; айтарлықтай дәрежеде бағаның деңгейіне ықпал етеді. Баға бәсекесін нарықта басым жағдайдағы фирма ғана емес, бәсеке жағдайында аман қалу үшін, шағын фирма да бастауы мүмкін. Тиімді баға бәсекесі – бұл өндірісті тұрақты жетілдіру және тауардың өзіндік құнын төмендету. Өндіріс шығындарын төмендетудің шынайы мүмкіндігіне ие болған кәсіпкер ғана ұтады.

4. Сатып алушылардың бағаның мүмкін өзгерісіне ықтимал реакциясы – бағаның деңгейіне ықпал ететін маңызды фактор. Кез келген кәсіпкер тауар бағасы мен тұтынушылардың түрлі категорияларының оған қатынасы арасындағы өзара терең байланысты байқау керек. Барлық сатып алушыларды бағаларды қабылдауы мен сатып алушылық мінез-қылқы бойынша 4 топқа бөледі:

- *Үнемді сатып алушылар* негізінен сатып алымды таңдаған кезде бағаға, сапаға, ұсынылатын тауарлардың ассортиментіне қызығушылық білдіреді (олар үшін жарнама өте маңызды).
- *Персонификацияланған сатып алушылар* олар ие болғысы келетін тауардың «бейнесін» құрады және ұсынылған тауардың барлық сипаттамаларын құрылған бейнемен салыстырады; олар сатушылардың өзіне деген ерекше ықыласын талап етеді.
- *Этикалық сатып алушылар* фирмаларды өздерінің сатып алымдарымен қолдай отырып, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлер бойынша нақты сауда орындарында тауарларды сатып алады (дәл осы дүкендегі тауар үшін жоғары баға төлеуге дайын).
- *Апатиялы сатып алушылар* сатып алымды таңдаған кезде бағаға аз қызығушылық білдіреді, өйткені тауардан алынатын қолайлылық пен жайлылыққа негізгі назарын аударады.

2. Нарық жағдайында бағаны қалыптастыруда мемлекеттің рөлі.

5. Бағаларды мемлекеттік реттеу – бағаға, осыдан фирманың бүкіл кәсіпкерлік әрекетіне ықпал ететін маңызды фактор. Мемлекеттің ықпал ету шаралары *тікелеу* және *жанама* болуы мүмкін.

Тікелей шаралар – мемлекет баға түзудің белгілі бір тәртібін немесе бағаның өзін орнатады.

Жанама шаралар нарық конъюктурасын өзгертуге (конъюктура – бұл сұраныс пен ұсыныстың арасындағы белгілі бір қатынас), салық, еңбек төлемі саласында, қаржылар саласында белгілі бір жағдайлар түзуге бағытталған.

Бағаларға мемлекеттік емес ықпалдың формалары.

Тікелей шаралар:

1. Бекітілген мемлекеттік бағалар орнатылады.

2. Мемлекет реттейтін бағалар – мемлекет кәсіпорын үшін ережелер орнатады, ал ол бағаларды дербес бекітеді:

- а) бағалардың шекті деңгейін орнату;
- б) монополистік бағаларды мемлекеттік бақылау;
- в) мемлекеттік кәсіпорынның бағаларды орнатуы, осылайша нарықтық бағалар реттеледі;
- г) бағаларды арттырудың шекті деңгейін орнату және т.с.с.

Жанама шаралар:

1. Еркін (келісімді) бағалар – мемлекет ықпалсыз бәсекеге бірқатар тыйымдар енгізіп, нарықта «ойын ережелерін» орнатады:

- а) демпингке тыйым (демпинг – өзіндік құннан төмен тауар бағасы);
- б) ықпалсыз баға жарнамасына тыйым;
- в) баға дискриминациясына тыйым;
- г) шағын кәсіпорындарды жеңілдету: бәсекеге қабілеттілікті дамыту.

§3 Нарықтық экономикада бағалардың түрлері.

Әр кәсіпкер бағалардың деңгейін талдау және анықтау кезінде бағалардың әр түрлерінің өзара байланысын сипаттайтын, бағалар жүйесінің жалпы бейнесін айқын білдіру керек. Бағалардың жүйесі белгілі бір белгілер бойынша жіктеледі:

1. Қызмет көрсетілетін айналыстың сипаты бойынша:

- а) ***көтерме*** – олар бойынша кәсіпорын өндірген өнімін басқа кәсіпорындарға және тауар өткізетін ұйымдарға сатады;
- б) ***сатып алар*** – олар бойынша фермерлік шаруашылықтар алдағы ұқсату үшін мемлекетті және коммерциялық ұйымдарға ауылшаруашылық өнімді сатады;
- в) ***бөлшек*** – олар бойынша тауарлар халыққа аз мөлшерде бөлшектеп сатылады;
- г) ***құрылыс өнімінің бағалары***, соның ішінде:
 - *металдық құн* (объект құрылысына кететін шығындардың шекті мөлшері);
 - *прейскуранттық баға* – соңғы өнімнің орташа металдық құны;
 - *келісімді баға* – тапсырыс беруші мен мердігер арасында келісімге қол қойған кезде;
- д) ***халыққа көрсетілетін қызметтердің бағалары мен тарифтері***;
- е) ***айналыс саласындағы үстемелер*** (10-25%);
- ж) ***жүк және жолаушылар көлігінің тарифтері*** – көлік ұйымдары алатын, жүктер мен жолаушыларды тасымалдау төлемі.

2. Орнату кезінде мемлекеттің ықпалынан еркіндік дәрежесі бойынша:

- а) ***еркін*** – сұраныс пен ұсыныстың ықпалынан түзіледі;
- б) ***реттелетін*** – еркін плюс олардың өсуін шектеу арқылы мемлекеттің белгілі бір ықпалы;
- в) ***бекітілетін*** – тауарлардың шектеулі шеңберіне мемлекет орнатады.

3. Бекіту тәсілі бойынша:

- а) ***контрактылы*** – тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және контрактыда тіркеледі;
- б) ***трансфертті*** – бір кәсіпорынның ішінде филиалдар мен бөлімшелердің арасында өнімді сату кезінде қолданылады;
- в) ***биржалық (биржалық баға кесімдері)*** – биржалар арқылы тауарларды сату кезінде қолданылады;
- г) ***тауарлар бағасы*** – өзара бәсекелесетін бірнеше мердігер, конкурстық негізде ең тиімдісін таңдайтын, тапсырыс берушіге белгілі бір жұмыстарды орындау жобаларын ұсынғанда сауданың ерекше формасына қызмет етеді.

4. Әрекет ету уақыты бойынша:

- а) ***тұрақты (қатты) бағалар*** – берілген контракт бойынша өнімді жеткізудің бүкіл мерзімінде өзгермейді;
- б) ***ағымдағы бағалар*** – бір контрактіні орындау барысында өзгеруі мүмкін және сұраныс пен ұсынысқа тәуелді;

- в) **өзгермелі бағалар** – ұзақ мерзімде дайындалатын өнімге белгіленеді, өндіріс технологиясында болып жатқан өндіріс шығындарындағы өзгерістерді есепке алады; маусымдық бағалар – белгілі бір уақыттың барысында әрекет етеді;
- г) **құрылымдық бағалар** – алдын ала қабылданған шкала бойынша өнімнің біртіндеп төмендейтін бағалардың бірқатары.

§4. Бағаларды орнату бойынша кәсіпорындардың міндеттері (бағаны орнатудың кезеңдері мен әдістері).

Бағаның түзілуі күрделі үрдіс, оның құрамына келесі кезеңдер кіреді: 1. мақсатты таңдау, 2. сұранысты анықтау, 3. шығындарды талдау, 4. бәсекелестердің бағаларын талдау, 5. бағаның түзілу әдісін таңдау, 6. соңғы бағаны белгілеу.

Мақсатты таңдау тауардың бағасы арқылы фирма жетуге тырысатын әсер. Үш негізгі мақсат бар:

а) **фирманың амандығын қамтамасыз ету** – қатаң бәсеке жағдайында қолданылады; көбінесе нарықтың үлкен бөлігін жаулау үшін төмендетілген баға – нарыққа ену бағасы қолданылады;

б) **пайданы максимализациялау** – тұрақты жоғары пайдаға қол жеткізу мақсатында жоғары бағаны орнату (нарықтың ең тиімді шарттарын пайдаланған маңызды);

в) **нарықты ұстау** – фирма нарықтағы жағдайын сақтауға ұмтылады, бағаларды асыра көтеруге (төмендетуге) жол бермейді, шығындарын азайтуға тырысады.

Сұранысты анықтау – фирма әрқашан тауар бағасын сұранысқа бейімдейді, түрлі тауарларға деген сұраныс бағаға түрліше жауап қайтарады, бұл сұраныс икемділігінің коэффициентінен көрінеді. Тауарға деген икемсіз сұраныс ($E < 1$) сатушыға бағаны өсіруге мүмкіндік береді (бұл күнделікті сұраныс тауарларына тиісті); икемді сұраныс ($E > 1$) сатушыларға бағаның өсуі сұраныстың төмендеуіне алып келетіндігін, сондықтан бағаны өсірмеу қажеттігін білдіреді.

Шығындарды талдау (яғни тұрақты және айнымалы өндірістік шығындардың сомалары) өндіріс шығындары тауардың ең төмен бағасын анықтайды, ал тауарға деген ең жоғары сұраныс – ең жоғары бағаны анықтайды. Егер фирма бағаны төмендетсе, шығындалу қаупі пайда болады; өзіндік құннан төмен бағаны орнату саясатын нарыққа ену кезінде қысқа уақыт ішінде ғана жүргізуге болады.

Бәсекелестердің бағаларын талдау. Әр фирма бәсекелестердің ұқсас өнімінің бағаларын және олардың өнімдерінің айрықша белгілерін білу керек, ол үшін олардың құрамы мен сапасын мұқият талдауға арналған бәсекелес тауарларды салыстырмалы сатып алулар жүргізіледі.

Бағаның түзілу әдісін таңдау. Мұратында тауардың бағасы өндіріс пен өтімнің барлық шығындарын толық өтеуге, сонымен қатар белгілі бір пайданы қамтамасыз етуге міндетті. Бағаны белгілеудің келесі әдістері бар:

1. орташа шығындар + пайда – ең қарапайым және кең таралған әдістеме (тауардың өзіндік құнына үстеме бағаны есептеу);
2. мақсатты пайда алу (баға қажетті пайдаға тікелей тәуелді);
3. тауардың сезілетін құндылығының негізінде бағаны есептеу – баға түзілуінің өзіндік әдісі, мұнда бірінші орынға өз шығындары емес, сатып алушының тауарды қабылдауы шығады.

Тақырып 3.7: Геологиялық кәсіпорындардың пайдасы мен рентабельділігі.

Жоспар:

1. Кәсіпорынның пайдасы – экономикалық категория ретінде.
2. Рентабельділік және оны анықтау тәсілдері.

Кәсіпорынның пайдасы – экономикалық категория ретінде.

Әр кәсіпорын, фирма өнімді өндіруді бастаудың алдында, қандай пайда ала алытынын анықтайды.

Кәсіпорынның (фирманың) пайдасы екі көрсеткішке тәуелді: өнімнің бағасына және оның өндіріс шығындарына. Нарықтағы өнімнің бағасы сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттестігінің салдары болып табылады. Өнім өндірісінің шығындары (*өндіріс шығындары*) тұтынылатын еңбеу немесе материалдық ресурстардың көлеміне, техниканың деңгейіне, өндірістің ұйымдастырылуына және басқа факторларға қарай артуы немесе төмендеуі мүмкін.

Пайда тауарларды (орындалған жұмыстарды) сатудан түскен кірістер мен ағымдағы шығындардың (өзіндік құнның) арасындағы айырманы білдіреді.

Пайда кәсіпорын (ұйым, мекеме) әрекетінің қорытушы бағалау көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Пайда екі маңызды қызмет атқарады:

1. кәсіпорын әрекетінің соңғы қаржылық нәтижелерін, оның ақшалай жинақтарының мөлшерін сипаттайды;
2. кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік даму шығындарын қаржыландырудың басты көзі болып табылады (пайдаға салынатын салық – мемлекеттік бюджет кірістерінің маңызды элементі).

Кәсіпорын (фирма) әрекетінің негізгі принципі пайданы максимизациялауға ұмтылудан тұрады. Осы себепті пайда өндіріс тиімділігінің негізгі көрсеткіші болады.

Шаруашылық субъектісінің деңгейінде пайданың тұтас жүйесі туындайды: жалпы (баланстық) пайда, негізгі қорларды және кәсіпорынның өзге мүлігін сатудан түскен пайда, сатудан тыс операциялар бойынша пайда, таза пайда.

Жалпы (баланстық) пайда өнімді (жұмыстарды, қызметтерді), негізгі қорларды, кәсіпорынның өзге мүлігін сатудан түскен пайда мен сатудан тыс операциялардың, осы операциялар бойынша шығындар сомасына азайтылған, кірістердің сомасы болып табылады.

Сатудан тыс операциялардан түсетін кірістердің (шығындардың) құрамына мыналар кіреді: өзге кәсіпорындардың әрекетіне үлестік қатысудан, мүлікті жалға беруден түсетін кірістер, кәсіпорындарға тиесілі акциялар, облигациялар және өзге бағалы қағаздар бойынша кірістер (дивидендтер, пайыздар), сонымен қатар санкциялар немесе шығындардың орнын толтыру түрінде алынған және төленген сомаларды қосқанда, өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) өндірумен және оны сатумен тікелей байланысты емес, операциялардан түскен өзге кірістер (шығындар).

Таза пайда жалпы пайдадан салықтар мен өзге міндетті төлемдерді төлегеннен кейін түзіледі. Таза пайда кәсіпорынның толық қарамағында қалады, ол таза пайданы пайдалану бағытын дербес анықтайды. Бұл бағыттар келесідей болуы мүмкін:

1. *резервтік қор* әрекетті тоқтатқан және несиелік берешекті жапқан жағдайда, сонымен қатар форс-мажорлық жағдаяттарды (өрт, су басу, желсілкіну, техногенді апат) жеңу үшін құрылады;
2. *жинақтау қоры* негізгі қорларды сатып алуға, айналыс құралдарын қалыптастыруға, жаңа мүлікті құруға арналған кәсіпорын қаражаттарының көзі болып табылады;

тұтыну қоры кәсіпорынның ұжымын әлеуметтік дамыту мен материалдық қолдау бойынша шараларды жүзеге асыруға арналады. *Геологиялық барлауда* пайда жоспарлы жинақтардан және геологиялық барлау жұмыстарының өзіндік құнын төмендетуден үнемдеуден қалыптасады. Пайданың екі бөлігін есептеу ақшалау көріністегі геологиялық барлау жұмыстарының көлемі, яғни геологиялық тапсырманы орындау шығындарының сметасы негізінде жүзеге асырылады.

Пайда өсімінің басты факторы еңбек өнімділігінің артуы болып табылады, ол өнімнің өндіріс көлемінің, яоның салдарынан кәсіпорынның ақшалай кірістерінің артуын қамтамасыз етеді және өнімнің (жұмыстардың) бірлігіне, оның өзіндік құнына кететін еңбек шығындарын азайтады. Пайданың өсуі үшін өнімнің (жұмыстардың) өндірісіне кететін материалдық шығындарды үнемдеу, оның сапасын арттыру, негізгі және өндірістік айналыс қорларын пайдалану тиімділігін арттыру, өндірістің табиғи жағдайлары үлкен маңызға ие.

§2 Рентабельділік және оны анықтау тәсілдері.

Пайданың абсолюттік мөлшері кәсіпорындар жұмысының сапасын сипаттау үшін жеткілікті негіз бола алмайды. Кәсіпорын алатын пайда жасалатын өнімнің сипатына және өз кезегінде бірқатар факторлардың қызметі болып табылатын, өндіріс көлеміне тәуелді: өндірістік қорлардың мөлшері, жұмысшылардың саны, олардың еңбек өнімділігі. Сондықтан кәсіпорынның жұмыс сапасы туралы, өндірістің қандай да бір факторына қатысты пайдалылық дәрежесін білдіретін, салыстырмалы көрсеткіш бойынша тұжырымдаған дұрыс. Мұндай көрсеткішті *рентабельділік* деп атау қабылданған.

Рентабельділік – біржолғы және ағымдағы шығындар тиімділігінің көрсеткіші. Жалпы түрде рентабельділік пайда алынған біржолғы және ағымдағы шығындарға осы пайданың қатынасымен анықталады. «*Өндіріс рентабельділігі*» мен «*өнім рентабельділігі*» ажыратады.

Өндіріс рентабельділігі кәсіпорын мүлгінің қаншалықты нәтижелі қолданылатынын көрсетеді; ол жылдық (баланстық) пайданың негізгі қорлардың орташа жылдық құнына және айналым құралдарының сомасына пайыздық қатынасы ретінде анықталады.

Өнімнің рентабельділігі ағымдағы шығындардың нәтижелілігін көрсетеді; ол тауарлы өнімді сатудан түскен пайданың өнімнің өзіндік құнына қатынасымен анықталады. Өнімнің рентабельділігін жалпы бүкіл өнім бойынша да, оның жеке түрлері бойынша да анықтауға болады.

Геологиялық ұйымдардың рентабельділік деңгейі жылдық пайданың (сметалық күн бойынша) аяқталған геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне қатынасы ретінде есептейді.

Кәсіпорындардың рентабельділігін арттыру ғылыми-техникалық өрлеудің жетістіктерін енгізумен, өндірістік қорларды, еңбек және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен қамтамасыз етіледі. Рентабельділіктің өзгеруіне өнімнің өндіріс көлемінің артуы, кәсіпорындар шығындарының төмендеуі, кәсіпорын қорларының айналым уақыты ұзақтығының қысқаруы тікелей ықпал етеді.

4 БӨЛІМ.

Нарықтық экономика жағдайында геологиялық кәсіпорынды басқару.

Тақырып 4.1: Менеджмент – өндіріс тиімділігінің өсу факторы ретінде.

Жоспар:

1. *Менеджмент ғылым және тәжірибелік қызмет ретінде.*
2. *Менеджменттің түрлері, функциялары мен әдістері.*
3. *Басқарудың мотивациялық негіздері және еңбек ресурстарын басқарудың кезеңдері.*

§1. Менеджмент ғылым және тәжірибелік қызмет ретінде.

Басқару ойының тамыры ғасырлар мен мыңжылдықтар тереңдігінде кетеді. Ғылыми менеджменттің дамуы мен қалыптасуында келесі кезеңдерді ерекшелейді: XX ғасырдың басында өндірісте ірі қозғалыстар жүзеге асты: оның масштабы мен топталуы күрт өсті, мыңдаған жұмысшылар мен инженерлер қызмет еткен алып-кәсіпорындар пайда болды, қымбат жабдықтар мен күрделі техникалық үрдістер қолданылды. Бұндай жағдайларда өндірістік басқаруды түбірімен өзгерту қажет болды. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда көптеген эксперименттердің нәтижесінде еңбек өнімділігінің деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды және оны төлеуді ынталандыру жүйесі сынақталды.

Бұндай эксперименттердің негізін қалаған американдық инженер Ф.У.Тэйлор болды. Ғылыми-менеджмент мектебі құрылды, оның негізгі ережелері өндірістің келесі негізгі мәселелерін көтерді: еңбекті реттеу, менеджерлердің рөлі, сыйлық беру және ынталандыру.

XX ғасырдың 20 жылдары менеджментте классикалық мектеп деп аталатын жаңа бағыт пайда болады, оның бастауында «ғылыми менеджменттің әкесі» саналатын француз А.Файоль тұрды. Оның қызығушылықтарының объектісі бүтіндей ұйым болды, Файоль басқару қызметін, бұған дейін ешкім айналыспаған дәп сондай деп зерттеді және сипаттады. Файоль басқару функцияларын: жоспарлау, ұйымдастыру, координация, мотивация және бірізді және үздіксіз жүргізетін қайталанатын өзара байланысты іс-әрекеттер сериясы ретінде

қарастырылған ұйымды басқаруды үрдістік тұрғыдан зерттеудің негізін қалады. Файоль әкімшілік басқарудың белгілі 14 принципін құрастырды, ол бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Олардың ішінде: еңбекті бөлу, тәртіп, басқарудың бірлігі, жеке мүдделердің жалпыға бағынуы, қызметкерлер құрамына сый беру.

XX ғасырдың 30-жылдарында жеке тұлғаның интеллектуалды ресурстарны пайдалану уақыты болады, бұл басқаруда жаңа тәсілдерді талап етті. Басқаруда, адамға бағытталуда жаңа ыңғай қалыптасады. Американдық әлеуметтанушысы Э.Мейлоның жетекшілігімен жүргізілген әлеуметтік эксперименттер нәтижелерінің негізінде адамдық қарым-қатынастардың мектебі қалыптасты. Сол мектептің ашылуы, әлеуметтік және психологиялық факторлар еңбек өнімділігінің өсуіне физикалыққа қарағанда айтарлықтай үлкен әсер етеді дегенге негізделеді, алайда оны ұйымдастырудың өзі айтарлықтай дәрежеде тиімді және пайдалы болған жағдайда. Адамдар қолайлы моральды-психологиялық климатқа, басшылық жағынан қамқорлыққа өте ықыласты, және тіпті өзгермеген жалақыда да өнімді еңбек етеді.

Қазіргі кезде ғылыми зерттеулер нәтижесінде басқаруға кешенді тәсіл идеясы және басқару жүйелерінің ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік жүйелері ретінде шаруашылық механизм концепциясы қалыптасты.

2. Менеджменттің түрлері, функциялары мен әдістері.

Менеджмент немесе басқару адамның саналы мақсатқа бағытталған әрекеті болып табылады, оның көмегімен ол сыртқы ортаның – қоғамның, тірі және өлі табиғаттың, техниканың элементтерін өз мүдделеріне бағындырады және реттейді.

Басқару көпқырлы және әр түрлерде болады. Бұл:

1. мысалы, табиғи және технологиялық үрдістерді – электр энергиясының берілуін, пойыздар мен ұшақтардың қозғалысын, станоктардағы бөлшектердің өңделуін, бұрғылау қондырғыларының жұмысын және т.с.с. **техникалық басқару**;
2. түрлі институттар – министрліктер, ведомстволар, құқықтық жүйе, жергілікті билік өкілдері арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірін **мемлекеттік басқару**;
3. адамдардың санасына идеологиялық мақсаттарды – түрлі саяси партиялар мен топтар қалыптастыратын, қоғамның даму концепцияларын енгізуден тұратын, **идеологиялық басқару**;
4. **әлеуметтік үрдістерд**, мысалы, қоршаған ортаны, жабайы жануарларды, көлдер мен теңіздерді қорғау қозғалысын; жауынгер аналарының комитетін, ядролық қалдықтарды көмуге қарсы қозғалысты **мемлекеттік емес және саяси емес басқару**;
5. нарықтық қатынастар аясында коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың өндірістік және экономикалық әрекетті **шаруашылық басқару**.

Басқару – бұл үш элементтен тұратын үрдіс:

1. **басқару объектісі**: әдетте кеңістік пен уақытта оның шекаралары бар, әйтпесе нақтылығынан айырылады, оларды басқару мүмкін емес болады;
2. **басқару субъектісі**: ол жеке адам немесе адамдар тобы болуы мүмкін;
3. **басқару қатынастары** басқару субъектісі мен объектісі арасында туындайды; олар тиімді болу үшін, бірқатар шарттарды орындау қажет.

Менеджменттің атқаратын қызметтері.

Кез келген теорияның немесе тәжірибелік әрекеттің, соның ішінде менеджменттің мәні олардың атқаратын қызметтерінен – олар шешетін міндеттердің жиынтығынан көрінеді. Мамандардың көпшілігі қабылдағандай, менеджменттің бес атқаратын қызметі бар. Оларды XX ғасырдың басында негізін қалаушылардың бірі – Анри Файоль тұжырымдады.

- I. Менеджменттің басты қызметі кең мағынада қарастырылатын **жоспарлау** есептеледі. Жалпы түрде жоспарлау – бұл алдын ала болжау қабілеті, бұл мақсаттарды қалыптастыру және оларға жетудің тиімді жолдарын қалыптастыру іскерлігі.
- II. Жоспарлардағы, бағдарламалардағы, стратегиялардағы ойларды тәжірибеде жүзеге асыру **ұйымдастыру** қызметіне артылады.

- III. Екінші қызмет мақсатына жету үшін, адамдардың үйлестіру, қажетті жаққа бағыттау, қатысушылардың арасында белгілі бір өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету әрекеті қажет, *үйлестіру* қызметінің мәні осында.
- IV. Егер жетекшілер де, атқарушылар да бұған мүдделі болмаса, ешбір міндет сәтті шешілмейді. Осыдан менеджменттің тағы бір маңызды қызметі – *мотивация* туындайды. Ол адамдардың қажеттіліктерін анықтаудан, ұйымның мақсаттарына жетуде қызметкерлер жоғары белсенділік таныту үшін, бұл жағдайда оларды қанағаттандырудың қолайлы тәсілін таңдаудан тұрады.
- V. Ұйым әрекетінің нәтижелерін уақыт сайын тексеру, бағалау және түзету қажет. Мұнымен *бақылау* қызметі айналысады.

Басқару әдістері.

1. Ұйымдастырушылық әдістер логикалық түрде барлығының алдында тұрады, олар тек ұйымның қызмет ету үшін қажетті жағдайларды құрады. Олардың көмегімен ұйым жобаланады, ұйымдастырылады, уақыт пен кеңістік ішінде бағдарланады; оның әрекеті регламенттеледі, қызметкерлер құрамын, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін, түрлі жағдайларда оларды жүргізудің ерекшелігін орналастыруға қатысты қажетті нұсқаулармен қамтамасыз етіледі. Ұйымдастырушылық әдістер ұйым әрекет ететін және дамитын жақтаулар ғана болып табылады, сондықтан пассивті болып табылады. Бұл әдістерге, мысалы, еңбек ұжымдарын құру әдістерін; түрлі қоғамдық шараларды дайындау және өткізу әдістерін және т.с.с. жатқызады.

2. Әкімшілік әдістер ұйымдастырушылыққа қарама-қарсы - белсенді, өйткені олар әрекеттің өзіне араласуға мүмкіндік береді. Әйтпесе оларды өктем мотивация әдістері деп атайды және адамдарды ұйым мүдделерінде белгілі бір әрекетке тікелей мәжбүрлеуге немесе мұндай мәжбүрлеуді құруға бағдарланған. Әкімшілік әдістерді қолданғанда қызметкерлердің бастамасы әдетте минимумға шығарылады және нәтижелер үшін бүкіл жауапкершілік жетекшіге жүктеледі; ұйымның алдында тұрған міндеттер бір мағыналы (баламасыз) шешіледі. Бұл әдістер қолдаумен немесе жазалаумен, соның ішінде экономикалық сипаттағы сыйақылар немесе айыппұлдар түрінде сүйемелденуі мүмкін. Бұл әдістердің басты кемшілігі олардың белгіленген нәтижеге жетуге бағдарлануынан, оның өсімін көздемейтіндігінен, бастаманы емес, атқарғыштықты қолдайтындығынан тұрады. Қазіргі кәсіпорындардың әрекетін күрделендіру жағдайында әкімшілік әдістер таза күйінде тиімсіз болады, өйткені жетекшілер түрлі мәселелерді шешуге мәжбүрлі, кейде оған олардың уақыты немесе білімдері жетпейді, осыдан, қатардағы қызметкерлерге бастамашылдық таныуға және олар қабылдайтын шешімдердің нәтижелеріне жауап беруге мүмкіндік беретін басқару әдістері қажет. Бұл әдістер экономикалық деп атала бастады және XX ғасырдың басында-ақ басқаруға енгізіле бастады.

3. Экономикалық әдістер басқару объектісіне жанама ықпалды көздейді. Атқарушыларға тек мақсаттар, шектеулер мен мінез-қылықтың жалпы желісін береді, осылардың аясында олар өздері мәселелерді шешудің тиімді тәсілдерін іздейді. Тапсырмаларды уақытында және сапалы орындау түрлі ақшалай төлемдермен марапатталады; сыйақының мөлшері жеткен нәтижеге тікелей тәуелді болғандықтан, қызметкер оны жақсартуға тікелей экономикалық мүдделі. Алайда экономикалық әдістер сонымен қатар шектеулі, әсіресе зияткерлік кәсіптегі адамдарға қатысты, өйткені олар үшін ақша маңызды, бірақ жұмыстың ең басты түрткісі емес. Сондықтан XX ғасырдың 20-шы жылдарынан басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері пайда болады.

4. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері қызметкердің мінез-қылығына екі бағытта ықпал етуді көздейді: бір жағынан, олар ұжымда қолайлы моральді-психологиялық климатты қалыптастыруға, ұжымда тілектестік қатынастарды дамытуға, жетекші ролін «диктатордан» «отбасы иесіне» өзгертуге бағытталған; екінші жағынан – әр қызметкердің жеке қабілеттерін ашуға, оны кәсіби тұрғыда жетілдіруге бағытталған, бұл соңында жалпы ұйым әрекетінің тиімділігін арттыруға әкеледі.

3. Басқарудың мотивациялық негіздері және еңбек ресурстарын басқарудың кезеңдері.

Мотивацияның түсінігі мен түрлері.

Мотивация адамның мінез-қылығына ықпал ететін, оны ұйымға қажетті жаққа бағыттайтын, оның қарқынын, шектерін реттейтін, мақсаттарға жету ісінде адалдық, табандылық, ынта білдіруге итермелейтін, шарттар немесе мотивтер (*motif* – фр. қозғаушы күш, қандай да бір әрекетке түрткі) жүйесін құру үрдісі болып табылады.

Мотивтер *ішкі* және *сыртқы* болуы мүмкін; соңғылары адамның өзіне тиесілі емес объектілерге ие болу немесе, керісінше, мұндай иеліктен бас тартуға ұмтылына негізделеді. Ішкі мотивтер адам қолында бар және сақтағысы келетін объектіден қанағат алумен немесе оған ие болудан туындайтын қиыншылықтармен, яғни одан құтылу ұмтылысымен байланысты. Мысалы, қызықты жұмыс адамға рахат әкеледі және ол кейде ақысыз еңбек етуге дайын; керісінше жағдайда ол бұл жұмыстан құтылу үшін барлығына дайын.

Адамда сыртқы және ішкі, субъективті және объективті факторлардың ықпалынан қалыптасатын мотивтер *стимулдардың* (*stimulus* – лат. ежелгі Римде жануарларды айдаған, үшкір таяқ) әсерінен «іске қосылады». Стимулдар ретінде материалдық заттар, өзге адамдардың әрекеттері, пайда болатын мүмкіндіктер, үміттер мен т.б. болуы мүмкін.

Мазмұны бойынша стимулдар *экономикалық* және *экономикалық емес* болуы мүмкін. Өз кезегінде соңғылары *ұйымдастырушылық* және *моральдық* болып бөлінеді. Алайда олардың арасында нақты шекара жоқ; тәжірибеде олар тығыз байланысты, бір-бірін негіздейді, кейде бір-біріне өтеді, сондықтан оларды жай ажырату мүмкін емес. Мысалы, лауазымның өсуі және оған байланысты ақшалай сыйақы қандай да бір қосымша материалдық игіліктерге ғана емес, даңққа, сый-құрметке ие болу мүмкіндігін береді.

Ұйымның алдында тұрған міндеттерді шешу ісінде адамның тырысуына, ыждағатына, табандылығына, адалдығына, мақсатқа бағыттылығына ықпал ету үшін, оған стимулдарды қолдану және тиісті мотивтерді іске қосу *ынталандыру* деп аталады.

Ынталандыру концепциясы тапсырылған жұмысты орындауына қарай, қарамағындағының кез келген әрекеттерінің оңды, теріс немесе бейтарап салдарға ие болу керектігіне негізделеді. Ұйымды қанағаттандыратын, берілген параметрлерден ауытқу кезінде туындайтын, теріс салдардан құтылуға немесе қолдауға ие болуға тырыса отырып, ол мінез-қылықтың тұрақтылығын сақтайды немесе оны қажетті жаққа өзгертеді.

Адамдардың мінез-қылығын негіздейтін түрлі мотивтердің қатынасы, айтарлықтай тұрақты болып табылатын және мақсатқа сай қалыптасатын *мотивациялық құрылымын* түзеді, мысалы, тәрбие үрдісінде. Әр адамда мотивациялық құрылым жеке-дара және көптеген факторларға: тұрмыс жағдайының деңгейіне, әлеуметтік мәртебеге, біліктілікке, лауазымға, құндылық бағдарларына және т.с.с. негізделеді.

Еңбек ресурстарын басқарудың кезеңдері.

Жалпы түрде Еңбек ресурстарын басқару екі өзара байланысқан кезеңдерден тұрады: еңбек ресурстарының қалыптасу кезеңдері және еңбек ресурстарының даму кезеңдері.

Еңбек ресурстарының қалыптасу кезеңдері	Еңбек ресурстарының даму кезеңдері
<ul style="list-style-type: none">• Еңбек ресурстарында қажеттіліктерді жоспарлау.• Кадрларды алу.• Кадрларды іріктеу.• Жалақы мен әлеуметтік жеңілдіктерді анықтау.	<ul style="list-style-type: none">• Кәсіби бағдарлау және жұмысшылардың ұжымда әлеуметтік дағдылануы.• Қызметкерлер құрамын оқыту.• Жұмысшыларды ұжымда кәсіптік бағдарлау және әлеуметтік дағдыландыру.• Қызметкерлер құрамын оқыту.• Қызметкерлер құрамының қызметін бағалау.• Басқару кадрларын даярлау.

Тақырып 4.2: Тауарлар нарығындағы кәсіпорынның әрекеті. Маркетинг.

Жоспар:

1. Маркетингтің пайда болуы мен дамуы. Маркетингтің мәні.
2. Маркетингтің мақсаттары мен бағыттары.
3. Маркетингті басқарудың категориялары мен концепциялары.
4. Геологиялық барлау кәсіпорнының маркетингілік әрекеті.

§1 Маркетингтің пайда болуы мен дамуы. Маркетингтің мәні.

Маркетинг экономиканы реттеу (дағдарыссыз тіршілік) құралы ретінде ХХ ғ. 30-шы жылдарынан қалыптаса бастады;

- 30-шы жж. дейін өтім нарығын ғаламдық зерттеу болмады;
- бұны адамның ерекше әрекеті ретінде маркетинг жасау керек.

Фирманың экономикалық әрекетінің негізі ретінде маркетингтің қалыптасуын, Батысты 1929-33 жж. қамтыған, «ұлы депрессиядан» кейінгі кезеңге жатқызады. Ол уақытта антидағдарыстық реттеу құралдарын, жеке объектілердің тіршілігі және сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу стратегияларын белсенді іздеу жүріп жатты.

Бұл шаралар маркетинг теориясының пайда болуы мен дамуына және оның алдағы тәжірибеде жүзеге асырылуына негіз болды.

«Маркетинг» терминін (ағыл. market – нарық) бұл түсінігінде «нарықтық қызмет» ретінде аударуға болады.

Даму барысында маркетинг концепциясының өзі қатты өзгерді. Басында маркетингілік әрекет құрылған игіліктерді сатумен (өтім, жарнама) ғана шектелді.

Тәжірибелік әрекет ретінде маркетинг ХХ ғ. 60-шы жылдарының басында, дамыған елдердің өнеркәсібінде сатушы нарығы (сұраныс ұсыныстан жоғары) сатып алушы нарығына (сұраныс ұсыныстан артық) ауысқанда шынымен қарастырыла бастады. Дәл осы кезеңде жоғары сапалы жаңа тауарлардың 95% дейінін сатып алушылар болмады.

Осы сәтте кәсіпкерліктің тәжірибелік мәселелерін шешуге бағытталған ғылым ретінде маркетинг пайда болды. 70-ші жж. маркетинг өнеркәсіпте кең таралды. 80-ші жж. қызмет саласын қамтыды.

Қазіргі маркетинг – бұл нарықты талдау, сұранысты қалыптастыру мен ынталандыру, өндірістік үрдістің барлық сатыларында нарықтық факторларды есепке алу, тауарларды соңғы тұтынушыға дейін жеткізу, баға түзу, бақылау, жарнамалық және халықаралық әрекет бойынша шаралардың кешені.

Маркетингтің сенімі – нарықта сатылуы мүмкінді ғана, тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретінді ғана өндіру (яғни тұтынушылық сұранысқа бейімделу). Сатып алушы қажеттінің барлығын қажетті көлемде, қажетті сапада, қажетті жерде және қажетті уақытта алу керек.

Нарықтық салаға қарай маркетинг болуы мүмкін:

- халықаралық немесе ішкі;
- тұтынушылық тауарлар, өндіріс құралдары мен қызметтер.

Маркетингтің соңғы мақсаты – пайданы максимизациялау, фирма кірістерінің тұрақты өсуі, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру.

§2. Маркетингтің мақсаттары мен бағыттары.

Маркетингтің нақтылы мақсаттарын анықтайық:

1. **Тұтынуды максимизациялау**, бұл өндірістің максимизациясын, жұмыспен қамту деңгейін, соның салдарына қоғамның тұрмыс жағдайын ынталандырады.

2. **Тұтынушыларды қанағаттандыру дәрежесін максимизациялау:** мұнда тұтынуды арттыру емес, тұтынушылардың қанағаттану дәрежесінің артуына қол жеткізу маңыздырақ болып табылады.
3. **Тұтынушылардың таңдауын максимизациялау:** тұтынушылар қажеттіліктерін дәл қанағаттандыратын тауарларды табатындай, тауарлардың көптүрлілігін қамтамасыз ету.
4. **Тіршілік сапасын максимизациялау:** маркетинг тиімді бағалармен тауарлардың санын, сапасын, көптүрлілігі мен қол жетімділігін ғана емес, сонымен қатар адамдардың мәдени және физикалық мекен ортасының сапасын қамтамасыз ету керек.

Фирманың басшылығы маркетинг жоспарын бекітеді, одан соң маркетингілік қызметтер бәсеке жағдайында нарықта тауарлар мен қызметтерді алға бастыру бойынша арнайы шараларды жүзеге асырады.

Кәсіпорындардың маркетингтік қызметінің негізгі бағыттары:

1. **жарнаманың** көмегімен кәсіпорын өндіретін тауарлар мен қызметтер және бәсекелестердің тауарларымен салыстырғандағы олардың артықшылықтары туралы ақпаратты тұтынушыларға дейін жеткізу;
2. **тұтынушылармен жеке қарым-қатынас**, оның барысында нарықты зерттеумен ғана емес, тауарлар мен қызметтерды (нақты сатып алушыға сол жерде тікелей сатуға дейін) алға бастырумен байланысты мәселелер шешілуі мүмкін;
3. **демеушілік, қайырымдылық әрекет арқылы; ғылымның, мәдениеттің көмегімен, түрлі сайыстарды, лотереяларды жүргізу арқылы және т.с.с. көпшіліктің көзқарасында кәсіпорынның тартымды бейнесін (имиджін) құру.**

§3. Маркетингті басқарудың категориялары мен концепциялары.

Маркетинг ғылымы келесі категорияларды қолданады: *мұқтаждық*, адам сезетін бір нәрсенің жетіспеушілік сезімі; *қажеттілік*, адамның мәдени деңгейіне сәйкес ерекше бейнеге ие болған мұқтаждық ретінде; *сұраныс*, тауарды сатып алуға адамның ақшалай қабілеті ретінде; *тауар*, қажеттілікті қанағаттандыруға қабілетті кез келген объект ретінде; *айырбас* пен *мәміле*, құндылықтардың бірінен екіншісіне өтуі бойынша сатып алушы мен сатушы арасындағы өзара тиімді үрдістер ретінде; *нарық*, сатушылар (өндірушілер) мен сатып алушылардың (тұтынушылардың) жиынтығы және *маркетинг*, айырбас арқылы мұқтаждықтар мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған адам әрекеті ретінде.

Тарихи тұрғыда тәжірибелік маркетингті жетілдіру келесі концепцияларда бейнеленеді:

- *өндірісті жетілдіру концепциясы* (өзіндік құнның) ағымдағы шығындарды азайту бойынша тұрақты іздестіруден, тауардың бағасын азайтудан, нарықтың үлкен бөлігін қамтудан, сатуларды арттырудан және пайданы ұлғайтудан тұрады;
- *тауарды жетілдіру концепциясы* тауардың, оның модификацияларының сапалық сипаттамаларын жүйелі жақсартудан, сервистік және сатудан кейінгі қызмет көрсетуді жақсартудан тұрады, осының есебінен өтім нарығы кеңейеді, жаңа сатып алушылар тартылады және пайданың артуы қамтамасыз етіледі;
- *коммерциялық күштерді қарқындату концепциясы* – қымбат және аз сатып алынатын тауарларды сатудың ерекше әдістері;
- *маркетинг концепциясы* бәсекеге қабілетті әдістермен сапалы тауарларды өндіруге және өткізуге бейімделген;
- *әлеуметтік-этикалық маркетинг концепциясы* тіршіліктің жоғары сапасын қамтамасыз ететін және бүгінде де, болашақ ұрпақтарға да қоршаған табиғи ортаға зиянын келтірмейтін тауарлар өндірісіне бағытталған.

§4. Геологиялық барлау кәсіпорнының маркетингілік әрекеті.

Геологиялық барлау кәсіпорнының келешегін анықтаудың негізгі әдістері маркетинг және стратегиялық жоспарлау болып табылады. Геологиялық барлау кәсіпорындары маркетингілік зерттеулерді екі бағытта жүргізеді:

1. мемлекеттік мұқтаждықтарға арналған жұмыстар бойынша;

2. дербес шаруашылық әрекет тәртібінде орындалатын жұмыстар бойынша.

Бірінші жағдайда мемлекеттік геологиялық бағдарламаны жүзеге асыруға кәсіпорынның болашақ қатысу мүмкіндігі бағаланады, алдағы жұмыстардың құрамы мен көлемдері, конкурстарды өткізу орны, тәртібі мен шарттары анықталады.

Конкурстық негізде мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру мұндай тапсырыстарды алу келешегінің саласында маркетинг қызметінің ерекше сипатын көздейді. Мұнда бастысы – құрастыруға жоспарланған және құрастырылатын геологиялық бағдарламалар туралы кең ақпараттану және оларға қатысу мүмкіндігін алдын ала анықтау. Экономикалық шарттарды, ықтимал бәсекелестердің болуын білген маңызды.

Кәсіпорын территориялық геологиялық комитеттермен және аймақтық геологиялық орталықтармен (басқармалармен), мүмкіндігінше тиісті өкілеттіктері бар арнайы өкілдері арқылы тікелей Министрліктің бөлімшелерімен жүйелі қатынастарды қолдау қажет.

Екінші жағдайда дербес шаруашылық әрекеттегі жетістіктер көбінесе геологиялық, өндірістік қызметтерге тұтынушылық сұранысты білумен және шебер ұйымдастырылған жарнамамен анықталады. Бас геолог пен бас инженер қызметтері геологиялық және өндірістік қызметтерге тұрақты сұранысты қамтамасыз ету үшін, кәсіпорын тапсырыс берушілерге ұсынуы мүмкін, жұмыстар мен зерттеулер туралы ақпаратты тұрақты дайындау және орналастыру керек.

Өндіруші және геологиялық ұйымдардың қызметтерін пайдаланатын өзге кәсіпорындардың мамандарын сауалнамалауды жүргізу шаралары пайдалы болуы мүмкін, оның негізінде сұраныстың перспективтілік дәрежесі бойынша жұмыстардың үш тобын қалыптастыруға болады:

1. мамандардың бағалауы бойынша сұраныс өсетін жұмыстар;
2. тұрақты деңгейде қала отырып, сұраныс төмендейтін жұмыстар;
3. сұраныстың азаюы күтілетін жұмыстар.

Алынған мәліметтер кәсіпорын жұмысында басым бағыттарды анықтауға, тапсырыс берушілермен келісімдер жүйесін баптауға, ҒТӨ саясатын құруға, техника мен кадрларды іріктеуге мүмкіндік тудыруы мүмкін.

Маркетингілік әрекеттің маңызды нәтижесі геологиялық жұмыстарға (қызметтерге) сұранысты болжау болып табылады. Жалпы геологиялық барлау ұйымында тапсыныстар портфелі үш бағытта (деңгейде) қалыптасатын болады.

Тапсырыстың I және II деңгейлері сәйкесінше геологиялық барлау жұмыстарын немесе кәсіпорынның негізгі әрекеті бойынша жұмыстарды құрайды. Олар мемлекеттік тапсырыстар бойынша (I деңгей) және жеке өндіруші кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша (II деңгей) геологиялық міндеттегі жұмыстарды орындаумен байланысты.

III деңгейдегі жұмыстар болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Барлығы геологиялық кәсіпорын орналасқан аймақтағы жағдайларға тәуелді. Бұл жұмыстар іс-әрекеттің негізгі кескініне қосымша болып табылады. Бірқатар ұйымдарда сәтті жағдайларда мұндай жұмыстар кәсіпорынға сезілетін кіріс әкелуі мүмкін. Мысалы, геологиялық кәсіпорын табиғатты сүюшілер үшін қызықты геологиялық объектілер бойынша экскурсиялар, жорықтар ұйымдастыруы мүмкін, оқу материалын ұсынуы мүмкін; көлік құралдарын, құрылыс және ауылшаруашылық техниканы жөндеуде жеке тұлғаларға қызметтер көрсетуі мүмкін және т.с.с. Егер мұндай қызметтерді тұтынушы тікелей жақын орналасқанда ғана мүмкін. Бірақ көбінесе геологиялық кәсіпорынның мұндай қызметтерінің тұтынушылардың үлкен саны жоқ.

Геологиялық кәсіпорын әрекетінің аса қызықты салалары I деңгейдегі жұмыстар болып табылады. Бұл мұндай жұмыстардың ірі әрі ұзақ мерзімді болып табылатындығымен, сенімді қаржылық қамтамасыз етілуімен, бірқатар жағдайларда қолайлы қаршылық ортаға ие болуымен байланысты. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыстар жүргізгенде кәсіпорын аванс, жеңілдікті несие, салық жеңілдіктерін алуы мүмкін. Мемлекеттік тапсырысты алу үшін, геологиялық кәсіпорыннан конкурсқа дайындық бойынша алдын ала жұмыс жасау талап етіледі. Мұндай жұмыс болашақ жұмыстардың мүмкін құнын анықтаудан, мемлекеттік тапсырыстың минималды (шекті) бағасын негіздеуден, кәсіпорынның мемлекеттік тапсырысты орындау мүмкіндігін бейнелейтін, негіздеуді дайындаудан тұрады. Негіздеу

геологиялық кәсіпорынның өндірістік базасының жағдайын сипаттаудан, кадрлардың болуынан, берілген бағыт бойынша жұмыс өтілінің болуынан тұрады. Мемлекеттік тапсырысты алу үшін, материалдарды конкурсқа тапсыру бизнес-жоспарды құруға жақын.

Тапсырыстар портфелін құрғаннан кейін кәсіпорын ағымдағы жылдағы жұмыстарды бөліп, жұмыстардың объектілік жоспарын құрады.

Тақырып 4.3: Геологиялық барлау жұмыстарындағы еңбек ресурстары.

Жоспар:

1. *Еңбек ресурстары мен кадрлар ұғымы.*
2. *Қызметкерлер құрамының саны және олардың түрлері. Қызметкерлер құрамының қозғалысы және қозғалыс көрсеткіштері.*
3. *Жұмыс уақытының балансы. Қызметкерлер санын жоспарлау.*

§1. Еңбек ресурстары мен кадрлар ұғымы.

Еңбек ресурстары – қоғамның өндіргіш күштерінің маңызды құрамдас бөлігі, олардың даму деңгейіне, біліктілігі мен техникалық жабдықталуына ел экономикасының жағдайы тәуелді.

Еңбек ресурстары – бұл еңбекке қабілетті жастағы (15 жастан жоғары зейнеткерлік жасқа дейін) қоғамның экономикалық белсенді халығы. КТМ, колледждер мен жоо білім алушылары да еңбек ресурстары болып есептеледі.

Кадрлар – халық шаруашылығының белгілі бір саласында жұмысқа арнайы дайындалған, қызметкерлердің негізгі құрамы. Өндірісте қамтылған олар, өндіріс құралдарын жасай, жетілдіре және дамыта отырып, оларды қозғалысқа келтіре отырып және материалдық игіліктерді өндіре отырып, өндіргіш күштердің басты элементі болып табылады. Өндіргіш күштердің даму деңгейіне, адамдардың өндірістік тәжірибесіне және еңбе дағдыларына берілген тарихи кезеңдегі қоғамдық еңбектің өнімділігі тәуелді.

Геологиялық барлау кадрларын кәсіптер, мамандықтар және біліктілік бойынша жіктеу айтарлықтай маңызға ие.

Кәсіп орындауға қажетті, білімдер мен ерекше дағдылардың ерекше кешенін талап ететін, өндіріс салаларының біріндегі жұмыстың белгілі бір түрін сипаттайды. Кәсіптің ішінде өндірістің белгілі бір саласының жеке бөлікшесінде жұмыстарды орындау үшін қоысмша білімдер мен дағдыларды талап ететін *мамандықтарды* ажыратады. Мысалы, тау-кен инженер-геологының кәсібінде мамандықтар бар: геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау, геологиялық суретке түсіру және пайдалы қазба кенорындарын іздеу, гидрогеология және инженерлік геология, ал слесарьдің кәсібінде – электрослесарь, бұрғылау және тау-кен жабдықтарын жөндеу бойынша слесарь және т.с.с. мамандықтарды ажыратады.

Біліктілік деп, өндірістің жеке бөлікшелерінде түрлі күрделіліктегі жұмыстарды орындауға қажетті білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың болуын түсінеді.

Геологиялық барлау өндірісінің кадрлар құрамы мен құрылымының сипаттамалары негізінде геологиялық ұйымдардың өндірістік әрекетінде жұмыс істейтіндердің жеке топтарының қатысу принципі жатыр. Геологиялық барлау өндірісі қызметкерлерінің жалпы санынан, ең алдымен, *өндірістік қызметкерлер құрамының* тобын және *өндірістік емес жұмыстарда* қамтылған қызметкерлер тобын ажыратады. Өндірістік қызметкерлер құрамы геологиялық барлау қызметкерлерінің негізгі бөлігін құрайды; оған мынадай қызметкерлер жатады:

1. геологиялық барлау жұмыстарын тікелей орындайтын, геологиялық барлаудың барлық буындарындағы қызметкерлер;
2. геологиялық кәсіпорындардың қызмет көрсететін, қосалқы және көмекші цехтарының қызметкерлері;
3. саланың ғылыми және өндірістік әрекетіне қызмет көрсететін, зертханалардың, зерттеу, жобалық және тәжірибелік ұйымдардың қызметкерлері;
4. геологиялық ұйымдар мен кәсіпорындарды басқару аппаратының қызметкерлері;

5. күзеттің барлық түрлерінің қызметкерлері.

Өндірістік емес қызметкерлер құрамына тұрғын-үй – коммуналдық шаруашылыққа, геологиялық ұйымдардан тыс көлікке, балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерге, амбулаторияларға, клубтарға, қосалқы шаруашылықтарға және т.б. қызмет көрсететін қызметкерлер жатады.

Атқаратын міндеттеріне қарай барлық қызметкерлерді келесі категорияларға топтастырады: жұмысшылар, мамандар, қызметшілер, кіші қызмет көрсетуші қызметкерлер (МОП), оқушылар, күзет және өрт қорғанысының қызметкерлері.

§2. Қызметкерлер құрамының саны және олардың түрлері. Қызметкерлер құрамының қозғалысы және қозғалыс көрсеткіштері.

Қызметкерлердің санын олардың тізімдік және келу құрамдары бойынша есептейді. Геологиялық ұйым қызметкерлерінің *тізімдік құрамына* барлық тұрақты, уақытша және маусымдық қызметкерлерін енгізеді, *келу құрамына* берілген күні жұмысқа шыққандардың санын енгізеді. Келу саны демалыстарға, науқауғануға және өзге келмеулерге байланысты әркез тізімдіктен аз.

Геологиялық ұйымның қызметкерлерінің тізімдік құрамы $N_{сп}$ мынадай формула $N_{сп} = K_{сп} * N_{яв}$ бойынша есептеледі, мұнда $K_{сп}$ – тізімдік құрамның коэффициенті (әрқашан бірден үлкен); $N_{яв}$ – қызметкерлердің жалпы келу саны.

Тізімдік құрамның коэффициентін қызметкерлердің келі санынан тізімдік санына көшу үшін анықтайды. Бұл коэффициент негізінен күнтізбелік кезеңдегі геологиялық ұйымның жұмыс режиміне және қызметкерлердің жұмысқа шығу санына тәуелді.

Кәсіпорынның қызметкерлер құрамы сондай-ақ жұмысшылардың әртүрлі себептермен (қабылдау немесе жұмыстан шығару) келуі мен кетуі сипатталатын қозғалысымен сипатталады. Қызметкерлер құрамының қозғалу деңгейін анықтау үшін келесі көрсеткіштер есептеледі:

- қызметкерлер құрамының айналымы – зерттелетін кезең бойынша (жыл) қабылданған (жұмыстан шығарылған) жұмысшылардың саны;
- қажетті айналым – ақиқат себептер бойынша жұмыстан шығарылған (жұмыстан шыққан) жұмысшылардың саны;
- қажетсіз айналым – субъективті себептер бойынша жұмыстан шығарылған (жұмыстан шыққан) жұмысшылардың саны;
- айналым қарқындылығы – зерттелетін кезеңде (жылда) жұмысшылардың орташа тізімдік санына қызметкерлер құрамы айналымының қатынасы;
- тұрақтылық коэффициенті – зерттелетін кезең ішінде кәсіпорын тізімінде орналасқан жұмысшылар санының зерттелетін кезеңдегі орташа тізімдік санына қатынасы.

§3. Жұмыс уақытының балансы. Қызметкерлер санын жоспарлау.

Жұмыс уақытының балансы.

Жұмыс уақытын есепке алу мен бөлу үшін, жұмысшылардың санын тиімді есептеу үшін бір жұмысшының жұмыс уақытының балансын құрады. Жұмыс уақытының балансы келесі көрсеткіштерді қамтиды:

- жылдағы күндердің күнтізбелік саны (K_k);
- демалыс күндері (D_k);
- мереке күндері (M_k);
- көрсетілген күндер (K_k);
- көрсетілген себептер бойынша келмеу (K_k);
- жұмыс күндері ($T_{эф}$ тиімді жұмыс күндері).

Жұмысшылардың келу санынан тізімдік санына өту үшін жұмыс уақыты балансының негізінде тізімдік құрам коэффициенттерін есептейді.

Кадрлардың санын жоспарлау.

Келешекте еңбек ресурстарын пайдалану бойынша тікелей есептеулердің алдында олардың өткен кезеңдегі жағдайына талдау жүргізіледі.

Өткен кезеңдегі еңбек бойынша есептік мәліметтерді, еңбек өнімділігінің жоспарлы өсімін және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарын талдаудың негізінде категориялар бойынша жоспарланатын кезеңге қажетті қызметкерлер саны анықталады.

Қызметкерлердің санын еңбекті мөлшерлеу мәліметтерінің негізінде анықтайды: өнімділік нормалары, уақыт нормалары, жабдыққа қызмет көрсету нормалары.

Қызмет көрсету нормасы бойынша қызметкерлердің тізімдік санын $N_{сп}$ мына формула бойынша есептейді:

$$N_{сп} = N * a * n * K_{сп},$$

мұндай N – бір ауысымның ішінде бір агрегатқа қызмет көрсетуге қажетті қызметкерлердің саны; a – жұмыс істейтін агрегаттардың саны; n – тәуліктегі ауысымдардың саны.

Жұмыс бірлігіне уақыт нормалары бойынша қызметкерлердің санын есептеуді жұмыстардың белгілі бір көлемін жүргізуге немесе жұмыс бірлігіне адам-сағатпен немесе адам-ауысыммен уақыт нормалар белгіленген бөлікшелерде қолданады. Бұл әдісте қызметкерлердің қажетті тізімдік санын мына формула бойынша анықтайды: $N_{сп} = N_{вр} * Q * K_{сп} : T_{б}$, мұнда

$N_{вр}$ – жұмыс бірлігін орындауға қажетті уақыт, сағ немесе ауысым;

Q – жоспар бойынша көзделген жұмыстың көлемі;

$T_{б}$ – жоспарлық баланс бойынша бір қызметкер атқаратын тиімді уақыт, сағ немесе ауысым.

Өнімділік нормалары бойынша есептегенде қызметкерлердің тізімдік құрамын натуралдық көрсеткіштегі өндірістік бағдарламаны осы көрсеткіштерде есептелген, жоспарланған кезеңдегі бір жұмысшының өнімділік нормасына бөлу арқылы анықтайды. Бұл есептеу мына формула бойынша жүргізілуі мүмкін:

$N_{сп} = Q * K_{сп} : N_{в} * T_{б}$, мұнда $N_{в}$ – бір сағаттың немесе ауысымның ішіндегі бір қызметкердің өнімділік нормасы.

Тікелей геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде қамтылған және өндірісті басқару қызметтерімен қатар геологиялық тапсырмаларды орындайтын, *жетекшілер мен мамандардың санын* геологиялық ұйымдардың (партиялардың, экспедициялардың) ұйымдастырушылық құрылымына, жұмыстардың мазмұнына және жұмыс ауысымдарының санына қарай жоспарлайды. Бұл категориялағы қызметкерлердің санын, сонымен қатар геологиялық ұйымдарды басқаруда қамтылған қызметшілердің санын геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне және геологиялық ұйымдардың ұйымдастырушылық құрылымына қарай штаттардың үлгілік схемаларына негізделі анықтайды. Жетекшілердің, мамандар мен қызметшілердің санын жоспарлағанда өндірісті басқару мен қызмет көрсету сапасын жақсартып, артық лауазымдарды қысқарту мақсатында олардың жұмысын барынша толықтауға ұмтылады.

Кіші қызмет көрсетуші қызметкерлердің санын жоспарлау қолданылатын механизмдер мен керек-жарақтарды есепке алып, бір адамның белгілі бір алаңға қызмет көрсету нормаларына негізделеді. Жоспарлы кезеңдегі қызметкерлердің саны мына формула бойынша анықталады:

$$N = Q : (P_{б} (1 + K_{пр} / 100)),$$
 мұнда

Q – ақшалай көріністегі геологиялық барлау жұмыстарының жылдық көлемі, тңг;

$P_{б}$ – базалық кезеңдегі бір қызметкердің орташа жылдық өнімділігі, тңг;

$K_{пр}$ – жоспарлы кезеңде еңбек өнімділігін арттыру, %.

Қызметкерлердің саны бойынша жоспарды құру үрдісінде жұмыс күшінің тұрақсыздығының (ауыспалылығының) себептеріне талдау жүргізу және оны жою бойынша шараларды белгілеу қажет. Жұмысшылар тұрақсыздығының негізгі себептері ауыр жұмыстарды механизациялаудың жеткіліксіз деңгейі, жалақыны ұйымдастырудағы кемшіліктер, партияларда (экспедицияларда) қолайлы тұрғын-тұрмыстық жағдайлардың болмауы, жұмысшы кадрларды оқыту мен біліктілігін арттыру жүйесіндегі кемшіліктер, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің маусымдылығы болып табылады. Жұмыс күшінің тұрақсыздығы геологиялық тапсырмалардың орындалуына теріс ықпалын тигізеді,

геологиялық барлау жұмыстарының сапасын нашарлатады және олардың өндірісін қымбаттатады. Еңбектің жоғары техникалық жабдықталуында кадрлардың тұрақтылығы геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігін арттыруға қажетті жағдайлардың бірі болып табылады.

Тақырып 4.4: Еңбек өнімділігі – өндіріс тиімділігінің көрсеткіші.

Жоспар:

1. *Еңбек өнімділігі – экономикалық категория ретінде.*
2. *Еңбек өнімділігін өлшеу әдістері мен көрсеткіштері.*
3. *Еңбек өнімділігін өсірудің негізгі бағыттары.*

Еңбек өнімділігі – экономикалық категория ретінде.

Еңбек өнімділігі материалдық өндірістегі еңбек шығындарының тиімділігін сипаттайды және жұмыс уақытының бірлігінде өндірілетін өнімнің (жұмыстардың) санымен немесе өнім (жұмыс) бірлігіне жұмсалатын еңбек шығындарымен анықталады. Жеке еңбек өнімділігі мен қоғамдық еңбек өнімділігін ажыратады.

Жеке еңбек өнімділігі жұмыс уақытының бірлігінде жасалатын нақты өнімнің (жұмыстың) санымен немесе осы өндірістегі өнімнің (жұмыстың) бірлігін шығаруға жұмсалған тірі еңбек шығындарымен өлшенеді.

Қоғамдық еңбек өнімділігі өнімнің (жұмыстың) бірлігін өндіруге жұмсалған жұмыс уақытының барлық шығындарымен, яғни тірі еңбек (берілген өндірісте жұмыс істейтін) және өнімнің (жұмыстың) бірлігіне жұмсалған шикізатта, материалдарда, еңбек құралдары мен қаруларында көрініс тапқан, өткен еңбектің қосындысымен анықталады.

Еңбек өнімділігінің өсуі өнімнің (жұмыстың) бірлігін өндіргенде жұмыс уақытын үнемдеуден көрінеді, бұл жұмыс уақытының бірлігінде өнім (жұмыс) шығарылымының артуын білдіреді.

Еңбек өнімділігі өндіргіш күштердің даму деңгейіне де, өндірістік қатынастардың сипатына да тәуелді. Әр жаңа қоғамдық құрылыс алдыңғысын жеңеді, өйткені жоғары еңбек өнімділігі үшін жағдай жасайды және осылайша қоғам қажеттіліктерін қанағаттандырудың үлкен мүмкіндіктерін ашады.

Еңбек өнімділігін арттырудың маңызы зор: еңбек өнімділігінің артуы қоғамдық байлық пен елдің кеңейтілген ұдайы өндірісі өсуінің, өнімнің өзіндік құнының және бағалардың төмендеуінің басты көзі, еңбек етушілердің материалдық жағдайын жақсартудың, жұмыс күнінің ұзақтығын қысқартудың және жыл сайынғы төленетін демалыстар ұзақтығын арттырудың негізгі жолы болып табылады.

§2. Еңбек өнімділігін өлшеу әдістері мен көрсеткіштері.

Еңбек өнімділігі өндірістің түрлі деңгейлерінде – жұмыс орнында, кәсіпорында, салада, материалдық өндірістің салалары бойынша жоспарланады және есептеледі. Осыған байланысты ажыратады:

жеке еңбек өнімділігі, яғни жеке қызметкердің еңбек өнімділігі;

жеке кәсіпорындағы еңбек өнімділігі (геологиялық барлау партиясы, экспедиция, кеніш, байыту фабрикасы және т.б.);

республикалар мен экономикалық аудандар үшін жалпы сала бойынша да, территориялық кимада да есептелетін, салалық еңбек өнімділігі;

материалдық өндірістің ірі салаларындағы - өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, көлік пен құрылыстағы еңбек өнімділігі; қоғамдық еңбек өнімділігі.

Еңбек өнімділігін өлшейтін көрсеткіштерге қойылатын маңызды талаптар олардың объективтілігі, уақыттың түрлі кезеңдеріне сәйкестігі, берілген сала шектеріндегі түрлі кәсіпорындардың, сонымен қатар түрлі сала кәсіпорындарының көрсеткіштерінің салыстырылуы болып табылады.

Халық шаруашылығының жоғарыда аталған әр буынында еңбек өнімділігінің (өнімділіктің) орташа деңгейі өндірілген өнім мөлшерінің Q осы өнімді өндіруге шығындалған (жұмсалған) уақытқа T қатынасымен анықталады: $\Pi = Q : T$,

мұндай T – белгілі бір кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік санымен немесе адам-сағатпен, адам-күнмен берілуі мүмкін, шығындалған еңбек.

Берілген тәсілмен есептелген көрсеткіш еңбек өнімділігінің тікелей көрсеткіші деп аталады. Еңбек өнімділігінің деңгейі сонымен қатар еңбек өнімділігіне кері шаманы білдіретін, еңбек сыйымдылығымен сипатталады: $t = 1 : \Pi = T : Q$, мұнда t – өнімнің бірлігіне шығындалған жұмыс уақыты (еңбек сыйымдылық).

Алайда бұл сырттай қарапайым формулаларды қолдану материалдық өндіріс салаларында, сонымен қатар көп номенклатуралы өнімді өндіретін кәсіпорындарда (геологиялық ұйымдарда) еңбек өнімділігінің деңгейін анықтау үшін, үлкен қиындықтар тудырады. Формуланың екі көрсеткішін де (өндіріс көлемі мен еңбек шығындарын) өлшеудің түрлі әдістері мен бірліктерін пайдаланып, өзгертуге болатындығы күрделі. Өндірістік әрекеттің көлемі мен өнім шығару Q натуралды, шартты-натуралды, еңбек және құн көрсеткіштерімен берілуі мүмкін. Еңбек шығындарында барлық қызметкерлер (өндірістік қызметкерлер құрамы) немесе барлық жұмысшылар шығындаған уақытты T есепке алады. Еңбек өнімділігін анықтаудағы жұмыс уақытының бірлігі жыл, тоқсан, ай, ауысым, сағат болуы мүмкін. Еңбек өнімділігін адам-сағат есебінде анықтау дәлірек нәтижелер береді.

Төменде өндіріс көлемі мен еңбек шығындарын сипаттайтын, көрсеткіштерге қарай еңбек өнімділігін өлшеу нұсқалары қарастырылады.

Бірінші әдіс. Өндірістік әрекеттің көлемі натуралды (немесе шартты-натуралды) көрсеткіштерде, яғни берілген өнімге тән өлшем бірліктерінде – тоннада, метрлерде, куб метрлерде және т.с.с. өнімнің шығарылуымен (жұмыстардың орындалуымен) анықталады.

Натуралды көрсеткіштер өндірістік әрекеттің көлемін дәл анықтайды, алайда олар негізінен біртекті өнім (жұмыс) өндіретін кәсіпорындар мен салаларда қолданылады. Кәсіпорындар мен салалардың көпшілігі түрлі номенклатурада өнім шығаратындықтан, өндірістік әрекеттің көлемін және еңбек өнімділігін анықтау үшін өнімнің (жұмыстардың) натуралды есебін қолдану шектеулі.

Екінші әдіс. Кәсіпорынның және саланың өнім (жұмыстар) көлемі, сонымен қатар өнімділік еңбек көрсеткіштерімен – мөлшер-сағатпен есептелуі мүмкін. Өнімділікті анықтаудың еңбектік әдісін мөлшерленген жұмыс уақытының әдісі деп те атайды. Оны негізінен жеке жұмыс орындарында, бригадаларда, бөлікшелерде, сонымен қатар цехтарда натуралды да, ақшалай көріністе де көрсетуге болмайтын, біртекті және өндіріспен аяқталмаған өнімді шығаруда қолданады.

Үшінші әдіс. Өнімнің (жұмыстардың) көлемі құн көрсеткіштерімен есептеледі. Мұндай есеп құрамы бойынша біртекті өнімі (жұмыстары) бар кәсіпорын бойынша өндірістік әрекеттің нәтижесін, өндіріс көлемінің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді, бұл жоспарлау мен талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді, өндірістің түрлі буындарының нәтижелерінің салыстырылуын қамтамасыз етеді.

Осы әдістің аясындағы еңбек өнімділігінің көрсеткіші (Π) қызметін өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлер құрамының бір орташа тізімдік қызметкеріне ($N_{\text{тіз}}$) тауарлы өнімнің жылдық өнімділігі атқарады.

$$\Pi = Q : N_{\text{тіз}}$$

Геологиялық барлау өндірісінде еңбек өнімділігі деңгейінің жалпылама көрсеткіші ақшалай көріністегі бір қызметкердің өнімділігі болып табылады. Оның мөлшері белгілі бір уақыт аралығында (ай, тоқсан, жыл) орындалған сметалық құн бойынша геологиялық барлау жұмыстарының жалпы көлемін қызметкерлердің орташа тізімдік санына бөлудің бөліндісіне тең. Бұл әдіспен жалпы геологиялық ұйым бойынша еңбек өнімділігін (өнімділікті) анықтайды, геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлері бойынша еңбек өнімділігі көбінесе натуралдық өлшеммен, яғни уақыт бірлігінде (сағат, ауысым және т.с.с.) орындалған жұмыстың көлемімен (м, м³, т және т.с.с.) анықталады.

§3. Еңбек өнімділігі арттырудың негізгі бағыттары.

I топ – техникалық өрлеудің нәтижесінде өндірістің техникалық деңгейін, еңбектің техникалық жабдықталуын арттыру. Мұнда өндірістік үрдістерді механизациялау және автоматтандыру, қолданыстағы техниканы жаңасымен, өнімдісімен ауыстыру, өндіріс технологиясын жетілдіру, қолданыстағы техника мен жабдықтарды жаңарту; бұйымдардың конструкциялары мен техникалық сипаттамаларын жақсарту; пайдаланылуын жақсарту және шикізаттың, материалдардың, отын мен энергияның жаңа, тиімдірек түрлерін енгізу жатады.

II топ – өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіру, яғни өндірістің құрылымы мен басқарылуын жетілдіру; қызмет көрсету нормалары мен аймақтарын арттыру; өндірісті мамандандырудағы, кооперациялаудағы және араластырудағы өзгерістер.

III топ – еңбектің ұйымдастырылуын жетілдіру және осының негізінде жұмыс уақытының қорын пайдалануды және өнімнің (жұмыстардың) еңбек өнімділігін қысқартуды жақсарту. Факторлардың бұл тобы жұмысшыларды орналастыруды, жұмыс орындарын жабдықтауды, жұмыс уақытының шығындарын (жұмысқа келмеуді қысқартуды, іркілістерді қысқартуды) қысқартуды, брак шығындарын қысқартуды, өнімділік нормаларын орындамайтын жұмысшылар санын азайтуды, маусымдық салалардағы жұмыс кезеңінің өзгерістерін, еңбектің ұйымдастырылуын жақсартуды қамтиды. Еңбекті ұйымдастаруды жетілдірудің қажетті алғышарттары ғылыми негізделген еңбекті мөлшерлеу мен өндірісті басқару болып табылады.

IV топ – еңбекті шамалы шығындап, қандай да бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, өнімнің (жұмыстардың) сапасын арттыру. Керісінше, сапасыз өнімді (жұмыстарды) өндіру қоғамдық еңбектің шығындалуына алып келеді, әр еңбектенушіге және жалпы қоғамға зиян келтіреді.

Минералдық құрамы күрделі және қасиеттерінің өзгеру дәрежесі түрліге табиғи денелермен жұмыс жасайтын, геологиялық барлау өндірісінде еңбек өнімділігі арту факторлардың бұл тобы өзгеше көрінеді. Геологиялық барлау жұмыстарының өнімі пайдалы қазбаның барланған қорлары болып табылатындықтан, барлаушылардың еңбек өнімділігі бұл пайдалы қазбаның жатыс жағдайлары, құрылыс және құрам ерекшеліктері зерттеудің толықтық және сенімділік дәрежесімен анықталады. Геологиялық зерттеудің толықтығы мен сенімділігінің негізгі талабы негізгі пайдалы қазбаның сапасын жан-жақты зерттеу, оның іспелі өнеркәсіптік те, уақытша (өнеркәсіптік) те пайдалы компоненттерінің бүкіл кешенін анықтау, сонымен қатар барлау кенорны алып жатқан бүкіл кеңістікті сапалы және сенімді баяндау болып табылады.

Тақырып 4.5: Еңбек төлемін ұйымдастыру – өндірісті басқару қызметі.

Жоспар:

1. Еңбек төлемінің принципиалды қағидалары.
2. Еңбек төлемінің формалары мен жүйелері.
3. Жалақыға қосымша төлемдер мен үстемелер.

§1. Еңбек төлемінің принципиалды қағидалары.

Қызметкерлер еңбегінің төлемі – бұл өндірістік үрдістер қамтылған еңбек ресурстарының бағасы. Айтарлықтай дәрежеде ол шығындалған еңбектің санымен және сапасымен анықталады, алайда, оған еңбек сұранысы мен ұсынысы, қалыптасқан нақты конъюктура, территориалдық тұрғылар, заң нормалары сияқты, таза нарықтық факторлар ықпал етеді.

Нарықтық экономика еңбек ресурстарын территориалды орын ауыстырумен, сұраныс бар жерде еңбекті шоғырландырумен, артық ұсыныс жерлерінде оны қайтарумен, жұмыс күші нарығының болуын ұсынады. Осы факторлардың кешені нақты еңбек төлемін қалыптастырады.

Кәсіпкер өз әрекетінде өндіріске тартылатын кез келген фактор төленуі тиістілігіне тап болады. Ол өндірісті бастау үшін, станоктар, машиналар, жабдықтар, шикізат сатып алады, жұмыс күшін жалдайды. Еңбек үшін төлем – бұл еңбек төлемі болып табылады. Бір жағынан, төлем қызметкердің дене және зияткерлік күштерінің шығындалуын өтеу керек, басқа

жағынан, қызметкер өз еңбегінің төлемін тектес кәсіпорындағы ұқсас еңбек төлемімен салыстыра отырып, өзін кемсітілген болып сезінбеуі тиіс. Алайда кәсіпкерді сыртқы сипаттағы бірқатар факторлар шектейді:

- мемлекет орнатқан жалақының минималды деңгейі;
- кәсіпкер мен қызметкерлер ұжымының арасындағы келесімнің шарттары;
- кәсіподақ комитеттерінің талаптары.
- Еңбек төлемін ұйымдастырған кезде кәсіпкер:
- кәсіпорнындағы қызметкерлер еңбегін төлеудің формасы мен жүйесін анықтау керек;
- қызметкерлерге, мамандарға, басқарушы қызметкерлер құрамына арналған лауазымдық жалақы жүйесін құру керек;
- қызметкерлер үшін де, басқарушы қызметкерлер құрамы үшін де критерийлер құру және қосымша төлемдердің мөлшерін анықтау керек.

Кәсіпкердің құзырында жалақының қандай да бір формаларын немесе жүйелерін таңдаудың кең мүмкіндіктері бар, олар сыйақыларды анықтаған кезде бұдан да кең. Бірақ жетекшінің шеберлігі бар құралдардан нақты кәсіпорынға және осы кәсіпорынға алынған қызметкерлер құрамына тиістілерін таңдаудан тұрады.

§2. Еңбек төлемінің формалары мен жүйелері.

Меншіктің түрлі формасындағы кәсіпорындарда еңбек төлемінің екі формасы кең таралған: кесімді – өнімнің немесе орындалған жұмыстың әр бірлігіне төленетін төлем және мерзімді – күнтізбелік емес, тарифтік жүйемен көзделген, нормативтік, атқарылған уақыт үшін төлем.

Әрбір нақты кәсіпорында шығарылатын өнімнің сипатына қарай, қандай да бір технологиялық үрдістердің болуына қарай, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру деңгейіне қарай еңбек төлемінің қандай да бір формасы қолданылады.

Бір кәсіпорында цехтар бойынша өнімнің нақты түрін шығаруға қарай еңбек төлемін қолданудың нұсқалары түрліше болуы мүмкін.

Нарық жағдайында жоспарлы экономикаға тән болған қатаң регламентация жоқ, сондықтан кәсіпкер, кәсіпорынның басшылығы еңбек төлемінің кез келген нұсқасын тексеруі және кәсіпорынның мақсаттарына жоғар дәрежеде тиістісін қолдануы мүмкін.

Тікелей кесімді жүйеде, немесе қарапайы кесімді жүйеде, еңбек өндірілген өнімнің бірлігі үшін орнатылған бағалар бойынша төленеді.

Жұмысшының жалпы жалақысы кесімді баға орнатуды есептің кезеңде өндірілген өнімнің мөлшеріне көбейту жолымен анықталады.

Кесімді-сыйақылы жүйеде жұмысшы тікелей кесімді баға орнату бойынша еңбек төлемін алады және қосымша сыйақы алады. Ол үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыратын көрсеткіштер нақты белгіленуі тиіс. Бұл еңбек өнімділігінің өсу; өндіріс көлемдерін арттыру; өнімділіктің техникалық негізделген нормаларын орындау және мөлшерленетін еңбек сыйымдылығын азайту; өндірістік тапсырмаларды, жеке жоспарларды орындау; өнімнің сапасы мен сорттылығын арттыру; өнімді ақаусыз дайындау; бракты болдырмау; нормативтік-техникалық құжаттаманы, стандарттарды сақтау; шикізатты, материалдарды, инструментті, майлау материалдарын және өзге материалдық құндылықтарды үнемдеу көрсеткіштері болуы мүмкін.

Жанама-кесімді жүйеде жұмысшы жалақысының мөлшері ол қызмет көрсететін кесімді ақы алатын жұмысшылардың еңбек нәтижелеріне тікелей тәуелді болады. Бұл жүйе негізгі емес, қосалқы жұмысшылардың (реттеушілердің, баптаушылардың және т.б.) еңбегін төлеу үшін қолданылады.

Еңбектің аккордты-кесімді төлемінде қолданыстағы уақыт мөлшерлері немесе өнімділік пен баға орнату мөлшерлерінің негізінде жұмыстың бүкіл көлеміне (жеке операцияға емес) баға тағайындалады. Еңбек төлемінің бұл жүйесінде жұмысшылар жұмыстарды орындау мерзімдерін қысқартқаны үшін сыйақы алады, бұл еңбек өнімділігін арттырудағы бұл жүйенің ынталандырушы ролін күшейтеді.

Кесімді-прогрессивті жүйеде жұмысшының еңбегі мөлшерлерді орындау шектерінде кесімді баға орнату бойынша төленеді, ал мөлшерден артық өнімділікте – жоғары баға ортану бойынша төленеді.

Еңбек төлемінің мердігерлік формасы кең таралды. Оның мәнісі бір тарап белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенуі, мердігерлік алуынан, ал басқа тарап, яғни тапсырыс беруші, осы жұмысты аяқталған соң төлеуге міндеттенуі бойынша келісім жасасудан тұрады.

Мерзімді жалақы кезінде қызметкер атқарылған уақыттың көлеміне қарай ақшалай сыйақы алады, алайда, еңбек қарапайым және күрделі, төмен және жоғары білікті болуы мүмкіндігіне орай, еңбекті мөлшерлеу қажет. Ол тарифтік жүйелердің көмегімен жүзеге асырылады. Тарифтік жүйенің құрамдас элементтері мыналар болып табылады:

- *тарифтік мөлшерлеме* – уақыт бірлігіндегі жұмысшылардың түрлі топтары мен санаттарының еңбек төлемінің абсолютті мөлшері. Ең төмен тарифтік мөлшерлеме немесе бірінші разрядтың тарифтік мөлшерлемесі бастапқы болып табылады. Ол ең қарапайым еңбектің төлем деңгейін анықтайды. Тарифтік мөлшерлемелер сағаттық, күндік болуы мүмкін;

- *тарифтік торлар* біліктілік деңгейіне қарай еңбек төлеміндегі қатынасты орнату үшін қызмет етеді. Бұл тарифтік разрядтар мен олардың тиісті тарифтік коэффициенттерінің жиынтығы. Төменгі разрядтағы тарифтік коэффициент бірге тең деп алынады. Кейінгі разрядтардың тарифтік коэффициенттері тиісті тарифтік мөлшерлемелер бірінші разрядтағы тарифтік мөлшерлемеден жоғары екендігін көрсетеді. Мерзімді жалақының екі жүйесі бар: қарапайым мерзімді және мерзімді-сыйақылы. Жетекшілер, мамандар мен қызметкерлер үшін *лауазымды еңбекақы мөлшерінің жүйесі* қолданылады. Лауазымды еңбекақы мөлшері – алатын лауазымға сәйкес белгіленген, жалақының абсолютті мөлшері.

Еңбек төлемінің бар формаларының көп түрінен әр кәсіпкер өндірістің нақты жағдайларына жоғары дәрежеде сай келетінін таңдайды.

§3. Жалақыдағы қосымша төлемдер мен үстеме төлемдер.

(мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне ортақ)

1. Түнгі уақыттағы жұмыс үшін қосымша төлемдер (22 с. 6 с дейін.) – әр сағатқа сағаттық мөлшерлеменің 50%.
2. Мейрам және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін қосымша төлем – екі есе мөлшерден кем емес.
3. Мөлшерден артық жұмыс үшін қосымша төлем – әр сағат үшін сағаттық мөлшерлеменің 50%.
4. Экологиялық апат аймақтарында тұратын қызметкерлерге мынадай аймақтар бойынша коэффициенттерді қолданып, еңбек төлемі белгіленеді: экологиялық апат – 1,5 (50%); экологиялық дағдарыс – 1,3 (30%); экологиялық дағдарыс алды жағдай – 1,2 (20%).
5. Ядролық сынақ (ССЯП) территориясында тұратын қызметкерлер еңбегінің келесі аймақтар бойынша қосымша төлемі: төтенше радиациялық қауіп – 2 АЕК; максималды радиациялық қауіп – 1,75 АЕК; жоғары радиациялық қауіп – 1,5 АЕК; минималды радиациялық қауіп – 1,25 АЕК; жеңілдетілген әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар – 1 АЕК.
6. Ауыр жұмыстарда және еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлердің қосымша төлемі – 10-24%.
7. Уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындау үшін қосымша төлем – нақты көлемге қарай.
8. Лауазымдарды үйлестіргені үшін қосымша төлем (қызмет ету аймағын кеңейту) 50% дейін.

Тақырып 4.6: Негізгі және қосалқы өндірісті ұйымдастыру – өндірісті басқару қызметі.

Жоспар:

1. *Өндірістік үрдіс. Оны ұйымдастырудың принциптері.*
2. *Геологиялық суретке түсіру және іздеу жұмыстарын ұйымдастыру.*
3. *Геофизикалық жұмыстарды ұйымдастыру.*
4. *Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру.*

5. Бұрғылау және таулы-барлау жұмыстарын ұйымдастыру.

6. Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызуды ұйымдастыру.

7. Геологиялық барлау жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

1. Өндірістік үрдіс. Оны ұйымдастырудың принциптері.

Геологиялық қымет өзінің сипаты, өткізу жағдайлары, қолданылатын жабдықтары, өндірісті ұйымдастыруы бойынша жұмыстардың кең ауқымын қамтиды. Жаңа пайдалы қазба кенорындарын табу мен барлауға бағытталған геологиялық жұмыстар, бірқатар кезеңдерден құралады, соның ішінде әртүрлі әдістер арқылы жүзеге асуы мүмкін, әртүрлі жұмыстарды өткізуді талап ететін геологиялық түсірілім, іздеу, алдын-ала және детальді барлаудан тұрады. Оларға, мысалы, ұңғымаларды бұрғылау, тау-кен барлау қазбаларын ұңғылау, тау қазбаларын сынақтау, геофизикалық, гидрогеологиялық зерттеулер және т.б. жатады. Геологиялық барлау жұмыстарының кез-келген түрі бірнеше қарапайым жұмыс үрдістерінен тұратын күрделі жұмыс үрдісі болып табылады, олардың кешені геологиялық тапсырмамен, жұмыстарды өткізудің жағдайлары және тәсілдерімен анықталады. Жұмыс үрдістері бір-бірінен технологиялық мазмұнмен, қолданылатын құрал-жабдықтармен, ұйымдастырушылық құрылыммен ерекшеленеді. Әрбір жұмыс үрдісінде адамның еңбегі, еңбек құралдары мен еңбек заты қатысады. Жұмысшы құрал-саймандармен еңбек затына әсер ете отырып, белгілі бір дәрежеде сол заттың күйін, оның орнын, түрін, пішінін өзгертеді. Жұмыс үрдісінің мәнін құрайтын бұл өзгерістер белгілі-бір сандық көрсеткіштермен өлшенуі мүмкін.

Жұмыс үрдістері белгілі-бір ретпен орындалатын немесе уақыт бойынша бірге қолданылатын операцияларға бөлінеді. Операциялар жұмыс орнының, құралдар мен еңбек затының біркелкілігімен сипатталатын, технологиялық мазмұны бойынша біркелкі жұмыс үрдісінің бөлігін құрайды. Операциялар тәсілдерден тұрады. Тәсіл деп, белгілі-бір мақсаттық қызметі бар жұмысшы іс-әрекетінің жеке аяқталған жиынтығы. Операцияға кіретін тәсілдердің саны әртүрлі, ол операцияның сипаты мен күрделігіне тәуелді. Тәсілдер қозғалыстарға бөлінеді. Қозғалыс – орындаушының қолының, аяғының, саусақтарының, денесінің бір қайтара орын ауыстыруы – қарапайым өлшеуге келетін іс-әрекет болып табылады.

Жұмыс үрдістерінің барлық әртүрлігі кезінде, олардың орындалуына жұмсалатын уақыт және кез-келген үрдісті жарыққа шығаратын операциялар қажеттілікке байланысты немесе берілген жұмыс үрдісінің соңғы мақсатына жетуге бағытталған операция мәндеріне байланысты жіктелуі мүмкін.

Геологиялық суретке түсіру және іздеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Геологиялық суретке түсіру және іздеу жұмыстарын орындау зерттеу ауданы бойынша геологиялық суретке түсіруші және іздеуші партиялардың тұрақты орын ауыстыруына байланысты.

Тұрақты орын ауыстыруды талап ететін жұмыстарды ұйымдастыру бірқатар ерекшеліктерге байланысты. Партияның қызметкерлер құрамының геологиялық қорлардың, ғылыми кітапханалардың материалдарын пайдалану мүмкіндіктері аса шектеулі; материалдық-техникалық жабдықтау және жөндеу-механикалық жұмыстар мәселелерін шешу айтарлықтай қиындаған. Осыған байланысты геологиялық суретке түсіру және іздеуші партиялар үшін дұрыс, түбегейлі құрылған жобаның болуы, далалық жұмыстарға ойыластырылған жан-жақты дайындықты ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Оларды нәтижелі өткізу үшін, жұмыстар ауданына қатысты геологиялық қорлардың барлық материалдарын алдын ала зерттеу және қорыту қажет. Осы шарттарды орындағанда партия жұмысының негізгі бөлігі бұдан бұрын алынған геологиялық мәліметтерді бөлшектеуден, түзетуден және нақтылаудан тұрады.

Геологиялық суретке түсіруші партиялар қажетті топографиялық негізбен – дәл сондай немесе жобаланатын түсірілмеге қарағанда, үлкенірек масштабтағы топографиялық картамен

қамтамасыз етілу керек. Сонымен қатар, геологиялық суретке түсіру жұмыстарын жүргізу аэрофотосуреттерді пайдалануды көздейді, бұл жұмыстардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді, өйткені аэрофотоматериалдар жыныстардың шығу жапсарлары мен пункттерін орнатуға, геологиялық түсірімді тиімдірек жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта аэрофототүсірімдердің материалдары алдын ала бажайлауға жатады, онда бедердің жеке типтері мен элементтері, геологиялық құрылымдар, айырылымды бұзылыстар және т.с.с. анықталады.

Әдебиеттік және есептік геологиялық материалдарды, тау жыныстарының коллекцияларын, олардың тиімтастарын, түсірім ауданына тиісті қазбалы фауна мен флораны зерттеудің негізінде, зерттелетін ауданның алдын ала жұмысшы геологиялық картасы және стратиграфиялық бағана құрылады, олар далалық геологиялық суретке түсіру жұмыстарын жүргізудің барысында нақтыланады.

Далалық жұмыстарға ұйымдастырушылық-шаруашылық дайындық партияның жеке құрамын жинақтаудан және қажетті жабдықтарды, керек-жарақтар мен көлік құралдарын іріктеуден тұрады. Партияның жеке құрамын, алшақ, аз қоныстанған немесе жоғары таулы аймақтарда жұмыс жасаушыларды жинақтағанда, жұмыстар ауданын жақсы білетін, арнайы жол көрсетушімен немесе жергілікті халықтан шыққан жұмысшылармен партияны қамтамасыз ету қажет. Партияларға арналған керек-жарақты оны пайдалану жағдайларын және түсірім ауданы бойынша тұрақты тасымалдарының қажеттілігін есепке алып іріктейді. Қызметкерлерді жұмыстар ауданына сәйкес келетін, арнайы аяқ-киіммен, киім-кешекпен және сақтандырғыш құралдармен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Шөлді және шалғай аудандарда жұмыс жасайтын партиялар байланысты қамтамасыз ету үшін, портативтік радиостанцияларға ие болу керек.

Сауда желісі жоқ аудандарға жолданатын геологиялық суретке түсіруші партиялар азық-түлікпен қамтамасыз етіледі. Партияларды геологиялық бірлестіктердің (басқармалардың) немесе жергілікті сауда ұйымдарының қоры арқылы азық-түлікпен қамту мүмкін болмағанда, азық-түліктің қажетті қорлары алдын ала дайындалады және ол далалық жұмыстар ауданына шығар кезде партияға беріледі.

Далалық жұмыстардың басталу сәтіне қарай, негіздеудің бір нүктесінде зерттелетін бөлікшелер көрсетілген, оларды жүргізудің графигі, сонымен қатар түсірі ауданы бойынша базаның орын ауыстыру графигі құрылу керек. Бөлікшелердің шекаралары физикалық-географиялық жағдайларға сәйкес анықталады; сонымен қатар партияның қызметкерлер құрамының уақытты көп шығындамай бағыт-жолдардан жүйелі оралу мүмкіндігі есепке алынады.

Геологиялық суретке түсіру жұмыстары өндірістік геологиялық бірлестіктің ғылыми-техникалық кеңесі (ҒТК) геологиялық есепті бекіткеннен кейін және оны геологиялық қорға тапсырғаннан кейін аяқталды деп есептеледі.

§3. Геофизикалық жұмыстарды ұйымдастыру.

Геофизикалық зерттеулер геологиялық барлау жұмыстарының жалпы кешенінің бір бөлігі болып табылады және оларды орындаудың барлық кезеңдерінде (геологиялық суретке түсіруде, іздеу жұмыстарында және пайдалы қазба кенорындарын барлауда) ұйымдастырылады. Геофизикалық жұмыстардың міндеттері мыналар болып табылады: зерттелетін территорияның терең геологиялық құрылысын орнату; пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлауды және оларды анықтауды жүргізу үшін қолайлы аудандарды, аймақтар мен құрылымдарды анықтау; бұрғылау ұңғымаларының геологиялық қимасын зерттеу және т.б.

Зерттелетін өрістердің физикалық мәні мен түрі бойынша геофизикалық әдістер *магниттік барлау* (соның ішінде аэромагниттік), *электробарлау*, *сейсmobарлау*, *гравитарлау*, *радиометриялық және т.б.* болып бөлінеді. Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулерді ерекше топқа ажыратуға болады.

Геологиялық жұмыстарды жобалағанда геофизикалық әдістерді қойылған міндеттерге, ауданның геологиялық құрылысының ерекшеліктеріне, зерттелетін құбылыстардың сипатына, тау жыныстары мен пайдалы қазбалардың физикалық қасиеттеріне қарай таңдайды. Бірқатар

жағдайларда нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін бір мезетте бірнеше әдіс қолданылады.

Геофизикалық зерттеулердің жүргізудің жобасы жұмыстардың мақсаттық міндетіне қарай, жеке партиялар үшін жеке құжат түрінде немесе кешенді экспедицияның, партияның жоба бөлімі түрінде құрылады. Жобада әдіс немесе зерттеу әдістерінің кешені, түсірімдердің масштабтары, бақылау желісінің тығыздығы, жұмыстарды орындауға арналға аппаратура мен жабдықтардың таңдалуы, тәжірибелік зерттеулерді жүргізудің параметрлері мен техникалық жағдайлары, физикалық көрсеткіштердегі жұмыстардың көлемдері, зерттеулер кезегі, көлік құралдарының түрлері мен саны және жұмыстар әдістемесінің, техникасы мен ұйымдастырылуының өзге мәселелері негізделеді. Геофизикалық зерттеулерді жүргізудің әдістері мен техникалық құралдарын сенімді нәтижелер мен жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштер алу қажеттілігінен шыға отырып, таңдау қажет. Жобалық шешімдерді дұрыс негіздеу және бұрын атқарылған жұмыстарды қисынсыз қайталауды болдырмау үшін, жобаны құрушы мамандар геологиялық қорлардың материалдарын, зерттелетін ауданда және кенорында жүргізілген геофизикалық зерттеулер мен геология бойынша әдеби материалдарды жинау және зерттеу қажет, бұл материалдарға жүйелеу және талдау жүргізу қажет. Жобалау кезінде негізгі ғана емес, қосалқы операцияларды механизациялауды; жаңа әдістер мен аспаптарды қолдануды, оларды уақыт ішінде жоғары пайдалануды; операциялардың әрбіреуі үшін жұмыстар майданын құру шамасы бойынша үрдісті құрайтын операцияларды үздіксіз және параллель орындауды көздеу қажет.

Далалық геофизикалық жұмыстар геофизикалық жұмыстардың тиісті түрлерін жүргізу бойынша бекітілген жоба мен нұсқауларға қатаң сәйкестікте орындалады. Далалық геофизикалық жұмыстардың үлкен бөлігі аномалияларды, құрылымдарды анықтау және геофизикалық карталарды құру мақсатында айтарлықтай аудандағы зерттеулер мен бақылаулардан тұрады.

Далалық жұмыстар кезеңінде геофизикалық партиялардағы еңбекті тиімді ұйымдастыру геофизикалық, топографиялық-геодезиялық және қосалқы жұмыстарды дұрыс үйлестіруді көздейді. Олармен бірге далалық материалдарды алдын ала өңдеу және далалық жұмыстардың геологиялық нәтижелері туралы алдын ала есеп құру жүргізілу керек, бұл жұмыстардың алдағы бағытын анықтау үшін геофизикалық бақылаулардың мәліметтерін оперативті пайдалануға мүмкіндік береді.

Геофизикалық экспедицияның, партияның, отрядтың *камералдық жұмыстары* барлық орындалған далалық жұмыстардың нәтижелері туралы қорытынды есеп жасаудан тұрады. Есепті жасаған кезде геофизикалық жұмыстардың тиісті әдістері бойынша техникалық нұсқауларды жетекшілікке алу қажет.

Камералдық жұмыстар мыналардан тұрады: материалдарды камералдық өндеудің күнтізбелік жоспарын құру; далалық бақылаулар мен тәжірибелік жұмыстардың мәліметтерін, барлық далалық құжаттаманы орындаушылардан қабылдау-тапсыру, соңғысын жүйелеу; барлық орындалған жұмыстардың нәтижелерін соңғы өндеу, түсіндіру және геологиялық талдау; бұрын орындалған зерттеулердің мәліметтерін салыстыру; қорытынды есепке карталарды, схемаларды, қималар мен басқа графикалық қосымшаларды құру, нақтылау және редакциялау; геологиялық есепті құру, рәсімдеу, рецензиялау және бекіту, оны геологиялық қорларға тапсыру.

§4. Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру.

Геологиялық барлау жұмыстарына гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер ұласады. Геологиялық түсірімді жүргізу әдістемесі геологиямен бірге ауданның гидрогеологиялық жағдайларын зерттеуді және гидрогеологиялық карталар құруды көздейді. Кенорынды бағалаған кезде де ауданның гидрогеологиялық жағдайларын, оның суландырылуын, жерасты суларының болуын және т.с.с. анықтау қажет. Бірқатар пайдалы қазбалардың қорларын бекіткенде қорлар сапасының қажетті шарты кенорынның гидрогеологиялық жағдайларының сипаттамасы болып табылады. Осылайша, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер геологиялық барлау партиясы

орындайтын жұмыстардың құрамдас бөлігі ғана емес, дербес маңызға ие, өйткені су ресурстары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы үшін, қалалардың құрылысы мен сумен қамтылуы үшін, суландыру үшін қажет, ал ауданның инженерлік-геологиялық жағдайларын зерттеу өнеркәсіптік, тұрғын үй, гидротехникалық және жол құрылысы мәселелерін шешу кезінде қажет.

Сипаты бойынша гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстарды келесі топтарға бөлуге болады:

- гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық түсірімдер;
- кенорындардың гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу;
- түрлі объектілерді жобалаумен және тұрғызумен байланысты мәселелерді шешуге арналған инженерлік-геологиялық ізденістер;
- арнайы режимдік гидрогеологиялық бақылауларды жүргізу;
- сумен қамту көздерін іздеу.

Ұйымдастырушылық-дайындық жұмыстары партияны қызметкерлер құрамымен, жабдықтармен, керек-жарақпен, көлік құралдарымен және аппаратурамен жабдықтаудан тұрады. Суға далалық химиялық талдаулар жүргізу үшін, партияға далалық жағдайларда су сынамаларын талдауға мүмкіндік беретін, химиялық зертхана беріледі. Партияның қызметкерлер құрамы жұмыстарды жүргізудің тиісті жағдайларына және қауіпсіздік техникасына сәйкес келетін, арнайы киіммен, аяқ-киіммен, шатырлармен және өзге керек-жарақтармен, сонымен қатар радиобайланысты қамтамасыз етуге арналған құралдармен жабдығалады. Сауда желісі арқылы азық-түлікпен қамтуды ұйымдастыру мүмкін болмаған аудандарда жұмыс істейтін партиялар сақтандыру қорын есепке алып, далалық жұмыстардың бүкіл кезеңіне онымен қамтамасыз етілуі тиіс. Қажетті қордың салмағын азайту үшін, азық-түлік жоғары калориялы болу керек.

Геологиялық түсірім сияқты, гидрогеологиялық түсірім қар жамылғысы түскенге дейін ғана жүргізілуі мүмкін, сондықтан далалық жұмыстардың маусымдылығы партия жұмысын ұйымдастыруды көздеуге мәжібүрлейді. Онда қысқы кезеңде, арнайы қысқы зерттеулерден басқа, әдетте материалдарға камералдық өңдеу, есептеу құру, сонымен қатар келесі маусымға белгіленген зерттеулер ауданымен алдын ала танысу, жобаны құру немесе нақтылау жүргізіледі.

Стационарлық бақылаулар негізінен ауданның гидрогеологиялық жағдайларын және оларға маусымдық өзгерістердің ықпалын зерттеу үшін ұйымдастырылады. Бақылаулар гидрографиялық желіні және белгілі бір аудандағы бірқатар нүктелерді қамтиды. Мұндай нүктелер ұңғымалар, құдықтар, жерасты қазбаларынан судың шығыстары мен табиғи су көздері болып табылады. Қазбалардағы, су айдындары мен өзендердегі судың деңгейі мен температурасын бақылау, суды физикалық-химиялық және бактериалдық талдау, шығымның тәуліктік, маусымдық өзгерістерін, жерасты суларының режим өзгерістері мен табиғи факторлардың өзара байланысын, жерасты суларының ағу бағыты мен қозғалыс жылдамдығын, суларды сорғыту жағдайларын, сейсмикалық белсенділіктен кейін жерасты суларының химиялық және газды құрамының өзгерістерін және т.б. зерттеу жиі жүргізіледі. Жерасты суларының сарқылуы мен оларды жасанды толтыру мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар қоршаған ортаның ластануын анықтау үшін, әсіресе ірі өнеркәсіптік орталықтардың маңындағы аудандарда түскен жауын-шашындардан, ауадан сынамалар алынады.

Далалық жұмыстар аяқталған соң жүргізілетін, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстардың материалдарын камералдық өңдеу үшін, шектеулі мерзімдер белгіленген. Сондықтан далалық бақылаулар барысында-ақ бақылаулардың, тәжірибелердің нәтижелерін және өзге мәліметтерді өңдеу мен жүйелеуге жоғары назар аудару қажет. Материалдарға уақытында камералдық өңдеу жүргізу үшін, оларды бастамас бұрын, нақты орындаушылар көрсетілген, камералдық жұмыстардың барлық кезеңдерін жүргізудің күнтізбелік жоспары мен желілік графигін құру қажет.

Камералдық жұмыстардың ұзақтығы далалық жұмыстардың кезеңіне қарай пайызбен анықталады: жергілікті жерде өте нашар өту жағдайында 80%-дан жақсы өту кезінде 160% дейін.

§5. Бұрғылау және таулы-барлау жұмыстарын ұйымдастыру.

Барлау ұңғымаларын бұрғылау өзара кезектесетін немесе уақыт ішінде қиылысатын, біртіндеп орындалатын, қарапайым жұмыс үрдістерінің кешені болып табылады.

Соңғы мақсатқа жетудегі маңызы бойынша бұрғылаудың барлық үрдістерін үш топқа бөлуге болады: дайындық-қорытынды, негізгі және қосалқы. Сонымен қатар, бұрғылауға геофизикалық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер ұласады, олар тиісті міндеттегі партияларда негізгі үрдістер болуы мүмкін.

Бұрғылау үрдісінде мыналарды ажыратады:

- *бұрғылаудың механикалық жылдамдығы*, машиналық бұрғылаудың 1 сағ. ішінде үңгілеудің орташа шамасымен беріледі;
- *бұрғылаудың техникалық жылдамдығы*, негізгі үрдіске – бұрғылаудың өзіне және қосалқы операциялардың барлық түрлеріне шығындалған, 1 сағ. уақыт ішінде үңгілеудің орташа жылдамдығына тең;
- *бұрғылаудың жалпы (коммерциялық) жылдамдығы*, ұңғымалардың бұрғыланған метрлерін станоктың жұмыс жасаған айларының санына бөлуге тең және метрдің станок-айға бөліндісімен беріледі.

Геологиялық жұмыстардың басқа түрлерімен салыстырғанда, тау-кен қазбаларын үңгілеу жоғары еңбек сыйымдылықпен және жоғары құнмен ерекшеленеді. Жерасты тау-кен барлау қазбаларын үңгілеудің жалпы көлемінің 95% астамын көлденеңдер құрайды, негізінен шгольнялар, шпектер, олардың шамамен 90%, 500 м асатын жылжуының орташа қашықтығында қимасының ауданы 5 м² астам. Жерасты қазбаларының шамамен 98% бұрғылау-қопару жұмыстарын қолданып, жартасты жыныстарда үңгіленеді, соның ішінде 60% астамы берік әрі аса қатты жыныстарда. Тау-кен барлау қазбаларын үңгілеудің шығындары далалық геологиялық жұмыстарға жалпы қаржы бөлудің 10-15% құрайды.

Сонымен қатар көптеген жағдайларда, соның ішінде түсті, сирекжәне асыл металдар кенорындарының үлкен бөлігі тиесілі, күрделі кенорындарды зерттегенде, тек тау-кен үңгілеу жұмыстары барлау нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етуі мүмкін.

Тау-кен барлау қазбаларын жүргізу бойынша жұмыстардың құрамына дайындық, негізгі, қосалқы және қорытынды үрдістердің кең кешені енеді. Тау-кен жұмыстарының негізгі үрдістерімен қатар немесе олардан шамалы артта қалып, қазбаларда мыналар жүргізіледі: геологиялық құжаттау, сынамалар мен үлгілерді іріктеу, кенорынның геологиялық құрылысын зерттеуге қажетті, геофизикалық, гидрогеологиялық және өзге зерттеулер, минералды шикізаттың сапалық сипаттамаларын анықтау, пайдалы қазбалар мен сыйыстырушы жыныстардың физикалық-механикалық және таулы-технологиялық қасиеттерін анықтау, қорларды есептеу және т.с.с.

Тау-кен барлау қазбаларын жүргізу бойынша жұмыстар белгілі бір кезекпен жүйелі қайталанатын, өзара байланысты жұмыс үрдістерінің бірқатарынан тұрады. жұмыс үрдістерінің толық кешені үңгілеу циклы деп аталады. Циклдың құрамы, оның құрамына енетін үрдістер шеңбері мен қазбаның әр түрі үшін оларды орындау тәсілдері геологиялық жағдайлармен және үңгілеудің қабылданған технологиясымен анықталады. Үңгілеу үрдістерінен басқа, циклдың құрамына, орындалуы тау-кен барлау жұмыстарының соңғы мақсаты болып табылатын, қандай да бір геологиялық зерттеулер енуі мүмкін.

Қазбаның түріне, жұмыстардың жағдайларына және қолданылатын жабдықтардың сипатына қарай, үңгілеу әр негізгі үрдіс алдыңғысы толық аяқталған соң басталатын, бір забойда үрдістерді бірізді орындау принципі бойынша, екі немесе одан да көп үрдістер уақыт ішінде ішінара немесе толық үйлестірілетін, бір забойда үрдістерді параллель орындау принципі бойынша ұйымдастырылуы мүмкін.

Әр циклды жүзеге асырудың нәтижесінде қазбаның забойы цикл ішіндегі үңгілеу деп аталатын шамаға алға жылжиды.

§6. Уақытша ғимараттар мен құрылыстардың тұрғызылуын ұйымдастыру.

Геологиялық партияның (экспедицияның) уақытша ғимараттары мен құрылыстарына мыналар жатады: тұрғын үй ғимараттары (пәтерлік типтегі және жатақханалар), өндірістік (компрессорлық, электр станциялар, жөндеу шеберханасы, ұсақтау цехы, саз зауыты, камералдық өңдеуге арналған бөлме, гараж және т.б.), мәдени-тұрмыстық (монша, асхана, дүкен, медбөлімше), қоғамдық (балабақша, мектеп); қойма бөлмелері; инженерлік құрылыстар (көпірлер, жолдар, өткелдер, кеме аялдамалары, аэродромдар және т.б.), сыртқы коммуникациялар (сукұбырларының, электр энергиясымен қамтудың, жылумен қамтудың, байланыстың сыртқы желілері).

Бұл ғимараттар мен құрылыстардың уақытша сипаты әр объектіде геологиялық ұйым әрекетінің шағын мерзіміне және жеке жайдағларда кейбір құрылыстар кенорындарды өнеркәсіпке бергеннен кейін бұдан ары қолданылуына негізделген.

Кандай да бір партиядағы, экспедициядағы құрылыстың нақты құрамы мен көлемі көптеген факторларға, соның ішінде геологиялық жұмыстардың сатыларына, масштабтарына, ұзақтығына, түрлеріне, жақын маңда елді мекендердің және қатынас жолдарының болуына, климаттық жағдайларға, қолданылатын геологиялық барлау техникасына тәуелді. Құрылыстың ең үлкен көлемі, бірқатар жыл бойы елді мекендерден алыс орналасқан аудандарда кенорындарға түбегейлі барлауды жүргізетін, ірі стационарлық экспедицияларда жүргізіледі.

§7. Геологиялық барлау жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дұрыс ұйымдастыру геологиялық партияның үздіксіз және үнемді жұмысының маңызды шарты болып табылады, өйткені инструменттерге, керек-жарақтар мен түрлі шамалы бағалы мүлік шығындарын есепке алмағанда, материалдарға кететін шығандар геологиялық барлау жұмыстарына кететін шығындардың жалпы сомасының 10-15% құрайды. Материалдық құндылықтарға деген қажеттілікті анықтау материалдарды шығындау нормаларына қарай жүргізіледі. Материалдар мен энергияны мөлшерлеу аналитикалық әдіспен жүргізіледі.

Материалдар мен энергияны шығындаудың техникалық негізделген нормалары екі тәсілмен құрылады: есептеу тәсілімен және арнайы бақылауларды құру жолымен. Есептеу тәсілі жабдықтардың төлқұжаттарын, бекітілген техникалық жағдайларды, жұмыс сызбаларының, жұмыстардың графиктерін және т.с.с., материалдар мен энергияны меншікті шығындау шамасына ықпал ететін, факторлардың түрлі мәні мен түрлі жағдайларда қолдануға негізделген. Материалдардың есептік нормалары уақыт өткен сайын өндірісте тексеріледі, одан соң есепке жататын факторлар, соның ішінде техникалық нормалардың шамасы нақтыланады.

Материалдар мен энергияның шығынын техникалық мөлшерлеудің екінші тәсілі – материалдардың шығынына арнайы аналитикалық есеп және бақылаулар жүргізу жолымен нормаларды белгілеу (шығын нормаларын техникалық есептеудің негізінде анықтау мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады). Бақылаулар мен есептеуді жүргізудің алдында қалыпты жұмыс жағдайларын, материалдарды тиімді пайдалану мен үнемді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында дайындық жүргізілуі тиіс. Материалдардың шығын: осы мақсатта іріктелген, белгілі бір жағдайлары бар бөлікшелерде; тәжірибелі білікті атқарушылардың жұмысында; механизмдердің дұрыс жағдайында және жұмысының тиімді режимінде және шығындалатын материалдардың жұмыстың ерекшелігін, сапасы мен нақты жағдайларының мөлшері бойынша сәйкестігінде есепке алынады.

Бақылау мен есептеу үрдісінде жұмыстардың атқарылған көлемдері, жабдықтар жұмысының нақты жағдайлары мен технологиялық режимі бекітіледі. Түрлі жағдайларда бақылау нәтижелерін және материалдардың шығындалу есебін талдау материалдардың шығындалуына ықпал ететін, негізгі факторларды және осы факторлардың маңызына қарай нормалардың шамасын белгілеуге мүмкіндік береді.

Бақылаулардың нәтижелерін талдауда материалдар мен энергия шығынын қысқарту бойынша шаралар көзделеді.

Осылайша, геологиялық барлау жұмыстарын тиімді жүзеге асыру үшін, негізді өндірісті де, қосалқы өндірісті де ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Тақырып 4.7: Еңбекті мөлшерлеу – нарықтық экономикада өндірісті басқару қызметі ретінде.

Жоспар:

1. *Еңбекті мөлшерлеу түсінігі және оның негізгі міндеттері.*
2. *Еңбекті мөлшерлеу бойынша негізгі ережелер.*
3. *Жұмыс уақытының шығындарын зерттеу.*
4. *Еңбек нормалары.*

§1. Еңбекті мөлшерлеу түсінігі және оның негізгі міндеттері.

Еңбек тіршілікке қажетті материалдық және рухани игіліктерді жасайтын, адамдардың санлы, мақсатқа сай іс-әрекеті болып табылады. Бұл әрекет табиғатқа негізделген. Ф.Энгельс жазғандай, еңбек «белгілі мағынада адамды жаратқан еңбек деп айта алатындай дәрежеде бүкіл адам өмірінің бастапқы негізгі шарты».

Еңбек үрдісі келесі үш құраушы болғанда жүзеге асырылады: *еңбек заты, еңбек құралдары және еңбектің өзі*. Геологиялық барлау жұмыстарында (ГБЖ) еңбектің заты жер және оның қойнаулары болып табылады; адам еңбек затына ықпал ететін, бұрғылау, тау-кен үңгілеу, гидрогеологиялық, геофизикалық, зертханалық және өзге жабдықтар еңбек құралдары болып табылады. Геологиялық барлау саласында да, кез келген еңбек үрдісінің басты элементі тірі адам еңбегі болып табылады.

Еңбекті мөлшерлеу – бұл өнім бірлігін жасауға шығындалған еңбектің мөлшерін және уақыт бірлігінде өнім өнімділігін белгілеу, белгілі бір ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда жұмыстың берілген көлемін орындау немесе өндіріс құралдарына қызмет көрсету. Еңбекті техникалық мөлшерлеудің негізгі міндеті өндіріс, оған қызмет көрсету мен басқару саласындағы әр қызметкер үшін, еңбек шығындарының ғылыми негізделген шамасын белгілеу болып табылады. Еңбек шамасы тиісті нормалар түрінде (уақыт нормалары, өнімділік нормалары, қызмет көрсету нормалары, (нормативтердің) нормалары) белгіленеді. Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбегін техникалық мөлшерлеудің мақсаты – еңбек өнімділігінің артуына және өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік тудырады.

Еңбекті техникалық мөлшерлеу келесі **негізгі міндеттерден** тұрады:

1. уақыттың айқын және жасырын шығындарын анықтау мақсатында атқарушының жұмыс уақытының шығындары мен жабдықтарды пайдалану уақытын зерттеу, олардың пайда болу себептерін талдау, уақыттың анықталған шығындарын жою шараларын құру;
2. қолданыстағы және жобаланатын өндірістік үрдістердің экономикалық тиімділігін талдау;
3. (нақты жұмыстың) өндірістік үрдістің ұзақтығын зерттеу және оны қысқарту шараларын құру;
4. еңбек шығындарының техникалық негізделген нормаларын құру және өндіріске енгізу және олардың орындалуын бақылау.

§2. Еңбекті мөлшерлеу бойынша негізгі ережелер:

1. **Өндірістік үрдістің құрылымы.** Өндірістік үрдістің екі қыры бар: технологиялық және еңбектік. *Технологиялық үрдістің* барысында еңбек заты сапалық және сандық өзгерістерге ұшырайды (мөлшері, формалары, күйін, құрылымы және т.с.с.).

Еңбек үрдісі – бұл технологиялық үрдісті жүзеге асыру бойынша әрекеттердің жиынтығы. Екі үрдіс те тығыз байланысты, бірақ атқарушылар әрекетінің мазмұны мен тәртібі технологиялық үрдіспен анықталады.

ГБЖ әр жеке түріндегі өндірістік үрдіс операциялардан тұрады. Мысалы, шгольняны үңгілеген кезде өндірістік үрдіс келесі операцияларға бөлінеді: шпурларды бұрғылау, жыныстарды қопару, жинау және тасымалдау, бекіту, қосалқы операциялар.

Бір жұмыс орнында бір жұмысшы немесе жұмысшылар тобы жүзеге асыратын және ортан берілген жұмысты орындау бойынша олардың әрекеттерін қамтитын, өндірістік үрдістің бөлігі *операция* деп аталады. Операция еңбек затының, жұмыс орнының және атқарушылардың тұрақтылығымен сипатталады. Операция еңбекті техникалық мөлшерлеудің объектісі болып табылады. Бірақ егер өндірістік үрдісті жүйелі қайталанатын операцияларға бөлу мүмкін болмаса, мөлшерлеу объектісі операциялардың кешені немесе біртекті жұмыстардың топтары болуы мүмкін. Технологиялық тұрғыдан операция бөлінбейді, бірақ жұмыс уақытының шығындарын зерттеу және талдау үшін, еңбек бойынша нормативтерді белгілеу үшін, операциялар тәсілдерге, еңбек әрекеттері мен қимылдарға бөлінеді.

Тәсіл – бұл белгілі бір мақсатты міндетке ие әрекеттердің жиынтығы. Мысалы, электробұрғыны қосу, бұрғылау қабын бағаналы құбырға бұрап кіргізу. Тәсілдер, өз кезегінде, еңбек әрекеттері мен қимылдарға бөлінеді.

Еңбек әрекеті – бұл үздіксіз орындалатын, еңбек қимылдарының жиынтығы. Мысалы, қапты алу, құбырларды бұрап шығарғанда ирек ойманы майлау.

Еңбек қимылы – бұл еңбек әрекетін орындағанда жұмысшының қолдарын, аяқтарын, басын, корпусын бір қалыптан басқа қалыпқа бір рет орын ауыстыру. Мысалы, кнопканы басу, инструментке қол созу, инструментті саусақтарымен алу.

Операцияны құраушы элементтерге бөлу дәрежесі жұмыс уақытының шығындарын талдаудың және нормативтер құрудың қажетті дәлдігіне тәуелді.

2. Атқарушының жұмыс уақытының шығындарын жіктеу. *Жұмыс уақыты* – бұл қызметкерлер қызмет міндеттерін орындауға міндетті, кәсіпорында белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығы. Жұмыс уақыты 2 топқа бөлінеді: жұмыс уақыты және үзіліс уақыты. *Жұмыс уақыты* – қызметкер орындайтын жұмысқа байланысты әрекеттерді орындайтын кезең. Жұмыс уақыты уақыт шығындарының 2 түрінен тұрады: өндірістік тапсырманы орындау бойынша жұмыс уақыты және өндірістік тапсырманы орындаумен көзделмеген жұмыс уақыты.

Өндірістік тапсырманы орындау бойынша жұмыс уақыты жұмысшы дайындыққа және өндірістік тапсырманы орындауға шығындайды, ол дайындық-қорытынды жұмысты орындаудан, оперативтік жұмыстан және жұмыс орнына қызмет көрсетуден тұрады.

Өндірістік тапсырманы орындаумен көзделмеген жұмыс уақыты – бұл кездейсоқ жұмыстарды орындау (тау-кен қазбасында жыныстардың құлауын жою) және өндірістік емес жұмыстардың уақыты, олар орындалған жұмыстарды арттырмайды немесе өнімнің өсірмейді (станокты ұсақ жөндеу, апатты жою).

Үзілістер уақыты – жұмысшы жұмысқа қатыспайтын уақыт. Ол регламенттелген және регламенттелмеген үзілістерге бөлінеді.

Регламенттелген үзілістерге демалысқағ жеке мұқтаждықтарға үзіліс уақыттары, өндіріс технологиясымен және ұйымдастырылуымен белгіленген үзілістер уақыты кіреді.

Демалыс үзілістері – қалыпты жұмысқа қабілеттілікті сақтау мақсатында демалуға арналған уақыт. Жеке мұқтаждықтарға арнайылған үзілістер – жеке тазалық пен табиғи мұқтаждықтарға арналған уақыт. Үзілістердің уақыты технологиямен бекітілген, технологиялық үрдіс жүруінің ерекше жағдайларынан түзіледі (қопару жұмыстарынан кейін забойды желдету, сейсmobарлау жұмыстарында қопаруды күту, ұңғымаларды тығындауда керіш ерігіндісінің қатуын күту).

Регламенттелмеген (жойылатын) үзілістер мыналарға бөлінеді:

1. өндірістік үрдістің қалыпты ағысының бұзылуынан туындаған үзілістер – еңбек пен өндірісті нашар ұйымдастыру.
2. еңбек тәртібінің бұзылуынан туындаған үзілістер – кешігулер, жұмыс орнынан өз еркімен кетіп қалу, жұмыстан ерте кету, яғни еңбек тәртібінің ережелерін бұзу.

§3. Жұмыс уақытының шығындарын зерттеу.

Геологиялық барлау жұмыстарында бақылаудың келесі түрлері қолданылады:

1. *жұмыс уақытының фотографиялау* жұмыс ауысымының барысында жұмысшы немесе бригада шығындайтын уақытты зерттеу мен талдау мақсатында жүргізіледі;
2. *жабдықтарды пайдалану уақытын фотографиялау* – ауысым барысында қолданылуын зерттеу және талдау мақсатында жабдықтардың жұмысын бақылау;
3. *өндірістік үрдісті фотографиялау* – жұмыс уақыты мен жабдықтарды пайдалану уақытының шығындарын зерттеу бір мезетте жүргізілетін бақылау;
4. *өлшем уақыты* – оперативті жұмыстың циклдық қайталанатын элементтер, дайындық-қорытынды жұмысының немесе жұмыс орнына қызмет көрсету бойынша жұмыстың жеке элементтері зерттелетін бақылау;
5. *фотохронометраж* – оперативтік жұмыстың ұзақтығы да, уақыттың өзге шығындарының ұзақтығы да зерттелетін бақылау.

§4. Еңбек нормалары және нормаларды қайта қараудың тиімділігі.

Еңбек нормасы – бұл еңбек шығындарының тікелей өлшемі, бұл тиісті кәсібі, мамандығы мен біліктілігі бар, атқарушының (атқарушылар тобының) белгілі бір ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда жеке жұмыстарды, операцияларды немесе функцияларды орындау бойынша белгіленген нақты тапсырма.

Еңбектің келесі нормаларын ажыратады: уақыт нормалары, өнімділік нормалары, қызмет көрсету нормалары, сан нормалары.

Уақыт нормасы (Нуақ) – бұл берілген ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда тиісті біліктілігі бар бірқызметкердің немесе қызметкерлер тобының жұмыстың, өндірістік операцияның бірлігін немесе операциялар кешенін орындауына қажетті, жұмыс уақытының шамасы (сағ., мин., сек.).

Өнімділік нормасы (Нө) – бұл берілген ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда жұмыс уақытының бірлігінде (жұмыс ауысымы, жұмыс айы) тиісті біліктілігі бар қызметкер (бригада) орындауға міндетті, натуралды бірліктермен (данамен, метрмен, шаршы м, т) берілген, еңбек тапсырмасының бекітілген көлемі.

Уақыт нормасы мен өнімділік нормасының арасында кері пропорционалды тәуелділік бар.

$$Нө = Тсм / Нуақ$$

$$Нуақ = Тсм / Нө$$

Уақыт (өнімділік) нормалары негізінде ауыспалы тапсырмаларды тікелей мөлшерлеу жұмыстар көлемінің тұрақсыздығынан жүзеге асырылуы мүмкін болмаған жағдайда, қызмет көрсету нормалары мен сан нормаларын белгілейді.

Қызмет көрсету нормасы – бұл берілген ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларда жұмыс ауысымының, жұмыс айының және т.с.с. ішінде тиісті біліктілігі бар қызметкер (бригада) қызмет көрсетуге міндетті, объектілер санымен (жабдықтардың, жұмыс орындарының, өндірістік аудандардың және т.с.с бірлігімен) берілген, еңбек тапсырмасының бекітілген көлемі.

Қызмет көрсету нормасының шамасы қызмет көрсетілетін объектілердің бірлігіне уақыттың белгіленген нормасынан және қызметкерлердің берілген категориясына арналған жұмыс уақытының ұзақтық нормасынан туындайды.

Жұмысшылар мен қызметкерлер *санының нормасы (нормативі)* – бұл белгілі бір өндірістік функцияларды немесе жұмыстардың көлемін орындауға қажетті, тиісті кәсіби-біліктілік құрамы бар қызметкерлердің жеке категорияларының белгіленген саны. Сан нормалары (нормативтері) бойынша жабдықтарға, жұмыс орындарына, өндірістік алаңдарға және т.с.с. қызмет көрсетуге арналған қызметкерлердің қажетті санын, сонымен қатар кәсіптер, мамандықтар, жұмыстардың топтары немесе түрлері, жалпы ұйым, кәсіп немесе цех бойынша еңбектің қажетті шығындарын анықтайды.

Өндірістік тапсырманы мөлшерлеу – бұл жұмыс ауысымында (өндірістік тапсырманы ауысымдық мөлшерлеу), жұмыс айында (өндірістік тапсырманы айлық мөлшерлеу) және т.с.с. қызметкер (бригада) орындауға міндетті, әдетте, мөлшер-сағатпен берілетін, мерзімді төлемдегі қызметкерлерге белгіленген еңбек тапсырмасының көлемі.

Еңбекті техникалық мөлшерлеуді жетілдіру еңбек пен өндірістің белгіленген технологиясына, тиімді ұйымдастырылуына, жұмысшылардың озық тәжірибесіне қарай, сонымен қатар еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияның қолданыстағы ережелерін есепке алып, белгілік бір ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларға арналған техникалық мөлшерлеу әдістерімен есептелген, еңбектің техникалық негізделген нормаларының санын арттырудан тұрады.

Тақырып 4.8: Еңбекті ғылыми ұйымдастыру – менеджменттің элементі ретінде.

Жоспар:

1. Еңбек және оны ұйымдастырудың негізгі түсініктері.
2. Еңбекті ғылыми ұйымдастырудың (ЕҒҰ) мәні мен міндеттері.
3. ЕҒҰ негізгі бағыттары:

§1. Еңбек және оны ұйымдастырудың негізгі түсініктері.

Экономикалық теорияда еңбек адамды келесі міндетті шарттармен қабаттаса жүретін адамның қызметі ретінде қаралады:

1. еңбек әрекеттерінің тиянақтылығы;
2. энергия шығыны;
3. қоғаммен мойындалған пайдалы нәтиже.

Кәсіпорында еңбекті ұйымдастыру пайдалы әсерге жету мақсатында адам еңбегін пайдалану бойынша күрделі жүйені құрайды. Адам еңбегі саналы және нәтижелі юолу керек. Өндірістің қалыпты қызмет етуі үшін, адамдардың ұйымдасқан еңбегі міндетті шарт болып табылады. Еңбек барысында адам, еңбек затына ықпал ете отырып және оны дайын өнімге айналдырып, дене және жүйке энергиясын шығындайды. Бұл еңбек үрдісін физиологиялық тұрғыдан сипаттайды. Басқа жағынан, еңбек үрдісінде адамдар белгілі бір қоғамдық қатынастарға түседі. Нәтижесінде, еңбек үрдісі қоғамдық құбылыс ретінде болады, оны ұйымдастыру қоғамның әлеуметтік-саяси құрылысына, яғни басым өндірістік қатынастарға тәуелді. Жалпы алғанда, еңбек үрдісінің мәнін зерттей отырып, оның физиологиялық та, қоғамдық та қырларын назарға алу қажет.

«Өндіріс үрдісі» түсінігі – «еңбек үрдісі» түсінігіне қарағанда кеңірек, өйткені өндіріс үрдісі әрбіреуі белгілі бір саты болып табылатын, түрлі еңбек үрдістерінің тұтас кешенін құрайды. Сонымен қатар, өндіріс үрдісі еңбек затына адамдар ғана емес, табиғат күштері де ықпал ететін, түрлі табиғи үрдістерден де тұрады. Өндіріс үрдісі үш фактордың бірлігін құрайды: еңбек заты, еңбек құралдары мен еңбектің өзі, яғни адамның мақсатқа сай іс-әрекеті. Бұл өндірісті ұйымдастырудың міндеттері, бір жағынан, адамдардың еңбегін (тірі еңбекті), басқа жағынан, еңбек қарулары мен заттарын (заттандырылған еңбек), өндіріс құралдарын тиімді пайдаланудан тұрады.

§2. Еңбекті ғылыми ұйымдастырудың (ЕҒҰ) мәні мен міндеттері.

ЕҒҰ жалпы түрде қазіргі ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибені кең пайдалануға негізделетін, еңбектің ұйымдастырылуы болып табылады.

Еңбектің ұйымдастырылуын жетілдіру жүзеге асырылғанда, ЕҒҰ жайлы сөз қозғайды. ЕҒҰ кең анықтамасы: «ЕҒҰ – өндіріске жүйелі түрде енгізілетін, ғылым жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген еңбектің ұйымдастырылуы, бұл ортақ өндірістік үрдісте техника мен адамдарды тиімді біріктіруге мүмкіндік береді, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру мен адам денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді».

Осылайша, ЕҒҰ келесі өзара байланысты міндеттерді шешуге міндетті:

1. экономикалық – техниканы, материалдық және еңбек ресурстарын толық және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, нәтижесінде, еңбек өнімділігі мен ГБЖ тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
2. психофизиологиялық – қоғамның басты өндіргіш күшінің – адамның денсаулығын, жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін, өндірісте қолайлы жағдайлар жасау;
3. әлеуметтік – қызметкерлердің кәсіби және мәдени деңгейін арттыруға, еңбектің мазмұндылығы мен көріктілігін арттыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

§3. ЕҒҰ негізгі бағыттары.

1. *Еңбек бөлінісі мен кооперациясын жетілдіру*, қызметкерлерді тиімді орналастыруды, жұмыс күнін тығыздауды, кәсіптерді үйлестіруді, әр қызметкердің қызметтерін, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін нақты белгілеуді көздейді.
2. *Жұмыс орындарының ұйымдастырылуын жетілдіру* – бұл оларға қызмет көрсетуді, кеңістікте жоспарлауды, нақты жұмыстың сипатына сай жабдықтауды жақсарту.
3. *Еңбектің озық тәсілдері мен әдістерін зерттеу және тарату* – артық қимылдарды, қажуды, жұмыс уақытын жоғалтуды болдырмайтын, еңбектің тиімді тәсілдері мен әдістерін іріктеу.
4. *Кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру* – өндірістік-техникалық курстарда, мақсатты міндеттегі курстарда өндірістен бөлек немесе өндірістен үзбей оқытуды ұйымдастыру.
5. *Еңбектің мөлшерленуін жетілдіру* – еңбек шығындарының техникалық негізделген нормаларын құру, нормаларды игеруде қызметкерлерге көмек көрсету.
6. *Еңбек жағдайларын жақсарту* – қолайлы өндірістік жағдайлар, еңбек пен демалыстың ғылыми негізделген режимдерін қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбек және технологиялық тәртіпті нығайту, шығармашылық бастаманы дамыту.

ЕҒҰ бұл барлық бағыты өзара байланысты және бірдей деңгейде маңызды болып табылады. Алайда, жоғары экономикалық және әлеуметтік әсер алу ЕҒҰ барлық бағыттарын бір мезетте пайдаланған кезде ғана мүмкін.

Еңбек бөлінісі мен кооперациясы.

Еңбек бөлінісі – бұл бірлескен еңбек барысында қызметкерлердің еңбек әрекетінің әр түрлерін оқшаулау (ажырату). Еңбек бөлінісінің келесі түрлері бар: жалпы, жеке және бір реттік.

Жалпы еңбек бөлінісі – бұл бүкіл қоғам ауқымында еңбек әрекетінің әр түрлерінің оқшаулануы (мысалы, қала мен аулы арасындағы, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және т.с.с. арасындағы еңбек бөлінісі).

Жеке еңбек бөлінісі салалардың ішінде жүреді (мысалы, ауыл шаруашылығында егіншілік пен мал шаруашылығын ажыратады, өнеркәсіптік өндіруші және өңдеуші, ауыр, жеңіл, азық-түлік өнеркәсібі деп бөледі, көлікті автомобиль, теміржол көлігі деп бөледі және т.с.с.).

Бірлік еңбек бөлінісі кәсіпорынның ішінде жүреді. ГБЖ оның кең таралған формалары мыналар болып табылады: а) еңбектің технологиялық бөлінісі – орындалатын жұмыстардың технологиялық біртектілігінің белгісі бойынша (ұңғымаларды бұрғылау, жерасты тау-кен қазбаларын үңгілеу). Еңбек бөлінісінің осы формасының негізінде кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қалыптасады: цехтар, бөлікшелер, жұмыс орындары, сонымен қатар әр құрылымдық бөлімшедегі қызметкерлердің тиімді саны анықталады. Технологиялық бөліністің жеке жағдайы еңбектің операция бойынша бөлінісі болып табылады, мұнда технологиялық үрдіс жеке операцияларға бөлінеді; б) функционалды еңбек бөлінісі ГБЖ орындағанда қызметкерлердің түрлі категорияларының ролі мен орнын анықтаудан тұрады. Сонымен қатар негізгі және қосалқы цехтардағы қызметкерлерді бөлу жүргізіледі.

Қызметкерлер жұмысшыларға, ИТҚ, қызметкерлер, МҚҚ, күзет пен оқушыларға бөлінеді; в) кәсіби-білікті еңбек бөлінісі орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен жауаптылығына сәйкес еңбек бөлінісінен, жұмысшыларды кәсіптер (мамандықтар), разрядтар, лауазымдар бойынша бөлуден тұрады.

Шамадан тыс еңбек бөлінісінің теріс қырлары да бар екенін есепке алу қажет. Ол жұмыста бірсарындылықты тудырады және еңбек өнімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Еңбек бөлінісі оның кооперациясымен, яғни қызметкерлердің арасында өзара байланысты белгілеумен тығыз байланысты.

Еңбек кооперациясы – бір немесе түрліше, бірақ өзара байланысты өндірістік үрдістерге жоспарлы және бірлесіп қатысу үшін қызметкерлердің бірігуі. Еңбек кооперациясы цехтардың, бөлікшелердің, бригадалардың арасында және олардың ішінде болуы мүмкін. ГБЖ еңбек бөлінісі мен кооперациясы құрылымдық бөлімшелердің арасында жүзеге асырылады (мысалы, бір жағынан, бұрғылау және тау-кен жұмыстарының бөлікшелерінің арасында және, екінші жағынан, жөндеу шеберханаларының, зертханаларының арасында). Дәл осылай кооперация бригадалардың ішінде жеке атқарушылар арасында болады.

Еңбек кооперациясы еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасында толығырақ көрініс табады. Бригадалық форма ЕҒҰ қолдану, еңбек өнімділігінің өсуін арттыру және жұмыстардың сапасын жақсарту үшін кең мүмкіндіктер ашады. Жұмысшылар жалпы өндірістік тапсырманы бірлесіп орындау үшін бригадаға бірігеді, бригада мүшелері бір-бірімен өзара байланысты емес, еңбек нәтижелері үшін ұжымдық жауапкершілік жүктеледі.

Еңбек кооперациясының сипатына қарай өндірістік бригадалар 2 түрлі болады:

- *мамандандырылған бригадалар* бір кәсіптегі, біліктіліктің бір немесе бірнеше деңгейіндегі және біртекті жұмысты орындайтын жұмысшылардан тұрады (бұрғылау бригадалары);
- *кешенді бригадалар* технологиясы бойынша түрліше, өзара байланысты жұмыстар кешенін орындайтын, түрлі мамандықтағы жұмысшылардан тұрады (тау-кен қазбасын үңгілеу бойынша бригада).

Мамандандырылған және кешенді бригаданың бір түрі бірнеше ауысымда жұмыс істейтін жұмысшыларды біріктіретін, *толассыз бригадалар* болып табылады.

Жұмыс орындарының ұйымдастырылуын жетілдіру.

Жұмыс орны – бір немесе бірнеше атқарушыларға бекітілген және өндірістік тапсырманы (лауазым міндеттерін) орындауға арналған қажетті құралдармен жабдықталған, өндірістік алаңның бір бөлігі. Жұмыс орындары әр түрлі, сондықтан олар белгілі бір белгілер бойынша *жіктеледі*.

1. Механизация мен автоматизация дәрежесіне қарай былайша ажыратады:

- қолмен жұмыс жасалатын жұмыс орындары;
- ішінара механизацияланған, кешенді механизацияланған, автоматтандырылған.

2. Қызмет көрсетілетін жабдықтардың санына қарай:

- бір станокты (бір агрегатты);
- көп станокты (көп агрегатты) жұмыс орындары.

3. Мамандану дәрежесі бойынша:

- мамандандырылған;
- әмбебап.

4. Қызметкерлердің саны бойынша:

- жеке;
- ұжымдық.

5. Орын ауыстыру мүмкіндігі бойынша:

- стационарлық;
- қозғалмалы.

6. Орналасуы бойынша:

- жабық бөлмелерде;
- таза ауада.

Жұмыс орындарына қызмет көрсетуді ұйымдастыру еңбектің ауырлық, қажытушылық және көріктілік дәрежесіне айтарлықтай ықпал етеді. Бригадалардағы, бөлікшелердегі жұмыс

орындары тиімдірек орналасқан сайын, жұмысшылар үздіксіз жұмыс үшін барлық қажеттімен жақсырақ қамтамасыз етілген сайын, олардың жұмысқа қабілеттілігі мен еңбек өнімділігі де соншалықты жоғары болады.

Кез келген жұмыс орнын ұйымдастыру үшін негізгі, жалпы бағыттар жоспарлау, жабдықтау және қызмет көрсету жүйесі болып табылады.

Жұмыс орнын жоспарлау жұмыс орнында еңбек заттары мен құралдарының тиімді, яғни олардың мұндай орналасуы атқарушы қалыпты еңбек ете алатындай орналасуын қамтамасыз ету керек.

Әр жұмыс орны технологиялық үрдістің бағытына сәйкес құралдардың барлық қажетті тізімімен жабдықталуы тиіс: негізгі және қосалқы жабдықтар, мүлік, инструменттер, ҚТ құрылғылары.

ГБЖ жұмыс объектілерінің негізгі қамтамасыз ету базаларынан алшақтығына байланысты және жиі орын ауыстыруына байланысты жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастыруға үлкен маңыз беріледі. Жұмыс орындарына қызмет көрсету – бұл жұмыс орындарына қажетті материалдарды, инструменттерді уақытында жеткізу, оларды энергияның барлық түрлерімен қамтамасыз ету, жабдықтарды уақытында тексеру және жөндеу. Қызмет көрсетудің барлық жүйесі жоспарлы болуы тиіс және жұмысшылар мен жабдықтардың жұмыссыз тоқтап тұруын болдырмайтын, алдын алу сипатына ие болу керек.

Еңбектің озық тәсілдері мен әдістерін зерттеу және тарату.

ЕҒҰ еңбектің озық тәжірибесін, оның тәсілдері мен әдістерін зерттеу мен таратуды көздейді.

Еңбек әдісі – бұл нақты бірзділікпен белгілі бір тәсілдерді, әрекеттер мен қимылдарды қолданып, өндірістік тапсырманы орындау тәсілі. Еңбектің озық тәсілдері мен әдістерін зерттеу және енгізу үшін келесі шаралар қажет:

1. зерттеу объектілерін таңдау;
2. жұмыстың озық әдістерін талдау;
3. еңбектің ең жақсы тәсілдерін іріктеу;
4. тиімді озық үрдісті жобалау;
5. еңбектің жобаланған тәсілдері мен әдістерін енгізу.

Кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру.

Жаңа жұмыс орындарын дайындау келесі әдістермен жүзеге асырылады:

1. *Жеке және бригадалық оқыту.* Мұндай оқытудың барысында білім алушылар білікті жұмысшыға, бригадирге немесе шеберге бекітіледі. Өндірістік оқыту үрдісі 4 кезеңге бөлінеді:
 - *кіріспе* – білім алушылар кәсіппен, жұмыс орнының ұйымдастырылуымен, ішкі еңбек тәртібінің, ҚТ ережелерімен танысады;
 - *дайындық* – білім алушылар жұмыстың тиімді тәсілдерін меңгереді;
 - *кәсіптік меңгеру* – білім алушылар өндірістік операцияларды дербес орындау дағдыларын меңгереді;
 - *қорытынды* – білім алушылар меңгерген білімдерін тәжірибеде бекітеді, өндірістік тапсырмаларды дербес орындайды және техникалық емтихан тапсыруға қабілетті.

Оқытудың бұл әдісі бағдарламамен бекітілген көлемде міндетті теориялық курсты көздейді.

2. *Курстық оқыту.* Айтарлықтай теориялық білімдер қажет, күрделі кәсіптердің жаңа білікті жұмысшыларын дайындау үшін өндірістен қол үзіп және қол үзбей жүргізіледі. Оқыту қажетті оқу-материалдық базасы бар басқармаларда, экспедицияларда және өзге ұйымдарда курстарда жүргізіледі.

Оқыту үрдісі 2 кезеңге бөлінеді:

- теориялық оқыту – теориялық және зертханалық сабақтар, оқу кабинеттерінде, зертханаларда және шеберханаларда жүргізіледі;
- өндірістік оқыту – оқу полигондарында немесе тікелей өндірісте.

Курстық оқыту аяқталған соң, біліктілік емтихандарын сәтті тапсырған білім алушыларға белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

Еңбек жағдайларын жетілдіру.

Еңбек жағдайлары – бұл еңбек үрдісінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне ықпал ететін, өндірістік орта факторларының жиынтығы. ГБЖ еңбек жағдайларының күйін бағалау кезінде, сонымен қатар оларды жақсарту бойынша шараларды құрған кезде, мыналар есепке алынады:

1. *психофизиологиялық факторлар* – дене және жүйке-психикалық жүктемелерден, жұмыс қалпынан, жұмыс қарқыны мен ырғағынан, еңбектің бірсарындылығынан, еңбек және демалыс режимдерінен тұрады;
2. *санитарлық-тазалық факторлары* – ауа температурасы, ылғалдылық, қозғалыс жылдамдығы мен шаңдылық, сәулеленулердің әр түрлері, жарықтандыру, шу және тербеліс;
3. *эстетикалық факторлар* – жабдықтардың, инструменттің, киімнің көркем және конструктивтік сапалары, бөлмелер мен жабдықтардың түсі, көгалдандыру, жұмыс орнындағы тазалық пен тәртіп;
4. *алеуметтік-психологиялық факторлар* – қызметкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаты, жетекшілердің басқару стилі мен ролі.

Психофизиологиялық факторлар.

Еңбек жағдайларына қарай адам жұмысты орындауға белгілі бір энергия мөлшерін шығындайды. Энергия шығындары психикалық және физикалық жүктемелерге тәуелді. Психикалық жүктемелер көру және есту мүшелерінің күш жұмсауымен, шоғырланумен, зейінмен сипатталады. Физикалық жүктемелер динамикалық және статикалық жұмыстардың шамаларымен сипатталады. Психикалық және физикалық жүктемелердің шамасы жұмыстың ауырлығын сипаттайды. Вбарлық жұмыс түрлерін ауырлығы бойынша 3 топқа бөледі: *жеңіл, орташа және ауыр*. Қажуды азайту үшін келесі факторлар маңызды:

1. жұмысты орындау үрдісіндегі адамның *жұмыс қалпы*. Оған энергияның шығындалуы, тыныс алу және қанайналым тәуелді, мүмкіндігінше тұрып та, отырып та жұмыс істеу керек.
2. *Жұмыс қарқыны* – бұл уақыт бірлігінде адам орындайтын еңбек қимылдарының саны. Жұмыс күнінің барысында қарқын өзгереді – жұмыс күнінің басы мен аяғында ол баяу.
3. *Жұмыс ырғағы* – бұл белгілі бір бірзділікпен және белгілі бір уақыт аралықтарында еңбек қимылдарын орындау. Тұрақты ырғақ жұмыс уақытының жоғалуын қысқартуға алып келеді және қажуды тудырмайды.
4. *Жұмыстың бірсарындылығы* – бұл қарапайым операцияларды ұзақ уақыт орындау; жұмыс қарқыны баяулайды, зейін нашарлайды, еңбек өнімділігі төмендейді, жұмыс сапасы нашарлайды.

Бұл реакциялардың алдын алу үшін жұмыс операцияларын ірілендіреді, қызметкерлерді бір операцияларды орындаудан басқа операцияларға көшіреді, демалысты белсендіреді.

Санитарлық-тазалық факторлары.

1. Жұмыс орнының *жарықтандырылуы* айтарлықтай дәрежеде адамның жұмысқа қабілеттілігіне, еңбек өнімділігіне, травматизм шамасына және денсаулыққа, еңбек үрдісіндегі жүйке-психикалық қажуға ықпал етеді; жұмыс орындарының жарықтандырылуы былай жіктеледі:

- *қалыпты* – табиғи және жасанды жарықтандыру нормаларына сай келеді;

- *қолайсыз* – нормамен салыстырғанда, жарықтандыру 40% артық төмен.

2. *Шу және тербеліс* – физикалық тұрғыдан қарағанда – бірдей құбылыстар, алайда шу есту арқылы, ал тербеліс сипап сезу арқылы сезіледі. Шу – дыбыстардың тәртіпсіз үйлесімі. Шулар ауалы және корпустық болады. Ауалылар ауа арқылы таралады, корпустық – ғимараттардың,

машиналардың, жабдықтардың конструкциялары бойынша таралады. Теңселу жиілігіне қарай шулар төмен жиілікті, орташа жиілікті және жоғары жиілікті болады. Адамның хал-жайына жоғары жиілікті шулар зор теріс ықпалын тигізеді. 3. *Ауа ортасының жағдайы* – жұмыс орындарының «ауа ортасы» түсінігі метеорологиялық жағдайлардан (микроклимат) тұрады: температура, ауаның ылғалдылығы мен қозғалыс жылдамдығы, атмосфералық қысым, сонымен қатар ауа ортасының тазалығы (ауаның газдануы мен шаңдануы).

Эстетикалық факторлар.

Бұл факторларды өндірістік эстетика – материалдық өндіріс саласындағы әсемдіктің объективті заңдылықтарының әрекетін ашатын пән зерттейді. Өндірістегі эстетикалық жағдайлардың деңгейін анықтайтын маңызды факторларға жатады: *өндірістік ортаны жарықпен безендіру, өндірістік территорияны көгалдандыру, жабдықтар мен өндірістік объектілердің конструктивтік ерекшеліктері және өндірістің жалпы мәдениеті.*

Әлеуметтік-психологиялық факторлар.

Оларды жетілдіру ұжымдағы қолайлы тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға, әр жұмысшының шығармашылық әлеуетін ашуға және жұмысшылардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру арқылы өндірістің жалпы тиімділігін арттыруға бағытталған.

5 БӨЛІМ.

Жоспарлау және жобалау – басқарудың қызметтері.

Тақырып 5.1: Техникалық-экономикалық жоспарлау.

Жоспар:

- 1. Жоспарлау үрдісінің мәні мен маңызы.*
- 2. Жоспарлардың жіктелуі.*
- 3. Тиімді жоспарлаудың принциптері.*
- 4. Жоспарлаудың негізгі әдістері.*
- 5. Геологиялық кәсіпорынның бизнес-жоспары.*

§1. Жоспарлау үрдісінің мәні мен маңызы.

Жоспарлау – кәсіпорында өндірісті тиімді басқарудың маңызды алғышарттарының бірі. Жоспарлау – бұл болашақ әрекеттердің жоспарын, тәсілін құру, көзделген мақсатқа алып келетін, экономикалық мазмұн мен бірізді қадамдарды анықтау.

Жоспарлау жеке адамның да, кез келген кәсіпорынның да барлық әрекеттерінің негізі болып табылады. Жоспарлы әрекеттің маңыздылығы өндірістің барлық тәсілдеріне тән және меншік формаларына тәуелді емес.

Нарық жағдайындағы жоспарлауды жеткіліксіз бағалау, оны минимумға жеткізу, елемей немесе құзыретсіз жүзеге асыру, әдетте, үлкен экономикалық шығындарға алып келеді.

Нарық жоспарлылықты жоққа шығармайды, оны бастапқы өндірістік буынға – кәсіпорынға көшіреді. Жалпы ел ауқымында да жоспарлау нарықтың реттеуші қызметімен толық алмастырылмайды.

Мемлекеттік жоспарлаудың құзыретіне жалпы ел экономикасының даму жоспарлары мен бағдарламаларын құру, келешекте экономика дамуының маңызды бағыттарының жоспарларын құру кіреді. Мұндай жоспарларға елдің берік минералды-шикізат базасын құру жоспарлары да кіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік жоспарлаудың құзыретіне білім беру, әлеуметтік, қорғаныс және бірқатар өзге концепцияларды жүзеге асыру бойынша жоспарлар жатады.

Мемлекеттік жоспарлаудың құзыретіне елдің даму жоспарларының орындалуын қамтамасыз ететін, заңдар, жарлықтар, нормативтік актілер мен өзге иіндерінің жүйесімен қабылданған, мемлекеттік жоспарларды қамтамасыз ету міндеті де кіреді.

Жоспарлаудың кез-келген үрдісін келесі схема түрінде көрсетуге болады:



§2. Жоспарлардың жіктелуі.

Жоспарлауды түрлі бағыттар бойынша жіктеуге болады:

1. **Қамту дәрежесі бойынша:** мемлекеттік; салалық; территориалды; фирмаішілік жоспарлау; кәсіпорындағы жоспарлау.
2. **Құрамы бойынша:** бизнес-жоспарлау, кәсіпорын дамуының мүмкін жолдарын негіздеу; оперативті жоспарлау – кәсіпорынның ағымдағы әрекетін қамтамасыз ететін шаралар жүйесі.
3. **Кезеңдер (жоспар әрекетінің уақыты) бойынша:** болжау (15-30 жыл); перспективті жоспарлау (5-7 жыл) (орташа шұғыл жоспарлау – 5 жылға дейін және ұзақ мерзімді жоспарлау – 5 жылдан артық); ағымдағы жоспарлау (1 жылға дейін); оперативті жоспарлау (күн, ай, жоспарлау).
4. **Функционалды бағыттар бойынша:** өндірісті; өтімді; қаржыларды; FTӨ және т.с.с. жоспарлау.

Бұл кезеңдердің әрбіреуі бөлшектелуі мүмкін.

§3. Тиімді жоспарлаудың принциптері.

Тиімді жоспарлау келесі принциптерге негізделуі керек:

1. жоспарлаудың **кешенділігі** оның кәсіпорын әрекетінің барлық көзделетін салаларын қамтуын білдіреді;
2. жоспарлаудың **жүйелілігі** – бұл кәсіпорынның барлық элементтері үшін жоспарлы әрекет бағыттарының бірлігі, яғни барлық құрылымдық бөлімшелер кәсіпорынның жалпы мақсаттары мен стратегиясына орай, өз әрекетін жоспарлау керек;
3. жоспарлаудың **үздіксіздігі** жоспарлау үрдісі тұрақты, сыртқы ортада орын алған өзгерістерді есепке алып, сонымен қатар кәсіпорынның мақсаттары мен мүмкіндіктері мақсатында жүзеге асырылу керектігін білдіреді;
4. жоспарлаудың **икемділігі** жағдаяттарға қарай жоспарлардың оперативті өзгерістерінің мүмкіндігін білдіреді, ол үшін кәсіпорын жұмысында, өнімді өткізу нарығында және, форс-мажорды қосқанда, өзге ішкі және сыртқы факторларда болуы мүмкін өзгерістер туралы толық түсінік қалыптастыру керек. Бұл ақпараттың негізінде жоспарлардың балама нұсқалары қалыптасады;
5. **қатысу принципі** жоспарларды құруға оларды іс жүзінде асыратындар, яғни менеджерлер қатысу керектігін білдіреді. Жоспарлау үрдісіне қатысу, өндірістік және тұрмыстық бөлімшелерді басқаратын жоспарлаушылардан басқа, жоспардың шаруашылық жүргізудің шынайы жағдайларын толық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, төмненгі буын менеджерлеріне фирманың мақсаттары мен міндеттері

түсінікті бола бастайды, бұл жалпы алғанда олардың жұмысқа деген қызығушылығын арттырады және кәсіпорынның ішінде ақпарат алмасу үрдісін жеңілдетеді.

Жоспарлы шешімдерді қабылдау тәсілдері түрлі менеджерлерде әртүрлі. Бұл шағын кәсіпорындарға жарамды жоспарлау тәсілдері ірі компаниялар үшін жиі жарамсыз болатындығымен байланысты. Алайда жоспарлы шешімдерді таңдауда күрделі қате жіберуге мүмкіндік бермейтін, әдістердің белгілі бір жиынтығын жүзеге асырады.

§4. Жоспарлаудың негізгі әдістері.

Тәжірибеде келесі **негізгі әдістер** қолданылады:

1. **нормативті әдіс** – бұрын белгіленген түрлі нормалар мен техникалық-экономикалық нормативтердің негізінде шаруашылық субъектісіне қажетті ресурстарды есептеуді көздейді. Мұндай нормалар салық мөлшерлемелері, бөлінген амортизациялық қаржылардың нормалары, түрлі технологиялық нормативтер, қызмет көрсету нормалары, материалдар қорларының нормалары және т.с.с. болып табылады. Кәсіпорында негізделген нормалар мен нормативтерді құру – үздіксіз және үлкен еңбекті қажет ететін үрдіс. Сонымен қатар оларға негізделетін жоспарлаудың нормативтік әдісі ең сенімді бола отырып, жоспарларды негіздейді;
2. **баланстық әдіс** – қолда бар кәсіпорын ресурстарын және оларға деген қажеттіліктерді баланстардың көмегімен байланыстыруды көздейді. Баланстық қатынастар натуралды және құн көріністерінде құрылады және баланстардың материалдық, қаржылық, еңбектің және өзге типтерінен тұруы мүмкін. Бұл әдісті пайдаланудың тиімділігі айтарлықтай дәрежеде кәсіпорында қолданылатын нормативтік базаның сапасына тәуелді;
3. жоспарлы есептеулердің **аналитикалық әдісі** негіз ретінде қабылданатын, көрсеткіштің қол жеткізген шамасын және жоспарлы кезеңдегі оның өзгерістерінің индекстерін талдаудың негізінде бұл көрсеткіштің жоспарлы шамасы есептеледі. Жоспарлаудың бұл әдісі техникалық-экономикалық нормативтер болмаған жағдайда қолданылады, ал көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыс жанама – олардың динамикасы мен байланыстарын талдаудың негізінде бекітілуі мүмкін;
4. **нұсқалық әдіс** (*жоспарлы шешімдерді тиімділеу әдісі*) – жоспарлы есептеулердің бірнеше балама нұсқаларын сипаттауды және белгілі бір критерий бойынша (немесе олардың жиынтығы бойынша) олардың ең жақсысын таңдауды көздейді. Мұндай критерийлер болуы мүмкін: келтірілген шығындардың минимумы; келтірілген пайданың максимумы; тәуекел минимумы; қосымша қаржы жұмсаудың минимумы; салынған капитал кірісінің максимумы және т.б. Нұсқаулық әдістер қаржы салымдарын жоспарлауға көбірек тән;
5. **экономикалық-математикалық әдістер** қаржылық көрсеткіштер мен оларды анықтайтын факторлар арасындағы өзара байланыстардың сандық сипатын білдіретін, экономикалық-математикалық үлгілерді қолдануға арналады. Соңғы уақытта бұл әдістер экономикалық объектілерді талдауда, болжау мен жоспарлауда, сонымен қатар басқару шешімдерін таңдағанда кең тарала бастады.

Тәжірибеде көбінесе аталған әдістердің жиынтығы қолданылады.

§5. Геологиялық кәсіпорынның бизнес-жоспары.

Өндіріс үрдісі кезінде кәсіпорын алдында өндірісті басқарудың ерекше, жаңа амал-тәсілдерін талап ететін өндірістік мәселелер туындауы мүмкін. Бұл толық техникалық қайта жабдықталу, қызметтің жаңа түрлері, жаңа бөлімшелерді жасау болуы мүмкін. Геологиялық өндірісте, кәсіпорындар өзіндік қаржы есебінен болашағы бар объектілерде геологиялық барлау жұмыстарын өткізудің мақсатқа сәйкестігі туралы шешім қабылдауға тура келетін жағдайлар болуы мүмкін.

Өндірісте жаңа амалдарды жүзеге асырудың мақсаттылығы туарлы шешім қабылдар алдында кәсіпорын *бизнес-жоспар* жасайды.

Кейбір жағдайларда, кәсіпорынның өндірістік тапсырмаларын шешу үшін салуға тура келетін қаржының қажетті сомасы айтарлықтай болып келеді, және кәсіпорын алға қойылған міндеттерді өздігінен шеше алмайды.

Сыртқы инвесторлардың ақшалай қаржыларын тарту үшін бизнес-жоспарды жасау басқаша бағытта жүзеге асады. Бизнес-жоспар ұсынылған іс-шараның экономикалық тартымдылығын көрсетуге ғана емес, сонымен қатар, ықтимал инвесторларды алға қойылған өндірістік тапсырманы шешуге қатысуға қызығушылығын ояту керек.

Қазіргі эконималық теорияға сәйкес бизнес-жоспар төрт функцияны орындайды.

Бірінші функция концепцияларды, бизнес стратегияларды жасау үшін оны қолдану мүмкіндігімен байланысты және әдетте кәсіпорынды жасау кезінде қажет.

Екінші функция – жоспарлау, ол қызметтің жаңа бағытын дамытудың мүмкіндіктерін бағалауға, бизнес-жоспардың орындалу барысын бақылауға мүмкіндік береді.

Үшінші функция ақшалай қаржыны (қарыздар мен несие) тартуға мүмкіндік береді. Шебер және дәлелді құрылған бизнес-жоспар банк несиеcін алуды жеңілдетіп қана қоймайды, сондай-ақ жоспарды жүзеге асыруда өзіндік қаржы сала алатын ықтимал серіктестерді тартуды қамтамасыз етеді.

Бизнес жоспардың *төртінші функциясы* – жаңа технологияларды тартуға негізделеді. Бизнес-жоспарды құруға кірісер алдында, маркетинг қызметінің мәліметтерін ескере отырып, алдын-ала келесі үш мәселені шешу (анықтау) қажет:

- кәсіпорын қолда бар құрал-жабдықтары мен технологияларын қолдана отырып қандай тұтыну өнімдерін (қызметтерді) және қандай көлемде шығара алады;
- бұл өнімдер (қызметтер) бойынша нарықтың даму тенденциясы қандай;
- бұл өнімдерді (қызметтерді) өткізуден күтілетін табыс қандай және шаруашылық қауіп-қатердің дәрежесі қандай.

Бірінші екі сұрақ өзара байланысты және бір уақытта шешілуі керек. Кәсіпорындар қолда бар жабдықтар мен жұмыс орындарының негізінде, жұмыс істеп тұрған өндірістермен қанағаттандырылған жұмыстарды орындай алады. Сондықтан да берілген жағдайда, бұл жұмыстарды орындау тек, оларды өндіру бойынша шығындар өндіруші-бәсекелестердің шығындарынан айтарлықтай төмен болған жағдайда ғана тиімді болуы мүмкін. Онда келісілген бағалар сақталған кезде кәсіпорын қалаған көлемде табыс көре алады.

Басқа нұсқа да болуы мүмкін. Сұраныс тұрақты өсіп келе жатқан геологиялық барлау жұмыстары кәсіпорында орындала алады, бірақ өндірістің технологиялық үрдісінің белгілі-бір өзгеруімен. Бұндай жағдайда, өндірістің күтілген шығындарының жорамалданған бағалармен салыстыру негізінде шешімдер қабылданады. Қабылданған шешім маркетинг философиясына жауап беруі керек, ол рентабельділіктің белгіленген деңгейін және жоғары пайда алуды ескеретін, өндірушінің алдын-ала өтімі қамтамасыз етілген өнімдерді шығаруынан тұрады.

Кәсіпкерлік қызметті жағдайдың белгісіздігі мен экономикалық ортаның өзгеру жағдайларында жүзеге асыруға тура келетіндіктен, күтілген соңғы нәтижені алуда түсініксіздік, демек, сәтсіздік қаупі яғни шаруашылық қауіп-қатер пайда болады. Тәуекелді сезіне білу керек, оның дәрежесін бағалау және рұқсат етілген шектерден шықпау керек.

Кәсіпкерлік қауіп-қатер ресурстардың болуы мүмкін ықтимал шығындары немесе қорларды тиімді пайдалануға және дайын өнімді сәтті өткізуді есептеу нұсқасымен салыстырғанда табыстарды алмау қаупі ретінде сипатталады.

Қауіп-қатердің келесі түрлерін ерекшелеуге болады:

I. Экономикалық қауіп-қатер. Қауіп-қатердің бұл түрі елдегі инфляцияның жалпы қарқындылығын, өнімге, жұмыстарға, қазметтерге сұранысты, тауарлардың жеке түрлеріне ішкі және дүние жүзілік нарықта бағалардың өзгеруін, теміржол және басқа да көлік тарифтерінің, кедендік салықтардың өзгеруін, сондай-ақ салық заңнамасындағы өзгерістерді қамтиды.

II. Техникалық қауіп-қатер. Жоспарда қабылданған параметрлерден жақсартылған техника мен технологияның жаңа түрлерінің пайда болуы. Бұл үлкен жүк көтергіштік, аса жоғары өндірушілік, айтарлықтай үлкен ремонт аралық кезең және т.б. болуы мүмкін.

III. *Табиғи қауіп-қатер*. Қауіп –қатердің бұл түріне жерсілкінісі, су тасқыны, дауылдар, жауын шашындар, экстремалды температураалар, тайғақ мұздар және т.б. жатады. Барлық

аталған табиғи құбылыстар өндірістік үрдістің бұзылуына, жұмыс сапасының төмендеуіне, мүліктерден айрылуға әкеп соғуы мүмкін. Геологиялық барлау ұйымдары үшін қауіп-қатердің бұл түрі ерекше мәнге ие. Геологиялық барлау жұмыстарының өндірісі табиғатпен байланысты, және минералды шикізаттың кез-келген түрі бойынша одан әрі игеруге арналған жаңа объектілерді ашу келелі мәселе. Кез-келген тапсырыс беруші кен орындарын іздеу мен барлауға қаржы құярда тәуекелге барады. Әсіресе, қауіп-қатер кен орындарын барлауда іздеу-бағалау жұмыстары кезеңдерінде ұлғаяды. Эксплуатациялық барлау кезеңінде қауіп-қатер азаяды, бірақ үнемі болады.

IV. *Экологиялық қауіп-қатер.* Экология мәселесі соңғы жылдары аса өткір мәселелердің біріне айналды. Жылдан-жылға табиғатты пайдалануға төлемдер ұлғая түсуде, бірқатар аймақтарда табиғатта пайдалану қызметі немесе бұл қызметтің қандай да бір саласы мүлдем тоқтатылуы мүмкін.

V. *Саяси қауіп-қатер.* Қауіп-қатердің бұл түрі елдегі немесе жеке аймақтағы саяси тұрақтылықты, криминогендік жағдайларды, мүдделерді қорғауды сипаттайды.

Соңғы екі позиция елдің құқықтық секторының жағдайы мен жұмыс сапасымен тығыз байланысты.

Қауіп –қатер жоғары болған сайын, кез-келген инвестор, қауіпті жағдайлар пайда болғанда оларды жабуға қаржының болуы үшін экономикалық тиімділік рентабельділігінің жоғары көлемін алғысы келеді.

Бизнес-жоспардың құрылымы жобаның күрделілігіне, құны мен ұзақтығына байланысты көлемі, мәселелерді қарастырудың тереңдігі және жеке бөлімдердің маңызына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Алайда бизнес-жоспарда үнемі болуы тиіс сұрақтар құрамы болады.

Бизнес жоспардың құрылымы

Бөлімнің №	Бөлімнің атауы	Бөлімнің мазмұны
1	<i>Мақсаттың негіздемесі</i>	Неліктен кәсіпорынға берілген іс-шараны орындау қажет, соңғы күтілетін нәтиже.
2	<i>Кәсіпорын күші-қуатын бағалау</i>	Кәсіпорынның техникалық шамасын сипаттау, өндірістік қуаттарды енгізу, кәсіпорынмен шығарылатын өнімдерге сұраныс және т.б.
3	<i>Өтім нарығын бағалау.</i>	Аймақта, елде, және шет елдегі нарық қажеттіліктері.
4	<i>Жаңа өнім (жұмыстар мен қызметтер)</i>	Жаңа өнімнің ерекше жақтары. Оның тұтынушылық қасиеттері. Жаңа өнімге ықтимал нарықтық бағалар.
5	<i>Жаңа өнімді(жұмыс, қызмет) шығару</i>	Жаңа технологиялық циклді сипаттау. Жабдықтарға, көлікке, өндірістік алаңдарға қажеттіліктерді анықтау. Кадрларға қажеттіліктерді есептеу, олардың мамандықтары мен біліктіліктері, құрамы. Шикізаттарды, материалдар мен электроэнергияларды және т.б. жеткізудің шарттары. Өнімді шығаруға құқықтардың, лицензиялардың болуы.
6	<i>Өнімді шығаруға дейінгі қажетті жұмыстарды орындаудың кестесі</i>	Жұмыстар мен жеке кезеңдерді орындаудың реттілігін негіздеу. Жұмыстың әрбір кезеңінде талап етілетін қажетті ресурстар (матералдар, еңбек, ақша, уақыт)
	<i>Бизнес-жоспарды экономикалық негіздеу</i>	Экономикалық жағдайды сипаттау, соның ішінде: теңге курсы, инфляция қарқындылығы, еңбекті төлеудегі, бағалар мен тарифтердегі өзгерістер сынды көрсеткіштерді бағалау; салықтар, несие беру мүмкіндіктері, ұқсас

7		өнімдерге дүниежүзілік және ұқсас бағалар. Бұдан кейін өнімді шығаруға қажетті шығындар, күтілетін табыс пен рентабельдіктің көлемі есептеледі. Бүтіндей және уақыттың жеке кезеңдері бойынша инвестиция қажеттіліктері есептеледі.
8	<i>Түйіндеме</i>	Кәсіпорынға сыртқы инвесторлар қажет болған кезде құрылады. Баспаша мәтін 3-5 беттен сапау керек, бұнда жобаның тартымдылығы мен сенімділігін көрсету керек.

Тақырып 5.2: Геологиялық барлау жұмыстарын жобалау және олардың өндірісіне кететін шығындар сметасы.

Жоспар:

1. Геологиялық барлау жұмыстарының өндірісіне жобаны тағайындау.
2. Жобаның құрамдас бөліктері.
3. Геологиялық жұмыстардың сметалық құны.

1. Геологиялық барлау жұмыстарының өндірісіне жобаны тағайындау.

Геологиялық барлау жұмыстарының жобасы геологиялық тапсырманы орындауға қажетті, геологиялық барлау жұмыстарының әдістемесі, техникасы, технологиясы мен ұйымдастырылуы негізделетін құжат болып табылады. Геологиялық тапсырманы Тапсырыс беруші бекітеді, ол ҚР Үкіметі немесе оның бұйрығы бойынша территориалды басқарма болуы мүмкін. Геологиялық тапсырма инвестициялық бағдарламалар конкурсының жеңімпазына беріледі. ГБЖ әр объектісіне бір геологиялық тапсырма беріледі.

ГБЖ объектілері ПҚК немесе олардың бөлікшелері, кенді өрістер, кенді және мұнайгазды аудандар, көмірлі және сулы бассейндер мен т.б. болуы мүмкін. ГБЖ жобасы оларды жүргізудің кешенділігін, жер қойнаулары мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды есепке алып, сонымен қатар ҚТ талаптарын есепке алып, құрылуы тиіс. ГЗ сапалы және шамалы шығынды орындауды қамтамасыз ететін, тиімді зерттеу әдістерін қолдану көзделеді. ГБЖ жобалық құжаттамасын бас мердігер, яғни конкурстағы жеңімпаз-ұйым құрады, территориалды басқарманың ФТК қарастырады, сараптамадан өтеу және Тапсырыс беруші бекітеді. Жоба ГБЖ сметалық құнын есептеуге негіз болып табылады.

2. Жобаның құрамдас бөліктері.

Жоба екі бөлімнен тұрады: геологиялық-әдістемелік және өндірістік-техникалық, оларға келесі негізгі бөлімдер кіреді:

1. Геологиялық тапсырма.
2. Жұмыстарды жүргізу жағдайлары.
3. Жұмыстардың жүргізілуін негіздеу.
4. Жұмыстар объектісінің геологиялық, гидрогеологиялық, геохимиялық, геофизикалық және геологиялық-экологиялық сипаттамасы.
5. Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі.
6. Жер қойнауларын және қоршаған табиғи ортаны қорғау.
7. Жобаланатын жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі.
8. Жоба қосымшалары.

1.Геологиялық тапсырма.

Геологиялық тапсырманы тапсырыс беруші кәсіпорын бекітеді. 1:200000 и 1:50000 масштабтағы геологиялық суретке түсіру жұмыстары үшін және аймақтық геологиялық зерттеулер үшін геологиялық тапсырманың соңғы мақсаты 2010 жылға дейінгі кезеңде

Геологиялық суретке түсіру, аймақтық геологиялық-геофизикалық және картақұру жұмыстарының бағдарламасына сәйкес қалыптастырылу керек.

2. Жұмыстарды жүргізу жағдайлары.

Бұл бөлім сауалнама түрінде құрылады. Әр қойылған сұраққа қысқаша, бірақ жеткілікті жауап берілуі тиіс. Жобаланатын жұмыстар ауданын сипаттайтын тармақтар ғана толтырылады.

Сауалнама.

- Жұмыстардың түрлері –
- Жұмыстардың масштабы –
- Парақтардың номенклатурасы –
- Аудан км² –
- Жұмыстар ауданының әкімшілік жағдайы –
- Ауданның бедері –
- Абсолютті биіктік белгілері (min және max) –
- Жұмыстар ауданының абсолютті биіктіктер бойынша таралуы (км²) –
- Шөлейттілік, сары топырақтылық, пайдаланылатын жерлер, егістіктер (км²) –
- Климаттық жағдайлар –
- Гидрографиялық желі –
- Ашылымдық (км²) –
- Үңгілену категориясы –
- Жолдардың ұзақтығы, автожолдардың тобы, жұмыстар ауданында үңгіленетін соқпақ жолдардың болуы –
- Партия базасына дейінгі қашықтық –
- Елді мекендердің болуы, олардың саны мен сипаттамасы –
- Жұмыстар жүргізу орнында жұмысшылар жалдау мүмкіндігі –
- Ауыз сумен және техникалық сумен қамту көздерінің болуы және олардан партия базасына дейінгі қашықтық –
- Далалық жұмыстардың (жалпы) ұзақтығы және далалық маусымдардың саны –

Бұл тарауға жобаланатын жұмыстар ауданының шолу картасы тіркеледі. Онда жұмыстар ауданының контуры, партия базасына дейінгі км қашықтық бар көлік түрлері мен тасымалдау ағындары бойынша көліктік байланыс жолдары көрсетіледі.

3. Жұмыстардың жүргізілуін негіздеу.

Жұмыстардың жобаланатын түрлері мен көлемдерін жүргізуді негіздеу мақсатында объектінің зерттелу дәрежесі қысқаша баяндалады (геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, гео-экологиялық және т.б.). Объектіде бұрын жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарына, олардың негізгі жетістіктері мен кемшіліктеріне қысқаша аналитикалық шолу жүргізіледі.

4. Жұмыстар объектісінің геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геологиялық-экологиялық сипаттамасы.

Алдыңғы зерттеулердің материалдары бойынша құрылған, жобаланатын жұмыстардың масштабындағы геологиялық картаны жобаға тіркей қажет. Картаға қандай да бір түзетусіз ізашарлардың барлық геологиялық мәліметтері көшіріледі. Геологиялық картаға толық стратиграфиялық бағана және геологиялық қималар (2-3 қима) ұласады. Жұмыстар ауданының пайдалы қазбалары, аномалиялары туралы барлық мәліметтер қысқаша күйде арнайы кестеде келтіріледі. Сонымен қатар пайдалы қазбалардың картасы тіркеледі, онда геологиялық тапсырманы сапалы және толық орындауға қажетті, кенорындар, кенбілінімдер, шашырау ореолдары, ауданның геохимиялық, геофизикалық аномалиялары және пайдалы қазбалардың концентрациялары үшін қолайлы, басқа белгілер туралы нақты мәліметтер бейнелену керек. Пайдалы қазбалардың картасы жобаға тіркелетін геологиялық карта масштабында құрылады.

5. Жобаланатын жұмыстардың әдістемесі.

Жобаланатын алаңның барлық ерекшеліктерін, сонымен қатар өткен жылдары оны зерттеудің ерекшеліктерін есепке алудың және талдаудың негізінде геологиялық тапсырманы орындауға қажетті тиімді әдістеме құрылады және оларды шешу бойынша жұмыстардың тиімді кешені негізделеді. Геологиялық барлау жұмыстарының келесі түрлері жобаланады:

5.1 Дайындық кезеңі.

Геологиялық суретке түсіру жұмыстарының масштабы мен жобалық ауданы (м²) және парақтардың номенклатурасы көрсетіледі. Масштабы, басылған жылы, қимасы, бедері көрсетілген, қажетті сападағы топографиялық карталардың болуы туралы мәліметтер келтіріледі. Сапасы мен масштабы көрсетілген, ғарышты- және аэрофотоматериалдардың болуы және бажайлаудың көлемі туралы мәліметтер келтіріледі.

5.2 Далалық геологиялық суретке түсіру жұмыстары.

Геологиялық тапсырмаға қарай, далалық жұмыстардың ұзақтығы, олардың басталу және аяқталу мерзімдері негізделеді. Геологиялық суретке түсіру жұмыстарын жобалауда түсірім ауданы геологиялық тапсырманың күрделілігі, аэрофотосуреттердің бажайлану дәрежесі және үңгілену бойынша бөлікшелерге бөлінеді. Геологиялық бағытжолдардың түрлері мен көлемдері анықталады; бақылаулар желісінің жиілігі белгіленеді. Геологиялық-экологиялық зерттеулерді жүргізгенде шаруашылық меңгерілген аудандардағы топырақтардың, топырақасты горизонттар мен судың радиометриясы мен геохимиялық сынамалауы бар геоэкологиялық бағытжолдардың көлемі негізделеді.

Қажетті жағдайларда геологиялық суретке түсіру жұмыстарымен бірге (стратиграфиялық, литологиялық және т.б.) мамандандырылған геологиялық зерттеулер жүргізу негізделеді.

5.3 Тау-кен үңғылау жұмыстары.

Геологиялық суретке түсіру жұмыстарында қазбаларды үңгілеудің ең тиімді тәсілі – колмен үңгілеу, өйткені жұмыстардың көлемдері үлкен ауданда шағын көлемде (бірлік қазбаларды – каналдарды, шурфтарды үңгілеу) көзделеді. Шурфтар мен ашық тау-кен қазбаларын жобалауда олардың жатыс орындары және үңгілеу жағдайлары, жыныстардың категориялары, қазба тереңдігінің аралықтары мен қима ауданы бойынша көлемін бөліп, үңгілеу бойынша жұмыстардың көлемі анықталады (байланыстырылады).

5.4 Бұрғылау жұмыстары.

Геологиялық суретке түсіру кезінде бұрғылау жұмыстардың ең қымбат түрі болып табылады. Бұрғылау көлемі жобамен негізделеді. Нақты геологиялық міндеттерге қарай, ұңғымалардың жатыс жерлері, олардың тереңдігі, керн алу аралықтары, аралықтар бойынша керн шығуының минималды мүмкін пайызы анықталады. Бұрғылаудың тау-кен геологиялық жағдайларына және ұңғымалардың параметрлеріне қарай, бұрғылаудың түрлері мен тәсілдері, бұрғылау станоктарының түрлері таңдалады, ұңғымалардың конструкциясы және бұрғылау технологиясы негізделеді. Бұрғылау көлемдері есептеледі, олар ұңғымалардың міндеті бойынша (картаға түсіру, құрылымдық, құрылымдық-параметрлік, іздеу-картаға түсіру), ұңғымалардың түрі бойынша (тік, еңіс-бағытта), бұрғылау тәсілдері бойынша (бағаналы, шнектік және т.б.), базаға және бәр-біріне қатысты ұңғымалардың орналасуы бойынша (бірлік, топтық), электр энергиясын алу тәсілі бойынша (мемлекеттік желіден, меншікті стационарлық электрстанциясынан және т.с.с.) бөлінеді. Сонымен қатар бұрғылау көлемдері ұңғымалардың топтары, ұңғымалардың тереңдігі, орташа диаметрі, тау жыныстарының категориялары, бұрғылау станогының сым түрі (электрқозғалтқышпан немесе ДЖК) бойынша бөлінеді. Бұрғылауға мүмкіндік тудыратын қосалқы жұмыстардың (ұңғымаларды бекіту, керіштеу, тығындау және т.б.) көлемдері анықталады.

Бұрғылау жұмыстарын жүргізу мерзімдеріне, бұрғылау қондырғыларының өнімділігіне және жұмыс істейтіндерінің санына сәйкес, бұрғылау қондырғыларының жұмыс уақыты және соның ішінде қысқы жағдайлардағы олардың тасымалдарының саны анықталады. Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге қажетті жүктер мен шайғыш сұйықтықты жеткізудің тиімді схемасы анықталады.

5.5 Геофизикалық зерттеулер.

Геофизикалық жұмыстарда шешуге жататын геологиялық міндеттер баяндалады, жұмыстардың түрлері мен әдістерінің тиімді кешені негізделеді. Тиісті аппаратура мен жабдықтарды таңдау негізделеді, қиындық категориялары, өндірістік көліктің түрі, қалыпты жағдайлардан ауытқуды есепке алатын коэффициенттер негізделеді. Негізгі және қосалқы жұмыстардың көлемдері көрсетіледі.

Сейсмобарлау жұмыстарын жобалағанда ауданның сейсмогеологиялық жағдайлары, жоғарғы қабаттағы серпінді толқындардың таралу және сіңірілу сипаты, тербелістерді қоздыру жағдайлары туралы мәліметтер көрсетіледі. Сейсмобарлау әдістері, қолданылатын сейсмостанцияның түрі, бақылаулар жүйесі, пайдалы сейсмикалық толқындарды қоздыру мен қабылдаудың тиімді тәсілдері мен құралдары, физикалық бақылаудағы сейсмограммалардың саны, сонымен қатар зерттеулердің қосалқы түрлері негізделеді.

Электрбарлауды жобалаған кезде жұмыстар ауданында суландырылған бөлікшелер мен горизонттардың болуы, жерасты және жерүсті суларының сипаты мен химиялық құрамы туралы мәліметтер келтіріледі; бақылаулар желісі, қондырғылардың түрі, схемасы мен мөлшері, қуаттаушы элементтерді жерге қосу жағдайлары, өлшенетін параметрлердің саны және оларды өлшеу жағдайлары негізделеді.

Гравитарлауды жобалаған кезде бастапқы тірек гравиметрлік пункттердің орналасуының болуы көрсетіледі, түсірімнің желісі, тірек желісінің жиілігі мен орналасуы, бақылаулардың дәлдігі, тірек желісін құрғанда және түсірім кезінде аспаптардың саны және т.с.с. негізделеді және есептеледі.

Магниттік барлауды жобалағанда бақылаулар желісі, тірек пункттерінің жиілігі мен орналасуы, бақылау пункттерінің саны мен орналасуы, тірек желісін құрудағы және түсірім өндірісіндегі бақылаулардың дәлдігі және т.с.с. негізделеді.

5.6 Сынамалау.

Сынамалаудың түрлері, сынамаларды іріктеу мен өңдеудің тиімді көлемдері мен тәсілдері, типтер мен мөлшерлер бойынша сынамалардың саны (атыздың қимасы, қайырманьң тереңдігі және т.б.), бұрғылау ұңғымаларының сынамаланатын кернінің ұзындығы, бұрғылану бойынша сынамаланатын жыныстардың категориясы анықталады. Сынамалардың бастапқы және соңғы салмағы, өңдеу схемасы негізделеді. Литогеохимиялық зерттеулерді жобалауда жұмыстардың көлемі, сынамалау әдісі мен әдістемесі көрсетіледі.

Геологиялық-экологиялық зерттеулерді жобалауда гидрогеохимиялық және биохимиялық сынамалаудың көлемі мен әдістемесі негізделеді.

5.7 Зертханалық жұмыстар.

Тау жыныстарын зертханалық зерттеудің минималды қажетті кешені анықталады. Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулерде грунттар мен сулардың сынамаларын зертханалық зерттеудің көлемдері мен түрлері анықталады. Натуралды көріністегі жұмыстардың көлемдері келтіріледі (сынамалардың, үлгілердің, тілімтастардың саны). Сыртқы геологиялық бақылауға бағытталатын талдаулардың көлемдері негізделеді, зертханалық зерттеулердің ең экономикалық тәсілдері таңдалады.

5.8 Камералдық жұмыстар.

Геологиялық тапсырмаға сәйкес, жұмыстарды жүргізу барысында қандай материалдар құру керектігі белгіленеді. Далалық материалдарды өңдеудің, түсіндіру мен жүйелеудің экономикалық мақсатқа сай тәсілдері анықталады және негізделеді.

Есептің көлемі мен мазмұны, графикалық материалдардың (соның ішінде карталардың) тізімі анықталады.

5.9 Топографиялық-геодезиялық жұмыстар.

Кешендер мен жұмыстардың жеке түрлері және оларды жүргізудің қиындық категориялары бойынша міндетін, орналасуын, жүргізу әдістемесін, масштабын (түбегейлілігін), көлемін көрсетіп, жұмыстардың нақты түрлері анықталады. Графикалық материалдар тіркеледі.

5.10 ГБЖ жүргізумен техникалық байланысты ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу.

Базалық лагерьде шағын типтегі құрылыстың минималды қажетті көлемін көздеп, жұмыстарды нәтижелі жүргізу үшін қажетті: уақытша ас үй, асхана, қойма, монша, әжетхана, сынамалармен жұмыс жасауға арналған бастырмалар мен стеллаждар, автомашиналар мен ЖЖМ қоймасын орналасытуға арналған алаңды жабдықтау. Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызуға кететін шығындар далалық жұмыстар құнының 50% дейін көлемде көзделеді.

5.11 Жүктер мен партияның қызметкерлер құрамын тасымалдау.

Мұнда далалық ГБЖ мен уақытша құрылыстың сметалық құнының пайызымен жүктер мен партияның қызметкерлер құрамын тасымалдаудың бекітілген сметалық лимиттері көліктің барлық түрлері бойынша көрсетіледі.

Жүктерді тасымалдаудың тиімді схемасының негізінде тасымалдаулар жүзеге асырылатын пункттер мен олардың арасындағы қашықтықтар, қолданылатын көлік құралдары, жолдардың сипаттамасы, жүк тасымалдарының жалпы схемасы көрсетіледі. Тиеу-түсіру жұмыстарының көлемі анықталады.

6. Жер қойнауларын, қоршаған табиғи ортаны қорғау, техникалық қауіпсіздік пен санитария.

ҚР Президентінің «Жер қойнаулары туралы» Жарлығына сәйкес жұмыстарды жобалағанда қауіпсіз жер қойнауын пайдалану саласында негізгі талаптарды есепке алу қажет:

- жер қойнауларын толық және сенімді геологиялық, гидрогеологиялық және т.с.с. зерттеуді қамтамасыз ету;
- заңнаманың талаптарына сәйкес жер қойнауларын пайдалану;
- жұмыстарды жүргізгенде техникалық, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Жобада ГБЖ жер қойнауларын қорғаумен, ортаны қорғаумен, техникалық қауіпсіздікпен және санитариямен байланысты, мыналарды қамтамасыз етуі міндетті, бақылау жұмыстары мен шаралары көзделеді:

- жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтау;
- табиғи ландшафттарды сақтау және бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
- жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша заңнамамен көзделген ережелер мен нормаларды орындау.

Жұмыстардың жеке түрлеріне қатысты барлық бөлімдерде келесі мәліметтер келтіріледі: машиналарды, аспаптарды және басқа жабдықтарды таңдауды негіздеу; машиналардың еңбек өнімділігін анықтау; қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, еңбекті ғылыми ұйымдастыру бойынша шаралары; геологиялық барлау жұмыстарының барлық түрлеріне уақыт шығындарын есептеу; қызметкерлер құрамының санын есептеу; материалдарға, инструменттерге, энергияға, көлікке қажеттілікті есептеу; күнтізбелік графиктерді есептеу; камералдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Геологиялық жұмыстардың сметалық құны.

Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы қаржыландыру үшін негіз болып табылады. Геологиялық барлау жұмыстарының толық сметалық құны екі шығыннан тұрады.

– геологиялық барлау жұмыстарының өзіне, оларға жобалық-сметалық жұмыстар, далалық жұмыстарға дайындық, далалық жұмыстармен технологиялық байланысты, уақытша құрылыстарды тұрғызуды қосқанда, далалық жұмыстар, далалық жұмыстарды ұйымдастыру және жою, камералдық, баспа, тақырыптық жұмыстар, қорлар бойынша мемлекеттік және территориялды комиссияларға жүргізілген жұмыстар туралы есептерді бекіту, техникалық-экономикалық баяндамалар мен сапаларды құру, есептердің, рецензиялардың кеңестерін, сараптамаларын төлеу.

– жалғаспалы жұмыстар мен шығындарға – уақытша ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу, қар көшкініне қарсы шаралар, жүктер мен партияның қызметкерлер құрамын тасымалдау, экспедициялар, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жерді пайдалану арқылы ұжымды шаруашылықтар мен басқа жер пайдаланушыларына келтірілген залалдың орнын

толтыру, далалық үлес, өндірістік іссапарлар, сыйақылар, үстеме төлемдер, көзделмеген жұмыстар мен шығындарға арналған резервтер.

6 БӨЛІМ.

Кәсіпорынның қаржылары мен несие.

Тақырып 6.1: Қаржы және несие негіздері. Геологиялық барлау кәсіпорындарының қаржылары, олардың мемлекетпен, банктермен қатынасы.

Жоспар:

1. Қаржы және қаржы жүйесі.
2. Қаржылардың қызметтері мен қаржылық әрекеттің көздері.
3. Несие мен несие жүйесінің түсініктері.

§1. Қаржы және қаржы жүйесі.

Мемлекеттің пайда болуымен бірге, оны ұстап тұру үшін қорларды табу қажеттілігі пайда болды. Басында бұл халықтың заттай беруі болды, кейіннен, тауар-ақша қатынастарының пайда болуымен, - ақшалай төлемдерге айналды. Мемлекетті ұстап тұруға қажетті бұл ақша қорларының жиынтығы «мемлекеттік қаржы» деп аталады.

Қазіргі жағдайда мемлекеттің рөлі мен мәні жоғарлауда, соның салдарынан қоғамның оның ұстап тұруға деген шығындары жоғарлауда. Нарықтық жағдай салдарынан мемлекет келесі негізгі қаржы функцияларын орындайды:

- кері функция – ұлттың тіршілік етуін қамтамасыз ету, оның егемендігі мен ұлттық шекараларын сақтау;
- экономикалық функция – мемлекеттің басты бағыттар бойынша қоғамдық өндіріс үрдісіне қатысуы: экономикада мемлекеттік секторды жасау және басқару, экономиканы бағдарламалау және реттеу;
- әлеуметтік функция - қоғамның кедей топтарына қамқорлық көрсету және әлеуметтік қауырттылықты азайту;
- қоршаған ортаның сапасын сақтау;
- бақылау функциясы.

2. Қаржылардың қызметтері мен қаржылық әрекеттің көздері.

Кәсіпорындардың қаржылары – бұл кәсіпорындардағы ақшалай кірістер мен жинақтарды қалыптастырумен және бөлумен байланысты ақшалай қатынастар, сонымен қатар қаржылық-банк жүйесінің алдында міндеттерді орындау үшін оларды пайдалану, сонымен қатар кеңейтілген өндіріс, қызметкерлерге әлеуметтік қызмет көрсету мен материалдық ынталандыру бойынша шығындарды қаржыландыру.

Кәсіпорындардың қаржыларының арасында үш бағытты ажыратуға болады:

- коммерциялық негізде қызмет ететін кәсіпорындардың қаржылары;
- коммерциялық емес әрекетті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары;
- қоғамдық ұйымдардың қаржылары.

Коммерциялық кәсіпорындар ЖІӨ құруға, бөлу мен пайдалануға қатысады, олар материалдық өндіріс саласында қызмет етеді, онда негізінен тұтас қоғамдық өнім және ұлттық кіріс құрылады.

Кәсіпкерлік әрекеттің барысында өндірісті ұйымдастырумен, өнімді сатумен, қызметтер көрсетумен, жұмыстар орындаумен, дербес қаржы ресурстарын қалыптастырумен, қаржыландырудың сыртқы көздерін тартумен, оларды бөлумен және пайдаланумен байланысты, *қаржылық қатынастар* туындайды.

Экономикалық мазмұны бойынша барлық қаржылық қатынастарды келесі бағыттар бойынша топтауға болады:

- 1. кәсіпорынды құру сәтінде ұйымдастырушылардың арасындағы** – олар меншікті капиталды, соның ішінде жарғылық (акционерлік, қоймалық) капиталды қалыптастырумен байланысты. Жарғылық капитал өндірістік қорлар мен материалдық емес активтерді қалыптастырудың бастапқы көзі болып табылады;
- 2. кәсіпорындардың арасындағы** – өнімді өндіру мен сату бойынша; бұл жабдықтаушы мен шикізаттың, материалдарды, дайын өнімді және т.с.с. сатып алушының арасындағы қаржылық қатынастар; құрылыс ұйымдарымен, жүктерді тасымалдауда көлік ұйымдарымен, байланыс кәсіпорындарымен, кеденмен, шетелдік фирмалармен және т.с.с. қатынастар. Кәсіпорындардың арасындағы бұл қатынастар **негізгі** болып табылады, өйткені оларды тиімді ұйымдастыруға коммерциялық әрекеттің соңғы қаржылық нәтижесі тәуелді. Сонымен қатар кәсіпорындардың арасында бағалы қағаздардың эмиссиясымен (шығарумен) және орналастырумен, өзара несиелеумен, бірлескен кәсіпорындар құруда үлестік қатынаспен байланысты қаржылық қатынастар туындауы мүмкін;
- 3. кәсіпорын және оның бөлімшелерінің** (филиалдар, цехтар, бөліктер, бригадалар) **арасындағы** – шығындарды, айналыс құралдарын қаржыландыру, пайданы бөлу және пайдалану бойынша; бұл қатынастар өндірістің ырғақтылығын ұйымдастыруға ықпал етеді;
- 4. кәсіпорын және оның қызметкерлері арасындағы** – кірістерді бөлу және пайдалану, кәсіпорынның акциялары мен облигацияларын шығару және орналастыру, облигациялар бойынша % және акциялар бойынша дивидендтер бойынша төлеу, келтірілген залал үшін айыппұлдар мен өтемақыларды өндіріп алу, жеке тұлғалардан салықты ұстап қалу кезінде; бұл қатынастарға жұмысшылардың еңбек өнімділігі тәуелді;
- 5. кәсіпорын мен жоғары тұрған ұйымның арасындағы** (ФПГ, холдингтердің ішіндегі, кәсіпорын мүшесі болып табылатын, одақтармен және ассоциациялармен). Қаржылық қатынастар орталықтанған мақсатты ақшалай қорлар мен резервтерді қалыптастыру, бөлу, пайдалану кезінде, маркетингтік зерттеулер, НИиОКР, көрмелер жүргізу кезінде және т.с.с. туындайды. Бұл қатынастар кәсіпорындарды қолдауға және дамытуға бағытталған;
- 6. кәсіпорындар мен мемлекеттің қаржылық жүйесі арасындағы** – салықтар төлеу, бюджетке міндетті төлемдер, бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру, салық жеңілдіктерін беру, айыппұл санкцияларын қолдану, бюджеттен қаржыландыру кезінде;
- 7. кәсіпорындар мен банк жүйесінің арасындағы** – коммерциялық банктерде ақша сақтау, қарыз алу және өтеу, банк несиесінің % төлеу, валютаны сатып алы және сату кезінде, басқа банк қызметтері;
- 8. кәсіпорындар мен сақтандыру компанияларының арасындағы** – мүлікті, қызметкерлердің жеке категорияларын, түрлі тәуекелдерді сақтандыру;
- 9. кәсіпорындар мен инвестициялық компаниялар арасындағы** – инвестицияларды орналастыру, жекешелендіру барысында және т.б.

Қаржылық қатынастардың әр тобын қолданудың түрлі салалары мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан, олардың барлығы екіжақты сипатқа ие және олардың *материалдық негізі ақша құралдарының қозғалысы болып табылады.*

Қаржылардың негізгі қызметтері *бөлу және бақылау* болып табылады, олар өзара тығыз байланысты.

Бөлу қызметі ұйымдастырушылардың үлестері есебінен бастапқы капиталды қалыптастыру; өнім өндірісіне капитал салу, негізгі қорларды өндіру және т.б. үрдістерде жүзеге асырылады. Осылайша, фирманың келіп түсетін кірістері: жарғлықы, резервтік қорлар, жинауқтау, тұтыу қорлары және т.с.с. қалыптасады және бөлінеді. Бөлу қызметі жалпы қоғамның да, жеке кәсіпорындардың да, сонымен қатар олардың қызметкерлерінің, акционерлерінің, несиелік ұйымдардың мүдделерін қамтиды.

Бөлу қызметінің тиімділігі қаржылардың басқа қызметін – бақылау қызметін жүзеге асырусыз мүмкін емес.

Бақылау қызметі – бұл өнім өндірісі мен сатылуына шығындардың құндық есебі. Бақылау қызметін немесе қаржылық бақылауды жүзеге асырумен келесі объектілер айналысуы мүмкін:

1. *кәсіпорынның* өзі – шаруашылық әрекетті, қаржылық көрсеткіштерді, тауарлы-материалдық құндылықтарды жабдықтаушылардың алдындағы міндеттемелерді және т.б. талдаудың көмегімен;
2. *акционерлер* (және акциялардың негізгі пакетінің иегерлері) – пайда алуды және дивидендтер төлеуді бақылау;
3. *салық органдары* – салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің толықтығы мен уақытында жүргізілуін бақылау;
4. *Қаржы министрлігі* (бақылау-тексеру қызметі) – бөлінетін бюджеттік қаржылардың пайдаланылуын бақылау;
5. *коммерциялық банктер* – қарыздар алу мен қайтаруда, өзге банктік қызметтер көрсетуде;
6. *тәуелсіз аудиторлық фирмалар* – аудиторлық тексерулер жүргізуде.

Коммерциялық кәсіпорынның **қаржылық әрекетінің көздері** ішкі және сыртқы болып табылады. Ішкі көздерге жарғлық капитал, өнімді сатудан түскен түсім, сонымен қатар жеке айналыстан тыс активтерді қайта бағалаудың нәтижесінде түзілетін қосымша капитал жатады. Сыртқы көздер тартылған қаржылық құралдар (акцияларды сату), заем құралдары (ком.банктердің қарыздары), мем.бюджеттің құралдары болып табылады.

Нарықтық экономика несие мен несиелік қатынастарды жүзеге асырусыз мүмкін емес.

3. Несие мен несие жүйесінің түсініктері.

Несие – бұл қайтарымдылық пен ақылық шарттарында уақытша пайдалануға берілетін, қарыз капиталының қозғалыс формасы. Несие несие берушілер мен заем алушылардың арасындағы қатынастарды білдіреді; оның көмегімен кәсіпорындардың, халықтың, мемлекеттің ерік ақша қаражаттары шоғырландырылады; олар уақытша пайдалануға берілетін қарыз капиталына айналады.

Несие әрекеттегі кәсіпорындардың қорлар айналымының үздіксіздігін қолдау үшін қажет; өзінің негізгі қызметін – қайта бөлу қызметін атқарады; несие шаруашылық әрекетке арналған меншікті капитал жетіспегенде кәсіпорынға қажет; ол ақша массасының көлеміне және ақшаның айналым жылдамдығына ықпал етеді; өндірістің ірілендірілуіне мүмкіндік тудырады, өндіргіш күштерінің дамуын, негізгі қорлардың кеңейтілген өндірісін ынталандырады; несие фермерлік шаруашылықтардың, шағын бизнес кәсіпорындарының дамуын қамтамасыз етеді, жалпы кәсіпкерлік әрекетті дамытады.

Несие жүйесі – бұл несиелік қатынастардың, несиелеу формалары мен әдістерінің жиынтығы, бұл еркін ақша қаражаттарын шоғырландыратын және оларды қарызға беретін, несие-қаржы мекемелерінің жиынтығы.

Нарықтық экономика **несиенің келесі формаларын** көздейді:

1. *коммерциялық* – несие тауарлы формада экономикалық субъектілердің арасында (жабдықтаушы-сатып алушыға);
2. *банктік* – несие ақшалай формада банктермен және өзге несие мекемелерімен беріледі; өз кезегінде мынадай болады:
3. *ипотекалық* – мүлікті сатып алуға (немесе кепілге қойып) берілетін несие;
4. *тұтынушылық* – тауарларды сатып алу үшін халыққа берілетін несие;

5. *ауылшаруашылық* – ауыл шаруашылығын (шаруа және фермерлік шаруашылықтарды) дамытуға берілетін несиесі;
6. *коммуналдық* – қалалық жылжымайтын мүлікті кепілге беріп, қалалық шаруашылық мұқтаждықтарына берілетін несиесі;
7. *мемлекеттік* – мемлекет кәсіпорындарға, халыққа несиесі беріп, несиесі беруші ретінде де, бағалы қағаздар (облигациялар) үшін сол субъектілерден несиесі алып, заем алушы ретінде де болады;
8. *банкаралық* – банктердің бір-бірі несиеленуі;
9. *мемлекетаралық* – мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың (МВФ, ЕБРР және басқалары) қандай да бір елге несиесі беруі.

Сонымен қатар **несиенің келесі түрлері** болады:

1. заем алушылардың негізгі топтары бойынша:

а) кәсіпорындарға берілетін несиелер, б) халыққа берілетін несиелер, в) мемлекетке берілетін несиелер;

2. міндеті бойынша:

а) тұтынушылық, б) ауылшаруашылық, в) өнеркәсіптік, г) сауда, д) инвестициялық, е) бюджеттік;

3. берілу мерзімдері бойынша:

а) қысқа мерзімді (1 жылға дейін), б) орташа мерзімді (1-3), в) ұзақ мерзімді (св.3);

4. қызмет ету саласына қарай:

а) айналым капиталын сатып алуға берілетін несиесі (нағыз несиесі), б) негізгі капиталды сатып алуға берілетін несиесі (қарыз);

5. несиені қайтарудың қамтамасыз етілу дәрежесіне қарай:

а) қамтамасыз етілмеген (бланкілі), б) қамтамасыз етілген.

Несиесі қандай формалар мен түрлерде болса да, несиелік мәмілеге қатысушылар **несиелеудің негізгі қағидаларын** сақтау керек: берілетін қаржылардың жеделдігі мен қайтарымдылығы, олардың мақсатқа сай міндеті, ақылығы (өтемділігі) мен қамтамасыз етілуі, дифференциалдануы.

7 БӨЛІМ.

Кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық әрекетін есепке алу және талдау.

Тақырып 7.1: Кәсіпорындардың шаруашылық әрекетінің есебі мен статистикасы.

Жоспар:

1. Геологиялық барлау жұмыстарындағы шаруашылық әрекет есебінің мәні мен түрлері.
2. Геологиялық барлау жұмыстары статистикасының негіздері.

§1. Геологиялық барлау жұмыстарындағы шаруашылық әрекет есебінің негіздері.

Есептің жақсы қалыптасқан жүйесі – бұл нарықтық экономика жағдайларында кәсіпорынды тиімді басқарудың қажетті шарты.

Нарықтық бәсеке жағдайында кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің есебі жоспарлаумен тығыз байланысты. Шынайы жоспар объектінің жағдайын сипаттайтын, есеп мәліметтерінің негізі ретінде қолданған кезде ғана құрылуы мүмкін.

Есеп мәліметтерін талдау ұйымның әрекетін бақылауға, өндіріс резервтерін табуға, қалыпты жұмысқа кедергі келтіретін себептерді анықтауға, оларды жою шараларын белгілеуге мүмкіндік береді. Мәнісі мен жүзеге асыру әдістері бойынша есеп сенімді, уақытыл және қарапайым болу керек. Шаруашылық есептің үш түрін ажыратады:

- оперативті-техникалық;
- статистикалық;

- бухгалтерлік.

Оперативті-техникалық есеп өндірістік үрдістердің көрсеткіштерін оларды орындау барысында немесе тікелей олар аяқталған соң бекітеді. Ол мыналарды қамтиды:

1. әр объект бойынша (ұңғыма, тау-кен қазбасы, құрылыс және т.с.с.) жек ежұмысшы немесе әр бригада орындаған, физикалық көріністегі жұмыстардың барлық түрлерінің көлемдері;
2. жұмыстардың атқарылған түрлеріне, жеке үрдістерге (мысалы, ұңғыманы айналдыра қорғауға) немесе операциялар тобына (мысалы, бұрғылау снарядын көтеріп-түсіруге) кететін уақыт шығындары;
3. жабдықтардың жұмысына; тоқтап тұруға; артық жұмысқа және т.с.с.

Оперативті-техникалық есеп геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге оперативті бақылау құралы қызметін атқарады. Ол өнімділік нормаларының орындалуын және жалақының есептелуін, жұмыстардың құнын анықтаудың есебі үшін негіз болып табылады.

Оперативті-техникалық есеп арнайы құжаттамада бейнеленеді. Оперативті-техникалық есептің негізгі бастапқы құжаттары мыналар болып табылады:

- Өлшеу актісі
- Аралас және айлық рапорттар
- Атқарылған жұмыстың наряды
- Материалдардың қозғалыс карточкалары
- Диспетчерлік рапорт

Атқарылған геологиялық барлау жұмыстарын өлшеудің актілері мен анықтамалары әр айдың соңында немесе қандай да бір объектіде (тау-кен қазбасында, бұрғылау ұңғымасында, ғимаратта) жұмыстар аяқталған соң, жұмыстардың атқарылған көлемдерін өлшеудің негізінде құрылады.

Рапортта жұмыстардың атқарылған көлемдері, шарттары мен жұмыс уақытының шығындары бекітіледі. Мысалы, бұрғылау жұмыстары бойынша рапортта бекітіледі:

- партияның (экспедицияның) атауы;
- жұмыстарды жүргізу айы;
- ұңғыманың нөмірі;
- бұрғыланған метрлердің саны;
- кесімді және мерзімді төленетін жұмыстарға бөлінген, жұмыс уақытының шығындары;
- себептері көрсетілген, тоқтап тұрулардың уақыты;
- түнгі уақытта атқарылған, вахта-сағаттардың саны;
- ППР және апаттарды жоюға кететін уақыт шығындары.

Сонымен қатар (рапорттан басқа) әр ұңғымада бұрғылау журналы жүргізіледі, онда әр ауысым ішіндегі барлық негізгі мәліметтер енгізіледі. Ай аяқталған соң немесе ұңғыманы бұрғылау аяқталған соң бұрғылау журналында, станоктың айлық өнімділігін, кәсіптер бойынша жұмыс уақытының, өнімділік нормаларын орындаудың шығындарын, керн шығысының орташа пайызын, материалдардың меншікті шығынын және өзге көрсеткіштерді анықтау үшін негіз болып табылатын, қорытындылар көрсетіледі.

Тау-кен қазбасын үңгілегенде жұмыстардың көлемдері әр ауысымды бекітпейді және бұл жағдайда жұмысшылар бригадасына ай басталғанға дейін бірнеше күн бұрын наряд беріледі, онда жұмыстардың түрлері, жұмысшылар мен бригадирдің тектері, олардың кәсіптері мен тарифтік разрядтары жазылады. Нарядтың екінші бетінде жұмысты орындау бойынша нақты мәліметтер тіркеледі. Бұрғылау, тау-кен және т.б. жұмыстарға берілетін рапорттар мен нарядтар айдың аяғында оларды толтырғаннан кейін (олардың мөлшерлеуші өндеген соң) бухгалтерияға тапсырылады, ол жалақыны есептейді және түрлері мен бөлікшелері бойынша жұмыстардың құнын анықтайды.

Статистикалық есеп жалпы партия, экспедиция бойынша көрсеткіштерді тіркейді:

- атқарылған жұмыстардың физикалық және ақшалай көріністегі көлемдері;
- қызметкерлердің кәсіптері, категориялары бойынша шығындалған адам-ауысым мен адам-сағаттардың саны;

- жабдықтардың болуы мен қолданылуы;
- қызметкерлердің штаты мен оның қозғалысы (шығып кеткендер мен келгендер саны);
- өнімділік нормасын орындау;
- жалақы қорлары; қызметкерлердің категориялары мен басқа техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша орташа жалақы.

Статистикалық есепті оперативті-техникалық есептің және партияның жеке құрамының есебінің мәліметтері негізінде партияның (экспедицияның) экономисті немесе жоспаршысы жүргізеді. Статистикалық есеп ҚР статистика бойынша Ұлттық Агенттінің бекітілген формалары бойынша құрылады (айлық, тоқсандық және жылдық болады).

Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның барлық ақша қаражаттары мен материалдық құндылықтардың жағдайы мен қозғалысын бейнелейді; ақша қаражаттарымен және материалдық құндылықтармен жүргізілетін барлық операцияларды тіркейді, соның ішінде:

- қызметкерлерге жалақыны есептеу және төлеу;
- атқарған жұмыстары үшін қосалқы өндірістермен және өзге ұйымдармен есеп айырысу;
- жабдықтармен және материалдармен жабдықтаршылармен есеп айырысу;
- банктермен, бюджетпен және т.б. есеп айырысу.

Материалдық құндылықтардың қозғалысы ақшалай және натуралдық көріністе тіркеледі. Барлық бухгалтерлік операциялардың өз құжаттамасы бар. Оперативті-техникалық және бухгалтерлік есептің мәліметтері негізінде бухгалтерлік баланс құралады, ол кәсіпорынның қаржылық жағдайын, негізгі және айналым құралдарының пайдаланылуын сипаттайды. Бухгалтерлік есептің негізі оперативті-техникалық есептің, соның ішінде наряд-тапсырмалардың, атқарылған жұмыстарды өлшеу актілерінің мәліметтері, сонымен қатар мерзімді жүргізілетін мүлікті тізімге алу, яғни мүліктің іс жүзінде болуын есеп мәліметтерімен салыстыру және акт жасау болып табылады. Бухгалтерлік есеп бас (аға) бухгалтердің жетекшілігімен бухгалтерия жүзеге асырады, ал бухгалтерлік есептің формалары мен оны тапсыру мерзімдерін ҚР Қаржы министрлігі анықтайды.

§2. Геологиялық барлау жұмыстары статистикасының негіздері.

Қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстары туралы жаппай мәліметтерді жинауды, өңдеуді, талдауды және жариялауды мақсат еткен, тәжірибелік әрекеттің саласын статистика деп түсінеді; статистика деп қоғамды құбылыстардың қандай да бір саласын сипаттау немесе қандай да бір көрсеткішті территориялық бөлу үшін қызмет етқаратын сандық материалды атайды; статистка деп ерекше ғылыми пән және жоо және ооқ тиісінше оқу пәні аталады.

Статистиканың танымдық маңызы мынадан тұрады:

1. статистика зерттелетін құбылыстар мен объектілердің сандық және мазмұндық сипатын береді, шындықты бағалаудың ең сенімді тәсілі қызметін атқарады;
2. статистика экономикалық қорытындыларға дәлелді күш береді, жеке теориялық ережелерді тексеруге мүмкіндік береді;
3. статистика құбылыстардың арасындағы өзара байланыст ашу, олардың нақты формасы мен күшін көрсету қабілетіне ие болады.

ПҚК геологиясы мен іздеу, материалдың өндірістің кез келген өзге саласы сияқты, қоғамдық өндірістің негізгі бөлігі ретінде, уақытылы және сапалы статистикалық есепті қажет етеді; сонымен қатар геологиялық барлау өндірісінің мәнін бейнелейтін, маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіштер есептеледі және талданады.

Негізгі қорлар мен материалдық құндылықтар қорларының статистикасы.

Негізгі қорларды зерттеу статистикасының міндеттері мыналар болып табылады:

1. негізгі қорлардың болуын және құрамын зерттеуді бекіту;
2. негізгі қорлардың жағдайын, қозғалысы мен қолданылуын зерттеу;
3. еңбектің негізгі өндіріс қорларымен қарулануын зерттеу.

Статистикада негізгі қорлардың түрлі топтамаларын қолдану, соның ішінде:

1. өндірістік міндет бойынша;

2. материалдық өндірістің салалары және әлеуметтік-мәдени сала бойынша;
3. натуралдық-зағтық құрам бойынша.

Негізгі қорлар динамикасының статистикалық көрсеткіштерін: НӨҚ жаңару коэффициенті, НӨҚ шығу коэффициенті, НӨҚ тозу коэффициенті, НӨҚ жарамдылық коэффициенті, жабдықтар паркін пайдалану коэффициенті, ауысу коэффициенті, жабдықтардың қарқынды, экстенсивті және жалпы жүктемесінің коэффициенттері болып табылады.

Материалдық ресурстар статистикасының міндеттері мыналар болып табылады:

1. материалдық ресурстардың түзілу көздерін белгілеу;
2. материалдық ресурстардың қорларын зерттеу;
3. өндірісте материалдық ресурстардың қолданылуын зерттеу.

Материалдық құндылықтардың құрамына енеді: шикізат, негізгі және қосалқы материалдар, отын, сауыт, саймандар, инструменттер, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім (атқарылған жұмыстар).

Материалдық құндылықтар қорының көлемі мен құрылымының статистикалық көрсеткіштері мыналар болып табылады:

1. ақшалай көріністегі қорлардың болуы (лездік және орташа көрсеткіштер);
2. кәсіпорынның қорлармен қамтамасыз етілуі (күндер);
3. материалдық ресурстардың құрылымы (%);
4. өнімнің материалсыйымдылығы.

Еңбек өнімділігінің статистикасы.

Еңбек өнімділігі статистикасының міндеттері мыналар болып табылады:

1. еңбек өнімділігін есептеу әдістемелерін жетілдіру;
2. еңбек өнімділігінің өсу факторларын анықтау;
3. еңбек өнімділігінің өндіріс көлемінің өзгеруіне ықпалын анықтау.

Еңбек өнімділігі – бұл нақты тірі еңбектің нәтижелілігі, белгілі бір уақыт аралығында өнімді жасау бойынша өндірістік әрекеттің тиімділігі. Еңбек өнімділігінің статистикалық көрсеткіштері өнімділік пен еңбексыйымдылық болып табылады. Еңбек өнімділігінің деңгейі үш әдіспен бағалануы мүмкін: натуралды, еңбектік және құндық.

Еңбек төлемінің статистикасы.

Геологиялық барлау жұмыстарындағы жалақы статистикасының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. геологиялық әрекеттің түрлері бойынша жалақы қорларын зерттеу;
2. жалақының деңгейі мен динамикасын анықтау;
3. жалақының өзгеру факторларының ролін зерттеу;
4. еңбек өнімділігінің деңгейі мен орташа жалақының арасындағы қатынасты және еңбек төлемінің қолданыстағы жүйелерінің сәйкестігін зерттеу.

Геологиялық барлау өндірісі өнімінің статистикасы.

Кез келген өнеркәсіптік кәсіпорын әрекетінің мақсаты өнім өндірісі (жұмыстарды орындау) болып табылады, оның көлемі бірқатар факторларға, соның ішінде өндірістің техникалық қамтамасыз етілуіне, жұмыс кадрларымен қамтамасыз етілуіне, қолданылатын шикізат пен материалдардың саны мен сапасына тәуелді. Өнімнің көлеміне кәсіпорын жұмысының маңызды жалпылаушы көрсеткіштері байланысты: пайда және рентабельділік. Өнімнің көрсеткіштері қазіргі кәсіпорынның статистикалық көрсеткіштері жүйесінде негізгі орындардың бірін алады. Дайындық дәрежесіне қарай кәсіпорын өнімі болуы мүмкін: дайын бұйымдар, өндірістік қызметтер (өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар), жартылайфабрикаттар, аяқталмаған өндіріс.

Өнеркәсіптік өнімді есепке алу әдістері натуралды және құндық болып табылады.

Тақырып 7.2: Кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық әрекетін талдау.

Жоспар:

1. Шаруашылық қызметті талдаудың мазмұны мен міндеттері.

2. Талдау нәтижелерін пайдалану.

3. Талдауларды жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Қаржылық талдау әдістері.

§1. Шаруашылық қызметті талдаудың мазмұны мен міндеттері.

Қандай да бір объектіні, соның ішінде фирманы басқару үшін, ең алдымен, оның бастапқы жағдайы туралы, өткен кезеңдерде объекті қалай дамығаны туралы мәліметтерге ие болу қажет. Объектінің өткен шақтағы іс-әрекеті туралы, оның дамуындағы қалыптасқан тенденциялар туралы толық әрі сенімді ақпаратты алып, болашақ кезеңдердің басқару шешімдерін, бизнес-жоспарларды және өзге бағдарламаларды құруға болады. Роліне, іс-әрекет түріне, ауқымына, меншік формасына қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдарға бірдей тиісті жағдай.

Нарықтық экономика жағдайында әсіресе кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын, яғни өндірісі пен өнімді сатудың үздіксіз үрдісін қамтамасыз ете үшін, кәсіпорын ақша қаражаттарын еркін пайдалана алатын, қаржы ресурстарының жағдайын анықтау, сонымен қатар өндірістік базаны кеңейту және жаңарту бойынша шығындарды шығару өте маңызды.

Кәсіпорындардың жеткіліксіз қаржылық тұрақтылығы ұйымдардың төлем қабілетсіздігіне, ағымдағы немесе инвестициялық әрекетті қаржыландыру үшін ақша қаражаттарының жетіспеушілігіне, банкроттыққа алып келуі мүмкін, ал шектен тыс – артық қорлар мен ресурстардың пайда болуына алып келіп, капиталдың қайтарымдылық мерзімін арттырып, пайданы азайтып, дамуға кедергі болады.

Мұндай тұрақтылықты анықтауға **қаржылық талдау** мүмкіндік береді – ол осы сәттегі кәсіпорынның жағдайын көрсетеді, сонымен қатар келешекке стратегиялық шешімдерді жасауға негіз болады.

Қоғамда қалыптасатын экономикалық қатынастарға тәуелсіз, қаржылық талдау әрқашан қажет, бірақ талдаудың ерекшеліктері (яғни акценттері) бірдей емес, яғни қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тәуелді.

Осылайша, директивті басқарылатын экономикада талдау әдетте кәсіпорынның даму жоспарлары қалыптасуының алдын алды, оларды негіздеу үшін қолданылды және мемлекет бекітетін жоспарлы және статистикалық көрсеткіштер шеңберіне қатаң байланысты болды.

Нарықтық экономика жағдайында фирмалар кәсіпорынның жағдайын реттеу, бақылау үрдісінде, бизнес-жоспарлар құруда; ерекше жағдайларда қаржылық талдауды жүйелі түрде жүргізеді.

Қаржылық талдауға деген ерекше қажеттілік әрекеттегі кәсіпорынды өзгерту, қайта құру барысында, түрлендіру, акциялау үрдісінде, мемлекеттік банкрот-кәсіпорындарды қолдау және сауықтандыру (санациялау) бойынша шаралар құру кезінде пайда болады.

Басқару шын мәнінде тиімді кәсіпорындарда қаржылық талдау кез келген есепті – жылдық және тіпті тоқсандық есепті құру кезінде енгізіледі.

Кәсіпорындардың қаржылық және шаруашылық жағдайын талдау, фирма қызметінің түрлі тұрғыларын: өндірісті, мүлікті, әлеуметтік сланаы, қаржыны сипаттайтын, ақпараттың үлкен көлемін өңдеумен байланысты.

Әдетте бұл мәліметтер *бухгалтерлік есепте* болады, яғни *қаржылық талдаудың негізі бухгалтерлік есептің мәліметтерін болып табылады.*

Қаржылық талдаудың басты мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайының объективті және айқынбейнесін көрсететін, негізгі параметрлерді алу:

- пайда және шығын;
- активтер мен пассивтер құрылымы;
- дебиторлармен және несие берушілермен есептесу.

Осылайша, кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау оның даму тенденцияларын бақылауға, өндірістік-шаруашылық әрекетке кешенді баға беруге мүмкіндік береді және басқару шешімдерін қабылдау мен өндірістік әрекеттің арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады.

Талдау нәтижелерін пайдалану.

Кәсіпорындағы шаруашылық әрекетті талдау әртүрлі болуы мүмкін, ал оның нәтижелері түрлі мүдделі тұлғалар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Әдетте шаруашылық әрекетте **қаржылық есеп** пен **басқарушылық (бухгалтерлік) есепті** ажыратады.

Қаржылық есеп фирманың ішінде қолданылатын да, сыртқы мүдделі тұлғаларға хабарланатын да есептің ақпаратқа негізделеді.

Басқарушылық (бухгалтерлік) есеп өлшенетін, өңделетін және ішкі пайдалануға берілетін бүкіл есептік ақпаратты қамтиды.

Осылайша, есептің мұндай бөлінуі тиісінше талдаудың **сыртқы** және **ішкі шаруашылық** болып бөлінуін тудырады.

Сыртқы қаржылық талдауды мүдделі тұлғалар жүргізуі мүмкін. Оның негізі баспа беттерінде жарияланатын немесе бухгалтерлік баланс түрінде мүдделі тұлғаларға тапсырылатын, кәсіпорынның ресми қаржылық есебі болып табылады.

Сыртқы талдау абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерді талдаудан тұрады – пайда, рентабельділік, өтімділік, төлем қабілеттілігі, заемды капиталды пайдаланудың тиімділігі, фирманың қаржылық жағдайын жалпы талдау. Бірақ қаржылық және бухгалтерлік есепте көрсетілген, ақпараттың толымсыздығы мен шектеулігіне орай, толық талдау жасау мүмкін емес.

Сыртқы қаржылық талдау, ерекше (тікелей) қаржылық қызығушылық танытатын, мүдделі тұлғалардың сыртқы шеңбері үшін ғана қызықты: *инвесторлар, несие берушілер, жабдықтаушылар, сатып алушылар, іскерлік серіктестер*. Бұл субъектілер фирманың қаржылық есептілігінің негізінде компанияның пайдалылығы мен өтімділігі қандай, болашақтағы қаржылық перспективалары қандай, оған қаржы салудың қажеттілігі бар ма екендігі, пайыз төлеу мен қарыздарды өтеу үшін ақшасы бар ма екендігі туралы қорытындылар жасайды. Осылайша бұл ақпарат мемлекеттік органдарға, салық органдарына, инвестициялық институттарға (ЕБРР және т.б.), тауар және қор биржаларына, сақтандыру ұйымдарына пайдалы болуы мүмкін.

Ішкі қаржылық талдау кәсіпорынның мүддесі үшін жүргізіледі; оның негізінде кәсіпорынның іс-әрекетін бақылау жүзеге асырылады, соның ішінде өндірістің даму жолдары анықталады. Ішкі талдаудың мақсаттары салынған капиталдың тиімділігін, меншікті шығындарды, пайданы анықтау, негізгі және айналым құралдарын пайдалану, яғни шаруашылық әрекеттің барлық тұрғылары болып табылады. Ішкі талдау, ең алдымен, кәсіпорын үшін толық жауапкершілік артылатын, кәсіпорынның басшылығы (меншік иелері, басқарушы қызметкерлер құрамы) үшін қажет. Ішкі қаржылық талдаудың аясында екі басты қаржылық көрсеткіш ерекше зерттеледі:

- **Пайдалылық** – кәсіпорынның инвестициялық капиталды тарту үшін жеткілікті пайда алу қабілеті.
- **Өтімділік** – белгіленген мерзімдерде қарыздарды өтеу үшін жеткілікті төлем құралдарының болуы.

§3. Талдауларды жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Қаржылық талдау әдістері.

Фирманың қаржылық жағдайы өзара байланысқа түсетін, көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалынан қалыптасады; қаржылық талдау мұндай өзара қатынастар мен өзгерістерді анықтауға бағытталған. Осыған байланысты қаржылық талдаудың келесідей әдістері бар: *көлденең, тік, трендті, қаржылық коэффициенттер әдісі, салыстырмалы, факторлық*.

Көлденең (уақыт ішіндегі) талдау ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі қаржылық есептердің сәйкестігіне, яғни қозғалыстағы негізгі экономикалық көрсеткіштерді қарастыруға негізделген. Жеке-дара көрсеткіш «өлім», ол тек алдыңғы немесе келесі ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда ғана «жанданады».

Тік (құрылымдық) талдау қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын және жеке құраушылардың қорытынды көрсеткіштерге ықпалын анықтайды, осының нәтижесінде іс-

әрекеттің қандай түрі пайдалы, қайсысы пайдасыз және назарды неге шоғырландыру керектігі айқындала түседі.

Трендті талдау (даму тенденцияларын талдау) есептік кезеңнің қандай да бір экономикалық көрсеткішінің мәнін бірқатар алдыңғы кезеңдермен салыстыруға негізделген, осының нәтижесінде *тренд* – көрсеткіштер динамикасының негізгі тенденциясы анықталады. Мұнда негізінен салыстырмалы шамалар – индекстер қолданылады.

Қаржылық коэффициенттер әдісі екі абсолютті шамалар арасындағы қатынасты орнатуға және басқ кезеңдегі кәсіпорынның ұқсас көрсеткішімен салыстыратын (немесе басқа кәсіпорынмен салыстыруда), салыстырмалы шаманы есептеуге негізделген.

Факторлық талдау қорытынды көрсеткіштің қалыптасуына (ішкі және сыртқы) факторлардың жеке құраушыларының ықпалын зерттейді.

8 БӨЛІМ.

Геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық өсімі мен тиімділігі.

Тақырып 8.1: Ғылыми-техникалық өрлеу – экономикалық өсудің көзі ретінде.

Жоспар:

1. Ғылыми-техникалық үдерістің ұғымы мен мәні.
2. Ғылыми-техникалық үдерістің геологиялық барлау жұмыстарындағы бағыты.

§1. Ғылыми-техникалық үдерістің ұғымы мен мәні.

ҒТӨ – бұл ғылымды, техниканы, технологияны үздіксіз дамыту, еңбек құралдарын, өндірісті ұйымдастыру мен еңбектің қорғау формалары мен әдістерін жетілдіру үрдісі.

ҒТӨ арқасында еңбек жағдайлары жақсарады, оның мазмұндылығы артады, қоршаған ортаны қорғау жүзеге асырылады, ең соңында, адамдардың әл-ауқаты өседі. ҒТӨ елдің қорғаныс қабілетін нығайту үшін де үлкен маңызға ие.

ҒТӨ өз дамуында екі өзара байланысты формада көрінеді: *эволюциялық* және *революциялық*.

ҒТӨ эволюциялық формасы – бұл дәстүрлі техникалық құралдар мен технологияларды үздіксіз, біртіндеп жетілдіру және мұндай жетістіктерді жинақтау. Мұндай үрдіс айтарлықтай ұзаққа созылуы мүмкін. Белгілі бір кезеңде мұндай жетістіктерді жинақтау жүзеге асырылады. Бір жағынан, олар айтарлықтай тиімді, басқа жағынан - уже өндіргіш күштерді түбегейлі принципіалды өзгерту үшін (қоғамдық еңбектің жоғары өнімділігіне жету мақсатында) қажетті базаны құрайды.

Төңкерістік жағдай туындайды, ал ҒТӨ өзінің *революциялық формасында* көрінеді – өндірістің материалдық-техникалық базасында сапалық өзгерістер жүреді.

Кез келген формасында ҒТӨ өнеркәсіптік өндірісті дамыту мен қарқындатуда анықтаушы роль атқарады. Ол өндірістің барлық буындарын қамтиды: теориялық ригелі зерттеулерден, конструкторлық құрамалардан, жаңа техниканың үлгілерін жасау арқылы, оның игеру, қоғамдық өндіріске жаңа техниканы енгізуге дейін.

Өндірістің материалдық-техникалық базасы жаңарады, еңбек өнімділігі артады, тиімділік өседі.

Зерттеулер көрсеткендей, бірқатар жылдар бойы өнеркәсіптік өнім өндірісіндегі шығындарды азайту орта есеппен 2/3 ҒТӨ шараларының есебінен қамтамасыз етілді.

§2. Ғылыми-техникалық үдерістің геологиялық барлау жұмыстарындағы бағыты.

ҒТӨ негізгі бағыттары болып табылады:

- өндірістік кешенді механизациялау және автоматтандыру;

- химизация;
- өндірістің электрификациясы.

Өндірісті кешенді механизациялау мен автоматтандыру – қазіргі кезеңдегі ҒТӨ маңызды бағыттарының бірі. Бұл өндірістің барлық бөлікшелерінде машиналардың, аппараттардың, аспаптардың, жабдықтардың өзара байланысты жүйелерін кеңінен енгізу. Ол өндірістің қарқындауына, еңбек өнімділігінің артуына, өндірістегі қол еңбегінің қысқаруына, еңбек жағдайларының жеңілдеуі мен жақсаруына, өнімнің еңбек сыйымдылығының төмендеуіне мүмкіндік тудырады.

Механизация – негізінен қол еңбегін ығыстыру және ол бар буындарда (негізінен өндірісте, қолсақы, көліктік, қайта құру және т.б.) оны машиналық еңбекпен алмастыру.

Механизацияның алғышарттары мануфактуралар кезеңінде құрылған болатын, механизацияның басталуы өнеркәсіптік төңкеріспен – негізінде машиналық техника тұрған, капиталистік өндірістің фабрикалық жүйесіне көшумен байланысты.

Даму үрдісінде механизация бірнеше кезеңнен өтті: көп мөлшердегі еңбек сыйымдылықпен байланысты, негізгі технологиялық үрдістерді механизациялаудан барлық дерлік қалған технологиялық үрдістерді және ішінара қосалқы жұмыстарды механизациялауға дейін. Сонымен қатар белгілі бір диспропорция қалыптасты: қосалқы және көмекші жұмыстарда қол еңбегінің жоғары үлесінің сақталуына орай, жұмысшылардың жартысынан астамы қамтылған.

Дамудың келесі кезеңі *кешенді механизация* – мұнда қол еңбегі машиналы еңбекпен кешенді ауыстырылады, яғни негізгі технологиялық операцияларда ғана емес, қосалқы операцияларда да. Кешенділікті енгізу механизацияның тиімділігін күрт арттырады, өйткені көптеген операциялар механизациясының жоғары деңгейінің өзінде-ақ олардың жоғары өнімділігін кәсіпорында бірнеше механизацияланбаған қосалқы операциялардың болуы бейтараптандыруы мүмкін. Бірақ кешенді механизация кезінде қол еңбегі сақталады.

Механизация деңгейі көрсеткіштерге ие.

- *Өндірісті механизациялау коэффициенті:* машиналардың көмегімен өндірілген өнім көлемінің өнімнің жалпы көлеміне қатынасы.
- *Жұмыстарды механизациялау коэффициенті:* механизацияланған тәсілмен орындалған еңбек мөлшерінің (адам-сағ, норма-сағ) өнімнің берілген көлемін өндіруге шығындалған еңбектің жалпы сомасына қатынасы.
- *Еңбекті механизациялау коэффициенті:* механизацияланған жұмыстарда қамтылған жұмысшылар санының берілген бөлікшедегі (кәсіпорындағы) жұмысшылардың жалпы санына қатынасы.

Терең талдау кезінде жеке жұмыс орындарын және кәсіпорын бойынша (немесе цех, бөлікше бойынша) жұмыстардың әр түрлерін механизациялану деңгейін анықтауға болады.

Қазіргі уақытта – міндет – өндірістік және өндірістік емес сфералардың барлық салаларында кешенді механизацияны аяқтау, өйткені дәл осы қадам өндірісті автоматтандыруға көшуде анықтаушы қадам болып табылады.

Өндірісті автоматтандыру – бұл техникалық құралдардың көмегімен энергияны, материалдарды, ақпаратты алу, түрлендіру, жеткізу және пайдалану үрдістерінде адамның қатысуын толық немесе ішінара алмастыру.

Автоматизацияның келесі түрлері болады:

- *ішінара* – жеке операцияларды немесе үрдістерді қамтиды;
- *кешенді* – жұмыстардың барлық циклын қамтиды;
- *толық* – адамның тікелей қатысуынсыз жүретін үрдіс.

Кешенді автоматизация – барлық және қосалқы операцияларды автоматтандыру. Машина жасауда кешенді автоматтандырудың есебінен еңбек өнімділігі станоктардың санын 7 есе қысқартқанда 13 есе артуы мүмкін.

Өндірісті компьютерлендіру – бұл өндірісті автоматтандыру үшін ғана емес, өндірістің түрлі салаларында есептеу техникасын кеңінен қолдану.

Компьютеризация – өндірісті техникалық қайта жабдықтаудың және оның тиімділігін арттырудың негізі. Күрделі шаруашылық механизмнің қалыпты дамуы үшін түрлі буындардың арасында тұрақты ақпарат алмасу, басқарудың түрлі деңгейлерінде

мәліметтердің үлкен көлемін уақытында өңдеу қажет, ал бұл ЭЕМ қолданусыз мүмкін емес, сондықтан компьютерлендіру деңгейіне көбінесе экономиканың дамуы тәуелді.

Өндірісті химизациялау ҒТӨ басқа маңызды бағыты болып табылады – бұл өндірісті қарқындату, өнімнің жаңа түрлерін алу және олардың сапасын арттыру, еңбектің мазмұндылығын арттыру, оның жағдайларын жеңілдету мақсатында химиялық технологияларды, шикізатты, материалдарды, бұйымдарды енгізу есебінен өндірісті жетілдіру.

Өндірісті химизациялаудың негізгі бағыттары:

- жаңа конструкциялық және электроқшаулаушы материалдар енгізу;
- синтетикалық шайырлар мен пластмассалардың тұтынылуын кеңейту;
- прогрессивті химиялық-технологиялық үрдістерді енгізу;
- арнайы қасиеттері бар түрлі химиялық материалдарды шығаруды кеңейту және қолданылуын арттыру.

Химизация өнеркәсіптің шикізат базасын кеңейтеді – осылайша өндіріс тиімділігі арттыруға және табиғи минералдық ресурстарды үнемдеуге алып келетін, шикізаттың, материалдардың, отынның көптеген түрлері жасанды жолмен алынады. Өндірісті химизациялаудың есебінен технологиялық үрдістер айтарлықтай жеделдейді, үздіксіз бола түседі, бұл өндірісті кешенді механизациялау үшін, яғни әсерді күшейту үшін алғышарт болып табылады. Химиялық-технологиялық үрдістер өндіріс тәжірибесіне кеңінен енгізіледі; бұл: электро- және термохимиялық үрдістер; қорғанысжәне сәндік жабындар салу; материалдарды химиялық құрғату және жуу және т.б.

Өнеркәсіпті электрификациялау – ҒТӨ маңызды бағыты және ҒТӨ барлық басқа бағыттары үшін негіз. Электрификация – бұл технологиялық үрдістерді қуаттандыру, өндіріс барысын басқару және бақылау құралдарының көзі ретінде электр энергиясын кеңінен енгізу үрдісі. Өндірісті электрификациялаудың негізінде өндірісті кешенді механизациялау мен автоматтандыру жүзеге асырылады, дәл осы электрификация қол еңбегін машиналық еңбекпен алмастырады.

Материалдарды және т.б. материалдарды (дәстүрлі механикалық тәсілдермен салыстырғанда) өңдеудің электрофизикалық және электрохимиялық әдістері маңызды артықшылықтарға ие. Олар күрделі геометриялық формадағы, дәл мөлшердегі, бетінің кедір-бұдырлығының кейбір параметрлері бар және басқа берілген қасиеттері бар бұйымдарды жасауға мүмкіндік береді. Әсіресе технологиялық үрдістерде лазерлі техниканы қолдану тиімді деп есептеледі. Лазерлер материалдарды кесу, дәнекерлеу, бұрғылау, термоөңдеу үшін кең қолданылады.

ҒТӨ тиімділігі – бұл әсер мен қол жеткізуге кеткен шығындардың қатынасы. ҒТӨ шараларының экономикалық тиімділігінің көрсеткіші ресурстардың жиынтық шығындарының құн бағасынан нәтижелерді құнды бағалаудың артуы ретінде анықталады.

Тақырып 8.2: Күрделі қаржы жұмсау мен геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі.

Жоспар:

1. Күрделі қаржы жұмсаудың ұғымы мен маңызы. Олардың жіктелуі.
2. Күрделі қаржыны салу тиімділігінің негізі мен критерийлері.
3. Геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігі.

§1. Күрделі қаржы жұмсаудың ұғымы мен маңызы. Олардың жіктелуі.

Негізгі қорлардың кеңейтілген өндірісінде жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындарды тұрғызуға, әрекеттегі өнеркәсіптік кәсіпорындарды кеңейтуге және реконструкциялауға, ғимараттар мен құрылыстар салуға, технологиялық жабдықтарды құрастыруға, оны жаңарту мен

модернизациялауға, территорияны жоспарлау мен жабдықтауға, теміржолдар мен автокөлік жолдарын салуға, желілер жүргізуге үлкен роль тиісті. Негізгі қорлардың кеңейтілген ұдайы өндірісіне бөлінетін құралдарды *күрделі қаржы жұмсау* деп атайды.

Күрделі қаржы жұмсау бірқатар экономикалық белгілер бойынша жіктеледі.

Өндірістік міндеті бойынша күрделі қаржы жұмсау өндірістік және өндірістік емес қорларды құруға арналған қаржыларға бөлінеді. Өндірістік негізгі қорларға өндірістік ғимараттар мен құрылыстар, жеткізу құрылғылары, күш жұмсау машиналары мен жабдықтар, өлшеу аспаптары мен реттеуші құрылғылар, зертханалық жабдықтар, көлік құралдары, инструменттер, өндірістік және шаруашылық мүлік жатады. Өндірістік емес негізгі қорларға тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықтың, ғылым, ағарту, өнер, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерінің, әкімшілік және қоғамдық ғимараттардың негізгі қорлары жатады.

Жүзеге асыру мерзімдері бойынша күрделі құрылыс аяқталған және аяқталмаған болып бөлінеді. Бұл бөлу объектілерді қолданысқа енгізуді жоспарлау, сонымен қатар өтпелі құрылыс пен болашақ кезеңге қажетті заделды қамтамасыз ету үшін, үлкен маңызға ие.

Түрлері бойынша күрделі құрылыс жаңа құрылыс, әрекеттегі кәсіпорындарды кеңейту мен реконструкциялау және қалпына келтіру жұмыстары болып бөлінеді. Жаңа құрылысқа бастапқыда бекітілген жоба мен смета бойынша жүзеге асырылған құрылыс, кеңейту мен реконструкцияға – жабдықтарды модернизациялау мен ауыстыруды қосқанда, әрекеттегі кәсіпорындарда бар цехтар мен агрегаттарды кеңейту мен қайта құру, жаңаларын тұрғызу жатады.

Орындау тәсілі бойынша күрделі жұмыстарды шаруашылық және мердігерлік тәсілдермен орындалатын жұмыстарға бөледі. Күрделі жұмыстарды орындаудың шаруашылық тәсілінде құрылыс арнайы құрылыс ұйымын (мердігерді) тартусыз тікелей жүзеге асырылады. Бұл құрылыстың шағын көлемінде ғана мүмкін. Мердігерлік тәсілде құрылысты әрекеттегі құрылыс ұйымдары орындайды, оларда бұл мақсатта қажетті материалдық-техникалық база және құрылысшылардың тұрақты кадрлары бар.

Күрделі жұмыстардың технологиялық құрылымы бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстарына қаржы жұмсауды, жабдықтар мен өндірістік мүлікті сатып алуды, жобалық-ізденесі жұмыстарын ажыратады. Сонымен қатар, геологиялық барлауда күрделі қаржы жұмсаудың технологиялық құрылымында мұнай мен газға терең барлап бұрғылауға жұмсалатын қаржылар айтарлықтай бөлігін құрайды.

§2. Күрделі қаржыны салу тиімділігінің негізі мен критерийлері.

Күрделі қаржы жұмсау – қоғам ғылым жасаған әсерге жету үшін қажетті, ғылым мен өндірістің арасындағы аралық буын. Күрделі қаржылар тиімділігінің табиғаты қоғам ие болатын өндіріс құралдары, өндірістің орташа жағдайларында қолданылатындарға қарағанда, жоғары техникалық деңгейге ие екенін білдіреді. Жаңа жетілген техника (жаңа жетілген технология сияқты) қысқа мерзімде еңбек шығындарының әр бірлігіне өнімнің максималды мүмкін шығарылымын алуға мүмкіндік береді. Қоғамдық еңбектің ең аз шығындарында ең жоғары нәтижелерге жету күрделі қаржы жұмсаудың экономикалық тиімділігін сипаттайды.

Өндірістің экономикалық тиімділігі көптеген формалардан – еңбек өнімділігінің артуынан, өнімнің қор-, материал- және энергиясыйымдылығынан, оның сапасын жақсартудан және т.б. көрінеді.

Жаңа техниканың әлеуметтік тиімділігі еңбек жағдайларының жақсаруымен, қол еңбегінің қысқаруымен, қоршаған ортаның сауығуымен, бос уақыттың артуымен, кадрлардың білім деңгейінің артуымен, өмір жағдайларының жақсаруымен және т.с.с. сипатталады.

Күрделі қаржы жұмсаудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері.

Күрделі қаржы жұмсаудың экономикалық тиімділігі туралы дұрыс түсінікті (құндық және натуралдық) *көрсеткіштер жүйесі* бере алады, олардың ішінде қоғамдық еңбек шығындарының жалпы (абсолюттік) және салыстырмалы тиімділігі негізгі болып табылады.

Күрделі қаржы жұмсаудың жалпы (абсолюттік) тиімділігі,

көрсеткіштері мен оны есептеу әдістері.

Жалпы (абсолюттік) тиімділік жеке объектілер мен салаға күрделі шығын жұмсаудың нәтижесінде алынатын, қайтарымның (әсердің) жалпы шамасын сипаттайды.

Күрделі қаржы жұмсаудың жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділігі келесі көрсеткіштер бойынша анықталады.

Жалпы қоғамдық өндіріс және жеке ірі салалар бойынша:

$$\mathcal{E} = D : K ,$$

мұнда \mathcal{E} – күрделі қаржы жұмсаудың жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділігі, ақша бір.; D – ұлттық кірістің жылдық көлемінің өсімі, ақша бір.; K – материалдық өндіріс саласына күрделі қаржы жұмсау, ақша бір.

Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының жеке салалары бойынша:

$$\mathcal{E} = P : K ,$$

мұнда \mathcal{E} – күрделі қаржы жұмсаудың жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділігі, ақша бір.; P – жоспарланған кезеңдегі жалдық пайданың өсімі, ақша бір.; K – өндірістік міндеттегі объектілердің құрылысына күрделі қаржы жұмсау, ақша бір.

Жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар, цехтар, объектілер мен жеке шаралар мен техникалық-экономикалық мәселелер бойынша:

$$\mathcal{E} = (C - S) : K \text{ немесе } \mathcal{E} = P : K ,$$

мұнда \mathcal{E} – күрделі қаржылардың жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділігі, ақша бір.; C – (жоба бойынша) өнімнің жылдық шығарылымының құны, ақша бір.; S – өнімнің жылдық шығарылымының өзіндік құны, ақша бір.; P – пайданың жылдық көлемі, ақша бір.

Геологиялық өндіріс бойынша: $\mathcal{E} = (C_1 - C_2) : K ,$

мұнда \mathcal{E} – күрделі қаржы жұмсаудың жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділігі, ақша бір.; C_1 және C_2 – тиісінше шараны өткізгенге дейінгі және одан кейінгі өнімнің жылдық шығарылымының өзіндік құны, ақша бір.;

K – өзіндік құнның төмендеуінен үнемдеуді тудырған, жаңа техникаға күрделі қаржы жұмсау, ақша бір.

Жалпы экономикалық тиімділіктің көрсеткіштері тиісті нормативтермен сәйкестендірілуі керек. Егер жалпы (абсолюттік) тиімділіктің алынған коэффициенттері нормативтерден төмен болмаған жағдайда, күрделі қаржы жұмсаудың бағыттары экономикалық тиімді деп есептелуі мүмкін. Жалпы (абсолюттік) экономикалық тиімділікті есептеген кезде өзіндік құнның төмендеуінен пайданың өсуі немесе үнемдеудің есебінен күрделі қаржы жұмсаудың жалпы көлемдерінің қайтарымдылық мерзімдерін анықтайды. Күрделі қаржы жұмсаудың қайтарымдылық мерзімі жалпы (абсолюттік) тиімділік көрсеткішіне кері шаманы білдіреді:

$$T = K : P ,$$

мұнда T – күрделі қаржы жұмсаудың қайтарымдылық мерзімі (жыл).

Күрделі қаржы жұмсаудың салыстырмалы экономикалық тиімділігі.

Күрделі қаржы жұмсаудың салыстырмалы экономикалық тиімділігін техниканың жаңа түрлерін енгізу, жаңа кәсіпорындар салу немесе әрекеттегі кәсіпорындарды реконструкциялау бойынша шаруашылық немесе техникалық шешімдердің нұсқаларын салыстыру үшін есептейді. Салыстырмалы экономикалық тиімділік бір нұсқа екіншісінен қаншалық тиімді екендігін және таңдалған нұсқаның тиімділік дәрежесі қандай екенін көрсетеді.

Күрделі қаржы жұмсаудың салыстырмалы экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіші тиімділік нормативіне сәйкес бірдей өлшемділікке келтірілген, біржолғы күрделі қаржы жұмсау мен (өзіндік құнның) ағымдағы шығындардың сомасын құрайтын, келтірілген шығындардың минимумы болып табылады:

$C_i + E_n K_t - \min$, мұнда K_t – i -нұсқасы бойынша күрделі қаржы жұмсау

C – сол нұсқа бойынша жыл ішіндегі өнімнің өзіндік құны.

Енгізген кезде ең аз күрделі қаржы жұмсау өнімнің ең төмен өзіндік құнын қамтамасыз ететін нұсқа экономикалық ең тиімді болып есептеледі.

Келтірілген шығындардың көрсеткішін жылдық экономикалық әсерді анықтау үшін қолданады. Жылдық экономикалық әсер \mathcal{E}_T таңдалған нұсқа бойынша мына формуламен анықталады: $\mathcal{E}_T = [(C_1 + E_n K_1) - (C_2 + E_n K_2)] B_2$,

мұнда C_1 және C_2 – нұсқалар бойынша өнім бірлігінің өзіндік құны, ақша бір.;

K_1 және K_2 – нұсқалар бойынша меншікті күрделі қаржы жұмсау, ақша бір.;

B_2 – таңдалған (екінші) нұсқаға сәйкес келетін, өндірістің жылдық көлемі, натуралды бірліктер.

§3. Геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігі.

Геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігінің критерийі қоғамдық еңбек өнімділігінің деңгейі болып табылады. Геологиялық барлау өндірісінде бұл көрсеткіш жоғары болған сайын, тиісінше, пайдалы қазбаларды анықтау мен барлау өндірісінің қоғамдық шығындары төмен болған сайын, геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігі соншалықты жоғары. Геологиялық барлауда қоғамдық еңбек өнімділігіне ғылыми-техникалық өрлеу, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырудың жетілгендігі және көптеген басқа факторлар ықпал етеді. Алайда жерлердің табиғи жағдайлары мен осы жағдайларды геологиялық танып білудің ғылыми деңгейі үлкен маңызға ие. Егер кенорын қолайлы экономикалық-географиялық жағдайларда болса, жеңіл шығарылатын және өңделетін, бай пайдалы қазбалардың үлкен қорлары болса, геологиялық барлау жұмыстары олардың жүргізілуін ұйымдастырудағы күрделі кемшіліктерге қарамастан, экономикалық тиімді болады. Егер кенорнында пайдалы қазбаның өнеркәсіптік қорлары болмаса, оны іздеу мен барлау, қаншалықты жақсы жүргізілгенмен, ешбір өнеркәсіптік әсер бермейді.

Геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігіне геологиялық қызметтің іс-әрекетіне тәуелді емес, объективті себептер ықпал етеді. Оларға жататындар: әдетте, тауар өнімін игеру шығындарын азайтатын және пайдалы қазбаларды пайдаланудың рентабельділігін қамтамасыз ететін, пайдалы қазбаларды шығару мен өңдеу технологиясын жетілдіру; пайдалы компоненттерге көтерме бағаларды арттыру; кенорын ауданының экономикасын жақсарту және т.б. Мұндай себептердің ықпалынан өнеркәсіптік кенорын өнеркәсіптіктер қатарына көшірілуі мүмкін, ал геологиялық барлау жұмыстары шамалы тиімдіден тиімдіге айналады. Осыған байланысты геологиялық барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі мыналарды есепке алу керек: барланған қорлардың табиғи жағдайын, пайдалы қазба кенорындарын анықтау мен барлаудың ғылыми деңгейін, тәсілдері мен құралдарын; минералды шикізатты пайдаланудың өнеркәсіптік деңгейін және оны қайта өңдеу өнімдерінің ағымдағы бағаларын.

Алдын ала және түбегейлі барлау сатыларындағы барлау жұмыстарының экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштері болып табылады:

- барлану категориялары бойынша пайдалы қазбалардың барланған қорларының саны мен сапасы;
- геологиялық барлау жұмыстарының шығындарының 1 ақша бір. тоннамен немесе өзге (массалық немесе көлемдік) бірліктермен берілген, барланған пайдалы қазба қорларының өсімі;
- қорлардың 1 т барлаудың меншікті шығындары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Азроянц З.А., Борисович В.Г. Геологиялық барлау жұмыстарының экономикасы, ұйымдастырылуы мен жоспарлануы – М.: Недра, 1992 ж.
2. Бахчисарайцев А.Н., Синягин Г.П. Геологиялық барлау жұмыстарының экономикасы, ұйымдастырылуы мен жоспарлануы – М.: Недра, 1981 ж.
3. Бендина Н.В. Экономикалық статистика – М.: Приор, 1999 ж.
4. Веснин В.Р. Менеджмент негіздері – М.: Триада, 1996 ж.
5. Винниченко В.М. Геологиялық барлау жұмыстарының экономикасы, ұйымдастырылуы мен жоспарлануы – М.: Недра, 1995 ж.
6. Гирусов Э.В. Табиғатты пайдаланудың экологиясы мен экономикасы – М: Закон и право, 1998 ж.
7. Горфинкель В.Я. Кәсіпорын экономикасы – М.: Банки и биржи, 1998 ж.
8. Грузинов В.П. Кәсіпорын мен кәсіпкерлік экономикасы – М.: СОФИТ, 1994 ж.
9. Егорин П.Г. Геологиялық барлау жұмыстарының статистикасы – М.: Недра, 1981 ж.
10. Иванцевич Дж.М., Лобанов А.А. Басқарудың адами ресурстары – М.: Дело, 1996 ж.
11. Кобахидзе Л.П. Геологиялық барлау саласының экономикасы – М.: Недра, 1990 ж.
12. Котлер Ф. Маркетинг негіздері – М.: Прогресс, 1990 ж.
13. Мамедов О.Ю. Қазіргі экономика – Ростов-на-Дону: Феникс, 1995 ж.
14. Менар К. Ұйымдар экономикасы – М.: Инфра-М, 1996 ж.
15. Минаева Н.В. Экономика және кәсіпкерлік – М.: Владос, 1996 ж.
16. Назарова З.М. Геологиялық барлау жұмыстарын басқару, ұйымдастыру және жоспарлау – М.: Высшая школа, 2003 ж.
17. Пилипенко Н.Н., Татарский Е.Л. Маркетинг негіздері – М.: «Маркетинг», 2002 ж.
18. Рузавин Г.И. Нарықтық экономика негіздері – М.: Банки и биржи, 2005 ж.
19. Трускова Т.М., Трускова Л.В. Қаржы және несие – М.: «Маркетинг», 2001 ж.
20. Маркетинг. Проф. Э.А. Уткиннің редакциясында – М.: Экмос, 1998 ж.
21. Салық кодексі – Алматы: Юрист, 2009 ж.
22. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – Алматы: Бико, 2008 ж.